



КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

VТОР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӨНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

**ЕЛМЕН СЫРЛАСУ**

СӨЗДЕР, СҮХБАТТАР

V ТОМ



KULTEGIN

АСТАНА

2009

УДК 323 /324(574)

ББК 66.3

Н

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару бағдарламасы»*

Жобаның авторы: **М. ЖОЛДАСБЕКОВ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: **М. ҚАСЫМБЕКОВ,**  
саясат ғылымдарының докторы

Н 86 Нұрсұлтан Назарбаев: **ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** – Астана: «Құлтегін»  
баспасы, 2009. Т. 5 – 288 б.  
ISBN 9965-642-30-3

"Елмен сырласу" – Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың қоғамдағы, саясат пен экономикадағы, жаһандық ахуалды талдаудағы алатын орнын, халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы екендігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясындаған жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрегендігін, өзегерден ерекшелейтін тосын идеялар мен ұсыныстарға, орнықты ойларға кемел қасиеттерін, қажырлы қайраткерлігін ашып көрсететін көп томдық басылым.

Бесінши томга 1993 жылдың алғашқы жартысындағы тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш Конституциясының қабылдануы, Жоғарғы Кеңесте Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасының бекітілуі, Қазақстанның Давостағы халықаралық экономикалық форумға қатысуы және Ордабасыдағы Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан басшыларының тарихи кездесуі, ондағы Президент Н. Назарбаевтың сейлекен сөздерінің мәтіндері енгізілген.

Елбасының сейлекен сөздерінің негізгі мазмұны жас тәуелсіз мемлекеттің ішкі проблемаларын айқындаиды.

Қалыптасқан ахуалдағы Президенттің және оның командасының қызметі туындаған проблемаларды шешудің, өмірді түбектерлі жаңғыртудың жаңа белестеріне жетудің жолдарын анықтап, қоғамның материалдық, рухани, идеялық, саяси құндылықтарын жетілдіру, Қазақстан халқының өзара ынтымақтастыры, тәң құқықтылығы, азаматтық көлісімді, қазақстандық патриотизмді және жаңаша ойлайтын әлеуметтік институттарды қалыптастыру мәселелеріне бағытталған.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оку орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

Н 0803010400 - 020 - 09  
00(05) 09

УДК 323 /324(574)  
ББК 66.3 (5Каз)

ISBN 9965-642-30-3

© «Құлтегін» баспасы, 2009



Современные языки тоже химии... — в своем языке опицуют функции химической системы в ее самой сущности, то есть каким химическим явлениям, процессам и явлением химии соответствует какое-либо химическое языковое понятие, то есть каким химическим явлениям, процессам и явлением химии соответствует какое-либо химическое языковое понятие.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ  
ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

*Алматы, 31 желтоқсан 1992 жыл*

**Қымбатты отандастар!**

Қасиетті табалдырығымыздан жаңа ғана аттаған 1993 жылмен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Әрине, өткен жылмен қоштасып отырған осы сәттегі күрделі сезімдерді бірер сөзben айтып жеткізу мүмкін емес.

Біздің әрқайсымыз, Қазақстан кәсіпорын-ұжымдарының көпшілігі оның қыындықтарын толығымен бастан кешірдік. Иә, мұның бәрі болды. Оның объективті де, сондай-ақ субъективті де себептерін тізіп беруге болар еді. Алайда, "бәрі болды" деген сөзді айтып отырғаным тегін емес. Бұл орайда мен қырсық атаулының бәрі Жаңа жыл сағатының соғуымен бірге артта қалады деп те отырғаным жоқ. Өмірде бұлай болмайды, кешегі мен келешектің арасына шек қою мүмкін емес.

Сондай-ақ, өткен уақытқа да тек бір жақты, сүргылт бояу жаға берудің де жөні жоқ. Оның үстіне өткен жылда жақсылықпен еске алар сәттер жетерлік болды, ескі жыл уақыт көшіне із-түзсіз сіңіп кетпейді, текке өмір сүргеніміз жоқ деп санауға негіз бар.

1992 жыл біздің зердемізде, біздің тарихымызда жас мемлекетіміздің шынайы егемендік, тәуелсіздік алған жылы ретінде жаңғырып қалады, мұны біздің мақтан тұтуға толық хақымыз бар. Қазақстан Республикасын дүниенің жүзден астам елі ресми таныды, аса беделді халықаралық ұйымдарға толық хұқылды мүше болып кірдік. Біздің бейбітшілік, ядролық қауіп-қатерді жою жолында жүргізген күрестегі күш-жігерімізді әлем жұртшылығы танып отыр.

Бұл – демократияны дамытуды өзіне негізгі бағдар етіп алған ішкі және сыртқы саясатымыздың жемісі.

Өткен жылы мемлекетіміздің нышандары – Елтаңбасы, Туы мен Гимні дүниеге келді, тарихымыз берін мәдениетімізді жаңғырту, біз үшін мұлде жаңа қоғамның заңдылық негіздерін дамыту бағытында маңызды қадамдар жасалды. Соның бір айғағы – Бүкіл дүние жүзі қазақтарының Құрылтайы

\*"Егемен Қазақстан", 1 қаңтар 1993 жыл.

өтті, ата жұртынан ажырап қалған қандастарымыз туған топырағында бастарын қости.

Кейбір жетіспел жатқан тұстарына қарамастан, республикамызда реформалар мұның алдындағы жылдармен салыстырганда анағұрлым нәтижелі түрде жүзеге асырыла бастады. Жекешелендіру белсенді жүргізіліп, нарықтық құрылымдар пайда бола бастады. Олар тиімділікпен жұмыс істеуде, демек, ертеңгі күні тауарлар мен азық-түлік түрлері қебейе түспек.

Мұндай сындарлы өзгерістердің ең басты алғышарты, әлбетте, сіздердің әрқайсыларының – рекордтық өнім жинаған дикандарымыздың, жұмысшыларымыз бен қызметшілеріміздің, кәсіпкерлердің, ғылым, білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен тұрмыстық сала қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, біздің жастарымыз бен ардагерлеріміздің күнделікті еңбегі. Бір сөзben айтқанда, бұл бүкіл қазақстандықтардың еңбегі. Оларға бүтін мен өзімнің шынайы алғысымды арнаймын.

Әткен жылдың басқа тұргыдан да есте қаларлықтай болғанын үлкен қанағат сезіммен атап көрсеткім келеді: қоғамымызда реформалар алға баса береді, ендігі жерде әткенге қайтып оралмаймыз деген туралы түсінік қалыптасты. Мұның өзі санадағы бұрынғы екпіннің әсері бітіп келеді, яғни бұдан былай алға басқан қадамымыз кері кетпейді, бір орнымызда тұралап қалмай, ілгері жылжитын сәтіміз жақын деген сөз. Жаңа жылда біз қоғамды жаңғырту жолымен батыл алға баса беру ниетіндеміз.

Қалай болғанда да, әткен жылдың басты жемісі – біздің ортақ шаңырағымызда азаматтық бітімшілік пен ұлттық татулығымызды сақтап қалуымызда. Сөйтіп, әр адамның ең алдымен тәуелсіз егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасының азаматы ретінде өзінің жаңа сапасын, өзінің жаңа күйін пайымдау процесі қыын да болса ілгері жылжып келеді. Біздің әрқайсымыз: осы топырақтың төл перзенттері де, осы жерді өзінің туған жері деп санайтындар да Отанға деген ыстық сезімін жаңаша парықтай бастады. Республикада тұрып жатқан барлық халықтар арасындағы өзара түсіністік пен өзара сенімді нығайту жолдары іздестірілуде және бұл жолда нәтижелер де жоқ емес. Менің пікірімше, әткен тәжірибеліден қорытқанымыздың, жаңасынан игергеніміздің ішіндегі ең бағалысы – бір ұлтты кемсіту есебінен басқа бір ұлтты асқақтатуға болмайтынын танып-білуімізде болса керек.

Бүгінгі болмысымыз осы шүбәсіз ақиқатты растайтын көптеген дәлелдерді алға тартып отыр. Бұл үшін айналамаызға, алыс және таяу шетелдерге көз салсақ жетіп жатыр. Әр жерлерде күн сайын ондаған, тіпті жүздеген адам өмірін қыып кетіп жатқан қақтығыстардың ошақтарын көрген кезде жүрегің сыйдайды. Дәл осындай сезімді әркімнің де бастан кешіп жүргенінде күмән жоқ. Тынысың тарылғанда ауаның қадірін білерсің, қантегісті көргенде бейбіт күннің бағасын білерсің, – деген сөз рас. Сондықтан да татулық пен

тыныштық республикамыздың басты байлығы екенін бір сөтке де естен шығармайық, оны ортақ күш-жігермен ғана сақтап, нығайтуға болатынын ұмытпайық.

Біз тұсауы кесілген Жаңа жылға ізгі үмітпен қараймыз және республика-мымыздың демократиялық, гүлденген, көркейген мемлекетке айналатынына да сеніміміз мол. Бұл жолды біз өзіміз таңдал алдық, осы жолмен алға баса бермекпіз. Еліміздің тұнғыш Конституциясын қабылдау, экономикада жаңа бағдарламаны іске ассыру 1993 жылдың маңызды оқиғалары болмақ.

Қымбатты жерлестерім, сіздерді Жаңа жылмен тағы да құттықтауыма, сіздерге және сіздердің туған-туысқандарыңызға тыныштық, бақыт, денсаулық, иғі істеріңізге табыс тілеуімे рұқсат етініздер!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
"ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН" ГАЗЕТИНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ  
ӘБІШ КЕКІЛБАЙ МЫРЗАНЫ  
ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*Алматы, қаңтар 1993 жыл*

**Құрметті Әбіш Кекілбайұлы!**

Тәуелсіз мемлекетіміздің иглігіне өзінізбен бірге жан аямай қызмет етіп жүрген жандардың бәрін, қаламдастарының берілген жаңа 1993 жылымен шын жүректен құттықтаймыз!

Баршаңыздың дендеріңіздің сау, еңбектеріңіздің жемісті, қуаныштарыңыздың мол болуына деген ізгі тілекtestігімді қабыл алыңыз.

---

\* "Егемен Қазақстан", 1 қаңтар 1993 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ КЕЛІП ТҮСКЕН  
ҚҰТТЫҚТАУЛАРҒА ДЕГЕН АЛҒЫСЫ \***

---

*Қаңтар 1993 жыл*

Республика басшылығы атына Тәуелсіздік күніне орай құттықтау жолдаған Қазақстанның, ТМД мемлекеттерінің, шетелдердің барлық азаматтарына, ресми адамдарына, еңбек ұжымдарына, қоғамдық ұйымдарына, саяси қозғалыстары мен партияларына шынайы алғыс сезімімді білдіремін.

Республика халықтарының форумын мерекелеу және өткізу кезінде айқын көрінген бірігу, ұлтаралық татулық, достық сезімдеріне барлық қазақстандықтар, біз үшін осы айтулы күнде жүреюкарды сөздерін айтқан барлық адамдар толығымен ортақ екеніне кәміл сенемін.

---

\* "Егемен Қазақстан", 5 қаңтар 1993 жыл.

**БЛАГОДАРНОСТЬ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ЗА ПОЗДРАВЛЕНИЯ С ДНЕМ НЕЗАВИСИМОСТИ**

---

**Январь 1993 года**

Выражаю искреннюю благодарность всем гражданам, официальным лицам, трудовым коллективам, общественным организациям, политическим движениям и партиям Казахстана, государств СНГ, зарубежных стран, направивших в адрес руководства республики поздравления с Днем независимости.

Глубоко убежден, что чувства единения, межнационального согласия, дружбы, ярко проявившиеся во время празднования и проведения форума народов республики, в полной мере разделяют все казахстанцы, все те, кто высказал теплые слова в знаменательный для нас день.

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ВСТРЕЧЕ С РАБОТНИКАМИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО  
КОМПЛЕКСА РЕСПУБЛИКИ**

---

*Алматы, 12 января 1993 года*

...Истекший год был больше организационным, чем реформаторским. Но, несмотря на это, преобразовалась пятая часть предприятий АПК, а структуры с негосударственными формами собственности. Создано свыше 4,5 тысячи крестьянских хозяйств. Их число практически удвоилось, чему в немалой степени способствовало выделение специального земельного фонда для желающих работать самостоятельно.

В таких хозяйствах сосредоточено около пятидесяти тысяч коров и одного миллиона овец. Наращивается производство продукции в личных подсобных хозяйствах сельских тружеников, владеющих половиной всего дойного стада республики и пятой частью овец.

И все же нельзя не признать, что реформы идут медленно. Мешают груз прошлого, инертность, невосприимчивость к нововведениям многих руководителей и самих тружеников хозяйств. Видимо, есть огрехи и в методике преобразований, законодательных актах, которые нужно устраниć, сняв все помехи на пути реформ. Правильно поступают руководители, являющиеся активными их сторонниками, опираясь на инициативу и старательность тружеников. Этому примеру должны следовать все.

Я за то, чтобы предоставить помощь прежде всего тем 3,5 миллиона человек, которые получают минимальные доходы и более всего в ней нуждаются. Но без дотирования не может жить и аграрный сектор. В прошлом году ему выделено из бюджета 18,3 миллиарда рублей, а ныне намечается уже 84 миллиарда. Однако есть немало совхозов, где этими средствами покрывают бесхозяйственность и впредь вряд ли по-настоящему возьмутся за дело, за реформы.

В условиях роста цен на энергоносители, оборудование и машины никакая дотация не спасет от банкротства хозяйства, получающие невысокие урожая, надои и привесы. И, безусловно, их выживаемость, а также перерабатывающих и обслуживающих предприятий существенно повысится,

---

"Казахстанская правда", 14 января 1993 года.

если всерьез взяться за реформирование производства и изо дня в день поднимать его эффективность.

Сейчас ситуацию облегчает рекордный урожай зерновых, выращенный в 1992 году, ожидаемая чистая прибыль от его реализации – 61,3 миллиарда рублей. Как известно, при отпуске закупочных цен на зерно было предусмотрено расчеты с хозяйствами провести по этапам, что позволило обойтись имеющимися кредитными ресурсами и не допустить резкого повышения цен на хлебобулочные изделия.

Теперь начинается третий этап в оплате принятого урожая. Идет реализация зерна за пределы республики. Как договаривались, вся полученная от этого выручка будет возвращена хозяйствам – деньгами или заявленной техникой, оборудованием, удобрениями. Я предлагаю использовать излишнее зерно, которого имеется сейчас в хозяйствах три миллиона тонн, в качестве опоры для ускорения экономических и структурных реформ.

Правительство рекомендует регионы, куда следует отгружать хлеб, и называет квоту. Хозяйства, определив объемы товарного зерна, могут заключить договоры с посредниками – организациями "Казхлебопродукта", торговыми домами, биржами или напрямую с потребителями при единственном и непременном условии – реализационные цены должны быть не ниже согласованных с концерном "Казхлебопродукт". Такой порядок удовлетворит коллективы хозяйств, позволит засчитать весь вывезенный урожай в счет межправительственных соглашений. А это укрепит экономические связи республики со странами СНГ.

В республике закончилось формирование вертикальной структуры земельной службы. Госкомзем и его территориальные органы должны вплотную приступить к ответственной работе – осуществлению земельной реформы, введению мониторинга земель, земельного кадастра и землеустройства. Ждет своего осуществления кропотливое, но очень необходимое при реорганизации совхозов и колхозов дело – разработка и утверждение по хозяйствам приходящихся на каждого труженика средних земельных даль.

Задача состоит и в том, чтобы с помощью созданных в республике органов по осуществлению реформ – Госкомзема, Госкомимущества, Антимонопольного комитета – помочь трудовым коллективам совхозов, заготовительных, перерабатывающих и обслуживающих предприятий правильно определиться в выборе форм собственности и затем без проволочек провести преобразования в соответствии с намеченной программой. Хозяйства, желающие сохранить прежнюю форму собственности, также должны зарегистрировать свой устав и подтвердить статус в установленном порядке. Этот путь нами был выбран с самого начала организации реформ.

Приглашаю участников встречи к активному обсуждению затронутых проблем. Нам нужно тщательно подготовиться к весеннему севу, и поэтому должны быть тщательно рассмотрены вопросы финансирования и кредитования АПК, установления госзаказа. Его намечается ввести частично на зерно, молоко, мясо и некоторые другие виды животноводческой продукции.

**ИЗ БЕСЕДЫ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
О ХОДЕ ПРИВАТИЗАЦИИ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ  
КОМПЛЕКСЕ С НАРОДНЫМИ ДЕПУТАТАМИ – АГРАРИЯМИ,  
РУКОВОДИТЕЛЯМИ РАЗНЫХ КАТЕГОРИЙ ХОЗЯЙСТВ И  
УПРАВЛЕНЧЕСКИХ СТРУКТУР, ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ  
РЕСПУБЛИКАНСКИХ МИНИСТЕРСТВ И ВЕДОМСТВ\***

*Алматы, 12 января 1993 года*

**ЧТОБЫ ЛУЧШЕ ОРИЕНТИРОВАТЬСЯ, ТРЕБУЕТСЯ ВОЗРОДИТЬ  
ПЕРСПЕКТИВНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ**

...Прошлый год для Казахстана оказался исключительно сложным. Трудности встречались на каждом шагу. Но в какой-то степени нам помогла природа. Казахстанцы проявили выдержку и терпение, организованно провели уборочную страду. Собран хороший урожай. От растениеводства получено 66,5 миллиарда рублей прибыли. В то же время мясо и молоко принесли убытки. Рентабельность зерна – в пределах 140 процентов. Хлеба хватит вволю, кое-что сможем даже продать за пределы республики. Важно только не просто выполнить обязательства перед странами СНГ, но и получить за хлеб максимальную выгоду. Зерно – продукт стратегический, и распорядиться им нужно с умом.

...Укрепление содружества между бывшими республиками СССР – одна из важнейших задач. Мы поделимся с кем-то хлебом, а нам поставят технику, нефтепродукты, другие материалы. Все это потребуется уже сейчас, во время подготовки к весенней посевной кампании.

Далее хочу остановиться на том, как исполняются Закон об особенностях разгосударствления и приватизации в агропромышленном комплексе, соответствующий указ. В этом отношении прошедший год оказался, скорее всего, организационным, подготовительным, и темпы приватизации следует считать несколько замедленными.

Тем не менее уже преобразованы в другие формы хозяйствования свыше 500 совхозов, на их основе созданы коллективные предприятия, ассоциации и акционерные общества. В республике действуют уже около 9,5 тысячи крестьянских хозяйств, которым передано 3,5 миллиона гектаров сельхозугодий. Развиваются личные подсобные хозяйства, на подворьях которых сосредоточены половина коров, пятая часть овец, четверть свиней.

---

\* "Казахстанская правда", 15 января 1993 года.

Еще раз хочу заострить ваше внимание на том, что мы не ставим цели разгонять совхозы и колхозы и возродить только частный сектор. Это не наш путь. Мы за многообразие форм собственности, их разумное сочетание и взаимовыгодное партнерство. Всячески поддерживая крестьянские хозяйства, я хотел бы, чтобы они работали на виду у всех, рационально использовали землю. У тех, кто не может на ней работать, часть ее можно будет изымать.

В ближайшие годы основными поставщиками продовольствия останутся совхозы и колхозы, а также организованные на их базе коллективные хозяйства. Вот почему очень важно правильно выбрать форму приватизации с учетом всего многообразия факторов, вызвать у крестьян повышенный интерес к труду и на этой основе поднять эффективность сельскохозяйственного производства.

Отмечено также, что приватизация сдерживается и в отраслях перерабатывающего комплекса. Здесь наиболее предпочтительно создание акционерных обществ, где бы товаропроизводители заняли свое достойное место.

В последние два года мы работали, по существу, без четко обозначенных целей, что приводило к расхлябанности и бесхозяйственности, а то и к растигиванию государственного и колхозного имущества. Чтобы лучше ориентироваться, требуется возродить перспективное планирование. Сначала надо разработать план на три года, а затем на пятилетие, до конца двухтысячного года. По планам работают и западные страны.

...Ученые республики разработали концептуальную программу развития агропромышленного комплекса, которую целесообразно обсудить во всех областях, внести в нее уточнения и корректиды. Вместе с тем высказаны критические замечания в адрес Академии сельскохозяйственных наук, деятельности банков, других ведомств.

Изыскивая возможности, мы стараемся облегчить участь населения республики в продовольственном снабжении, особенно малоимущих, а их насчитывается три с половиной миллиона. Если в прошлом году на сельскохозяйственное производство сумели выделить 18,3 миллиарда рублей дотации, то нынче увеличиваем их до 64 миллиардов.

Из множества проблем, нагрянувших на суверенный Казахстан, эта последняя, как отмечали участники встречи, – одна из острых. Удержать различные цены на продукты питания очень и очень трудно и, быть может, невозможно. Но и в этих жестких условиях надо делать все возможное, чтобы поддержать жизненный уровень людей, так как значительная часть их уже подошла к черте бедности и вот-вот опустится еще ниже.

Директора совхозов "Новоалексеевский" Кустанайской и "Заречный" Тургайской областей Т. Аманкулов и Ф. Исакова, начальник Володарского

райсельхозуправления Кокчетавской области Я. Савченко, словно говорившись, высказали такую мысль: при нынешнем беспределе цен на промышленную продукцию ничего хорошего не выйдет. Даже при прошлогоднем рекордном урожае финансовое состояние хозяйств бедственное, они не в состоянии даже сделать первый взнос на выкуп имущества, достойно оплатить труд работающих (доярка получает сейчас менее трех тысяч рублей), а это приводит к оттоку кадров из села. Себестоимость продукции животноводства ныне выше закупочных цен. Как же дальше можно так работать! Выход на сегодняшнем этапе видят в одном: на мясо и молоко нужны дотации.

Начальник Кустанайского облсельхозуправления Р. Файзуллин, сделав выкладки финансово-экономической деятельности в целом по области, пришел к тому же выводу: без дотаций не обойтись.

**Н. Назарбаев:**

– Любые дотации на производство сельхозпродукции ведут к ее удорожанию. Дотации изыскивать придется, но только госзаказ. А что делается на местах, чтобы сократить затраты, всевозможные потери?

**Р. Файзуллин:**

– Кое-что делаем, однако себестоимость продукции по-прежнему чрезмерно высока.

**Н. Назарбаев:**

– Плывете по течению... Государство будет вкладывать в то, что выгодно и крайне необходимо для него. Просто отдавать деньги на убытки – этого не будет.

**Р. Файзуллин:**

– Понимаем, разумеется. Но мы, как и раньше, несвободны в своих действиях. Вот телеграмма...

**Н. Назарбаев:**

– Ищите выход на месте, как это сделали в Павлодаре. Акционируйте мясокомбинат, чтобы интересы товаропроизводителей и переработчиков не расходились. Госзаказ на этот год придется оставить: на зерно – 30 процентов от валового сбора, на мясо – 35.

...Указ о разгосударствлении и приватизации на селе внесет некоторые изменения и дополнения, а работу по его исполнению следует активизировать. Деятельность глав областных и районных администраций будет оцениваться по тому, какой окажется прибавка продукции, поскольку от этого в первую очередь зависит уровень продовольственного снабжения населения.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТИҢ СЕССИЯСЫНДА  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

Алматы, 18 қаңтар 1993 жыл

**ҮКІМЕТТІҢ Дағдарысқа қарсы бағдарламасына бүкіл  
Халықтың қолдауы қажет**

Мемлекетте конституциялықтың баянды етілуі дағдарысқа қарсы және әлеуметтік кепілді реформаларды жүргізудің маңызды шарты болып табылады. Егер төмennен жоғарыға дейін Конституацияға деген тек бос құрмет қана емес, сондай-ақ Конституция мен одан туындайтын заңдарға құйтырқы түсінік берудің жолын кесіп, оларды мұлтіксіз қадағалау қамтамасыз етілмесе, реформа қүрірейді. Реформаның басты жауы саяси және құқықтық былыққа, жершілдікке тек конституциялық қана қарсы тұра алады. Реформаларды жүргізу процесі заңдан тыс қалмауы керек, бұлай болмаған жағдайда реформаланушы экономиканың жалпы жай-қүйі қылмыстың, соның ішінде үйымдастырылған қылмыстың жүгендесін кетуімен айқындалатын болады.

Реформаның саяси бағытын түбегейлі өзгерту үшін объективті негіз бүгінгі күні жоқ. Осыны түсіне отырып, менің халық сайлаған Президент ретінде реформадан ауытқуға құқым жоқ. Менің бұл сенімі өзімнің сайлау алдындағы тұғырнамама сай.

1992 жылдан бастап республика үкіметі Ресей еріксіз көндірген ойын тәсілін қабылдауға мәжбүр болғаны өздерінізге мәлім. Әңгіме екі үкіметтің экономиканы ырықтандыру мен ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыруды бір мезгілде жүзеге асыруға иек артқанында болып отыр. Өткен жылдың тәжірибесі көрсеткеніндей, қысқа уақыт аралығында осындағы екі мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес.

Түбегейлі мәселе Қазақстанның объективті заңдылықтары мен ерекше жағдайы осы міндеттерді қаншалықты шешуге, қандай ретте және қандай мерзімде шешуге мүмкіндік беретіндігінде болып отыр. Объективті жағдайларды елемеу, екі проблеманы да атусті шешуге әрекет жасау, елді зор қатерге үрындыруды білдірер еді.

---

\* "Егемен Қазақстан", 20 қаңтар 1993 жыл.

Басқа елдердегі тұрақтандыру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесіне сілтеме жасау, әлдебір ортақ, пысықталған схема бойынша әрекет ету талабы орынсыз болып көрінеді.

Әйткені тұрақтандыру бағдарламалары жүзеге асырылған мемлекеттерде экономика өзінің бастапқы жағдайында нарықтық болды немесе ол біздегі сияқты ерекше терен ырықтандыруды қажет еткен жоқ.

Бүгінгі міндет – қаржы жағдайын тұрақтандырумен қатар, өндіріс пен тұтынудың құлдырауын тежеп, тұтыну кешені салаларындағы дағдарысты құбылыстарды болғызыбау. Бұл ретте кәсіпорындардың жаппай банкротқа ұшырауы мен үлкен жұмыссыздыққа жол бермеу үшін біздің республиканың ұлттық мұдделерін басшылыққа алу керек.

Үкімет сіздердің алдарыңызда дағдарысқа қарсы кезек күттірмес шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды терендету жөніндегі өзінің бағдарламасын ұсынды. Оны талқылау кезінде сындарлы да тыңғылықты ұсыныстар айтылды. Үкімет өз бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру кезінде соларды ескеруі керек. Үкімет бағдарламасы нақты есептерге, республиканың бюджеті мен төлем балансын қоса алғанда, негізделгенін атап өткім келеді. Соңғысын Қаржы министрлігіндегі, Ұлттық мемлекеттік банктегі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіндегі, Мемлекеттік статистика комитеті мен Жоғары экономикалық қоғамдың біздің мамандар халықаралық қаржы үйымдары сарапшыларының, сондай-ақ осындағы реформаларды жүзеге асыру тәжірибесі бар шетел қенесшілерінің қатысуымен тұнғыш рет жасады.

Алайда, экономикалық реформаларды терендету және дағдарыстан шығу жөніндегі нақты, қисынды өзара үйлесімді ұсыныстардың орнына жекелеген саясатшылар сындарлы емес, қайта шалағай сыншылдыққа салынуда. Және де көп ретте дәлелдердің жетіспеушілігін өткір, бірақ істің мәнін ашып көрсеттейтін қызыл сөзben алмастыруда.

Кейбір депутаттар үкіметті экономист-ғалымдарды өз бағдарламасын әзірлеуге тартпайды деп кінә қояды. Мен осыған байланысты Жоғары экономикалық қоғам мәжілісінде біздің ғалымдарымыздың пікірін тыңдағанымды айтқым келеді. Олардың ешқайсысы нақты, нұсқалы идеялар ұсына алмады. Экономикалық институттар, шетелдіктерді қоса алғанда, әртүрлі сарапшылар ұсынған материалдарды, сондай-ақ интеллигенция мен партиялардың жекелеген өкілдерінің сөйлеген сөздерін егжей-тегжейлі оқып-зерттеу осының бәрі негізінен құрастырмалы сипатта екені және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әр түрлі мақалалардың "ғылыми түргыдан" баяндалуы болып табылатынын көрсетті. Немесе өздерінің бір байланыстары бар нақты бір шетел компаниясына ғана, оның үстіне баламасыз түрде қолдау көрсетуді ұсынады. Және мұның өзін үкіметтің экономикалық саясатын жақсартуға бағытталған елеулі ұсыныстар ретінде көрсетеді.

Мен біздің экономист-ғалымдарымыздың ғылыми мұдделерін және даңғойлардың да мұдделерін талдап көрдім. Бізде макроэкономика, қаржы, ақша-несие және сыртқы экономикалық мәселелер бойынша тек ірі мамандар ғана емес, тіпті орта буын мамандар да жоқ екені айқындалды. Мұны Қазақстанның алдында бұрын осындай міндеттердің қойылмағанымен түсіндіруге болар. Эйтсе де әркім өзін осы мәселелер бойынша маман деп есептеп, мақалалар жарияладап жатады. Ал осы жарияланымдарды оқып шығып, олардың біліксіздігіне тағы да көзің жетеді. Әркім өз ісімен кәсіптік тұрғыдан шұғылдануы тиіс. Сан алуан пікірлерге деген құрметтіме қарамастан, әлемде ең алдымен адамдардың біліктілігі бағаланатының ұмытпауымыз керек.

Мен жүргізіліп отырған реформаларды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігіне және оның тиісті дәрежеде әзірленуі көп жағдайда ғылымға келіп қосылатын, қазірдің өзінде келе бастаған жаңа, жас күштерге байланысты екендігіне сенімдімін. Икемді экономикалық саясатты жүзеге асырудың табысқа, біріншіден, аса көрнекті "адами материалмен" толықтырылған мемлекеттік бюрократия жүйесі арқасында қол жеткізуге болады. Екіншіден, осы жүйені ғалымдар және тәжірибелі ойшылдар қатарымен нығайту, олардың бас-аяғы жоқ аbstractылы пікір-сайыстарға түсіп кетпей, нақты болмысты құрметтей білуге деген ортақ ниетін нығайту арқасында қол жеткізуге болады.

Үкімет бағдарламасының жетістіктері мен кемшиліктерін тізбестен, мен депутаттар көтерген кейбір даулы мәселелерге және оларды жүзеге асырудың тұтқаларына тоқталғым келеді.

Бірінші – бұл 1993 жылға арналған бюджет мәселесі. Айтып өткенімдей, оның кіріс және шығыс бөлігі үкімет бағдарламасын негізге алып құрылды және оның инфляцияны тоқтатуға мүмкіндік беретін бюджеттік саясатынан туындалп отыр. Мен салық саясаты өзірге жетілмеген дегенмен келісемін. Бірақ неден үнемдеуге болады? Сіздер егемен мемлекеттіміздің өз Қарулы Күштерін құру жағдайында әскердің жеке құрамын ұстаудан үнемдеуге болмайтынымен келісетін боларсыздар. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибе жұмыстарынан, сондай-ақ мәдениеттен үнемдеуге болмайды, ейткені бюджетте осы мақсаттарға көзделген шығындар онсыз да төменгі деңгейде тұр. Әлеуметтік шығындарды қысқарту керек пе? Бірақ тіпті олардың құрылымдары жетілмей отырғанның өзінде олардың көлемін азайту қыын және де халық мұддесінен үнемдеудің несі жөн болсын.

Мен үкімет ұсынған бюджетті қабылдауды ұсынамын. Біз жыл ішінде оған бір емес бірнеше рет орапуымыз мүмкін деп ойлаймын.

Бір мәселені түсінуіміз керек. Егер біз дагдарыстан шығып, экономиканы тұрақтандырымыз келсе, біздің бәріміз қаржымызға қарай көслуіміз керек.

Табыс болмаса бәрі де қағаз жүзінде қалады. Қатаң бюджет – бұл қажеттілік. Іс жүзінде бүркемеленген дотация болып отырған әртүрлі женілдіктерді біз экологиялық жағынан қолайсыз аймақтарға, азаматтардың зейнеткерлік жасын азайтуға, еңбек демалысын өсіруге бөліп бергеніміз туралы айтудымыз керек. Ал бұған тіпті гүлденген экономикасы бар елдердің өздері де бара бермейді. Өзініздегі және басқа елдердегі жағдайларға талдау жасап мемлекеттің нағыз егеменділігі үшін әзірге ештеңе істемей, оны сорып отырғанымыз жөніндегі қорытындыға әкеліп отыр. Егер Қазақстан тәуелсіздік үшін мүмкіндіктері бола тұрып, көршілеріне экономикалық жағынан тәуелді болып қалатын болса, ешқандай егеменділік болмайды. Немесе біздің мемлекетіміздің осындай болып қалғанын қалайтындар бар ма? Мен мұны қаламаймын. Сондықтан Жоғарғы Кеңестен мынадай өміршең маңызы бар обьектілердің құрылышы үшін бюджеттен қаржы табуды сұраймын: Батыс-Құмкөл мұнай құбыры құрылышы бізді мұнай тәуелділігінен құтқарады. Қарашығанақ кенішін Әңгілеу – Орал газ құбырына қосу газben қамтамасыз ету мәселесін шешеді. 1150 вольтті Ағадыр – Алматы электр өткізгіш құрылышы жүйесін, Оңтүстік су электр стансасын салу біздің электр қуатына қатысты жағдайымызды түзейді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін үқсату обьектілеріне және халық тұтынатын тауарлар өндірісіне нысаналы түрде қаржы бөлу қажет. Бір сәзбен айтқанда, инвестициялық қорды қысқартпай, қайта көбейту қажет.

Бюджеттің шамадан тыс тапшылышының, жомарттықпен беріліп жатқан мемлекеттік дотациялар мен тегін несиelerдің нәтижесі – инфляция. Егер біз шаруашылығымызды қиратушы инфляцияны тоқтатпасақ, онда өнім құнының инфляциялық өсуінен озық жүретін халықтың нақты кірісінің әбден құлдырауы мен соның салдары ретінде мемлекеттік кәсіпорындардың тұтынушыларға инфляциялық салық салу экспансиясы болады. Мен бюджеттің нөлдік тапшылышына қол жеткізу туралы айтып тұрған жоқпын. Дүние жүзінде бірде-бір елде мұндай жағдай жоқ. Біз өркениетті нарықтың көріністері: салық төлеушілердің байлығын ынталандыру, экономиканы сауықтыру, инвестициялық қызметті жандандыру есебінен бюджеттің түсімін өсіруге сүйенген бюджеттің серпінді тұрақтануын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Екінші жағынан, егер бағаның ырықтандырылуы жағдайында бұл процесс тұтыну тауарлары мен өндірістік ресурстар жеткізілімінің кеңейтілуімен қатар жүрмесе, тауар тапшылышы мен инфляция аса қатаң формаға кіреді. Сондықтан Қазақстанның тауар өндірісінің потенциалын толығымен іске қосу үшін барлық мүмкіндікті жасау өте маңызды. Бұл үшін үкімет белсенді, мақсатты құрылымдық саясат жүргізетін болады. Ол нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге халық шаруашылығын қайта құруға басқарылатын сипат беріп, өмірге бейімсіз өндірістерді тоқтату қарқының институттық өзгерістермен, инвестицияларды тарту мүмкін-

діктерімен, жаңа жұмыс орындарын құрумен және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен сәйкестендіре алар еді.

Шындық мынада: Қазақстанның белсенді құрылымдық саясатты жүзеге асыру үшін мүмкіндігі тым шектеулі. Демек, әңгіме басым салаларды бөліп алу және оларды қолдауда.

Мен қазіргі кезеңде мынадай басымдықтарды бөліп көрсетуге болады деп санаймын:

- тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі мен негізгі экспорт базасы ретінде – отын мен энергия;
- тұтыну секторының салалары;
- әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру үшін, өнеркәсіп өркениетінің прогресі үшін өмірлік қажетті металлургия кешені;
- нарықтық экономиканың маңызды алғышарты ретінде – коммуникация.

Мен үкіметке осы бағыттар бойынша мемлекеттік бағдарламалар жасауға тапсырма бердім. Олар индикативті жоспарлаудың негізін құрайтын болады.

Бұл жерде мұндай саясат, біріншіден, қаржы-экономика сипатындағы елеулі акциялар кешенін жүргізуі, екіншіден бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін тікелей реттеу жүйесіндегі өзгерістерді, үшіншіден, кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ететін ынталандыруши салық саясатын жүзеге асыруды және төртіншіден, тікелей шетел инвестицияларын қатыстырудың қолайлы шартын жасау және механизмін пысықтауды қамтуы тиіс.

Экономиканы құрылымдық қайта құрудың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін қажетті ішкі және сыртқы инвестициялық ресурстар Экономика министрлігіне шоғырландырылуы керек. Осы бағыттағы алғашқы қадам қазірдің өзінде жасалды – Шетел инвестициялары жөніндегі агенттік осы министрлікке берілді.

Таяудағы уақытта инвестициялық қорлар бойынша тиісті шешімдер қабылдау қажет. Үкімет Даму банкісін құру мәселесін пысықтағаны жөн. Оған мемлекеттік басым бағдарламаларды жүзеге асыру үшін женілдік жағдайымен немесе процентсіз ұзақ мерзімді несие беру тұтқасында маңызды рөл атқаратын қаржы қаражаты республикалық бюджеттен аударылатын болады.

Тұбірлі қайта құруды жүзеге асыру кезінде банкротқа ұшырайтын қәслорындардың пайда болуы мүмкін екенін тұра айтуды керек, бірақ бұл процесс бет алды жағдайдың ырқында кетпеуі тиіс.

Кең ауқымды жекешелендіру – маңызды институттық өзгерістер, экономикалық реформаның орталық буыны. Оны дәл және егжей-тегжейлі құрылған тұтынушылардың негізінде сенімді түрде және кезең-кезеңімен жүргізу керек. Оны меншік қатынасы сияқты құрделі де нәзік салада берекесіз ектем шараларсыз жүргізу керек. Мұнда ең маңыздысы, меншікті тарату емес, қайта одан кейін не болатынында.

Бәрін бірдей меншік иелері және өндіріс қожалары ету әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Өйткені біздің тарихымыз да әркімнің меншік иесі, қожайын, өндіріс үйымдастырушысы бола алмайтындығын дәлелдеді. Басқаруға қатысусызы меншік иесі болу – бос сөз! Меншік иесі болу дегеніміз – бұл білек сыбанып жұмыс істеу, басқару, іске жаны ашу, өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету, өз капиталына, жағдайына және келешегіне тәуекел ету деген сөз. Ал бұған әркім қабілетті ме? Жоқ. Адамдардың көпшілігі меншік иелері болып және өндіріс нәтижелері үшін жауапкершілік алып, жинаған қорларына, итілігіне, тыныштығына тәуекел еткілері келмейді. Өндірісті үйымдастыруға қабілетсіз, бірақ оның есесіне өз саласында жақсы мамандар болып отырған көптеген адамдар бар. Және олардың мен жақсы жұмыс істейтін болайын, ал сіздер бұл үшін маған жақсы ақы төлендер және өндірістің қалай болатыны, өнімді қалай өткізу керектігі кәсіпорынды қалай техникалық жағынан қайта құру қажеттігі туралы сіздердің бастарыңыз ауыратын болсын, деген өз қалауын білдіруі мүмкін.

Сондықтан жекешелендіруге нақты қарau керек деп есептеймін: адамдар әртүрлі, олардың тілегі, қабілеті, бейімділігі де бірдей емес. Біреуге өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беріп, ал осындай қабілетті екінші адамға мүмкіндік берілмейтін кемсітушілікті, әлеуметтік әділетсіздікті болдырмаудың маңызы зор. Барлығы үшін бастапқы жағдайлар бірдей болуға тиіс. Ал өз қызмет аясын таңдал және өз мүмкіншіліктерін көрсету әркімнің өз ісі.

Бүгінгі күні үкімет таяудағы 2-3 жылдағы жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасын, қабылданған заңдарға қажетті түзетулер, сондай-ақ нормативтік-әдістемелік және нұсқаушылық материалдар даярлады. Оларды Жоғарғы Кеңесте мақұлдағаннан кейін, ал оны ұзаққа созбау керек, негізгі үш бағыт бойынша жекешелендіруді өрістету: «шағын жекешелендіру», «жаппай жекешелендіру» және «жеке жобалар бойынша ірі индустрияны жекешелендіру» басталады.

Бұл бағдарлама сіздерге баяндалатын болғандықтан, оның егжай-тегжейіне бармастан, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау мәселе-леріне тоқталғым келеді.

Қазақстан экономикасында мемлекеттік сектор нарықтық экономика жағдайында жеке сектормен бәсекеге түсіп, әлі ұзақ уақыт бойы елеулі рөл атқаратын болғандықтан, мемлекеттік кәсіпорындарды реформалауды жүзеге асыру қажет.

Реформаның мәнісі, мемлекеттік кәсіпорындар мен басқару органдарының құқықтары мен міндеттерінің ара-жігін ашуда, кәсіпорындарды мемлекеттік қамкорлықтан шығаруда, олардың шаруашылық қызметтің нәтижелері үшін, банкроттық пен жабылуға дейін, толық экономикалық жауапты болуы үшін экономикалық және құқықтық алғышарттар құруда, кәсіпкерлік тәуекелге қатысты меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындарды теңестіруде болып отыр.

Қазіргі уақытта мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылықты толығымен жүргізуге құқықты, бұл меншік иесі құқығымен тең (іс жүзінде бұл – кәсіпорын директоры), бірақ мемлекет меншігін сақтау мен еселей түсуге нақты жауап бермейді. Мемлекет іс жүзінде өзінің меншік иесі міндеттін жүзеге асыру мүмкіндігінен айрылған.

Осы орынсыз жағдайды жою үшін Кеңес Одағы кезеңінде қабылданған "Кәсіпорындар туралы" Занға өзгеріс енгізу қажет. Мен мұны осы сессияда жасауды сұраймын.

Реформа барысында мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың екі категориясы белгіленеді. Олардың біріншісіне тікелей мемлекет басқаратын, мемлекеттік органдардың тапсырмаларын орындаитын және бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорындар кіреді. Басқаша айтқанда, қорғаныс өнеркәсібінің, көлік, байланыс кәсіпорындарының белгілі бір саны, сондай-ақ коммерциялық өлшемдерге бағдар ұстай алмайтын өндірістік емес саланың ұйымдары. Осындай кәсіпорындар мен ұйымдар еңбеккерлерінің мемлекеттік қызметшілер мәртебесі болады.

Екінші категория – толық коммерциялық есеп айырысу принципінде жұмыс істейтін кәсіпорындар. Басқаша айтқанда, мемлекет меншігінде қалатын қалған кәсіпорындар. Олар акционерлік қоғамдар немесе жауапкершілігі шектеулі қоғамдар болып қайта құрылуға жатады. Олардың барлық акциялары немесе олардың бақылауши пакеті олар басқа иеге сатылған уақытқа дейін мемлекеттің қолында қалады.

Осындай кәсіпорындарды басқару үшін бақылау кеңесі (директорлар кеңесі) құрылады. Оны салалық министрліктер тағайындаиды, ал басшылармен еңбек шарты жасалады. Мұның барлығы мемлекеттік холдинг компанияларына жатады.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара қатынастар мемлекеттік мүлікті басқару мен кәсіпорын қызметін басқару міндеттерін беру негізінде құрылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару міндеті (мемлекетке қарайтын акциялар пакетін) Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет органдарының, сондай-ақ олар өкілеттік берген органдардың басқаруына жатады.

Заңмен белгіленген шеңберлерде кәсіпорынның қызметін басқару міндеттін сол кәсіпорындар өзіне қарайтын министрліктер мен ведомстволар атқарады. Бұл міндеттер, негізінен, кәсіпорынның рентабельділігі мен қарызына бақылау жасау, оларға мемлекеттік басым бағдарламалар шеңберінде көмек көрсету, кәсіпорын басшыларымен шарттар жасаумен шектеледі. Осының барлығын жүзеге асыру үшін үкімет нормативтік құжаттарға, қауулыларға тиісті өзгерістер енгізуі қажет.

Кәсіпорындар залалмен жұмыс істеген, төлем қабілеттінен айырылған жағдайда жоғарыда аталған органдар оларды сауықтыру, қайта құру және жою шараларын қолдануы керек.

Үкімет осы категорияларға мемлекетке тиесілі мүлік (ұлттық дивиденд) құнына байланысты мемлекеттік бюджетке төленетін арнаулы салық енгізу туралы мәселені пысықтауы керек.

Мұндай кәсіпорындарда еңбек ұжымдарының құқықтарына оның мүшелерінің заңда және жекешелендіру бағдарламасында белгіленген негіздерде, өз кәсіпорындарының меншігіне қатысуы, сондай-ақ олардың қадағалау көнеспіндегі өкілдіктері арқылы кепілдік беріледі.

Салалық министрліктер негізінде құрылыш және өзінше монополистер болып отырған концерндер мен қауымдастықтарды тез тарату, ең алдымен, кәсіпорындардың тығыз технологиялық байланыстарды сақтау және қаржы ресурстарын жинақтау қажеттілігіне мүдделі болып отырғандығынан жән емес. Қазіргі концерндер мен қауымдастықтарды, олардың жұмыстары мынадай принциптерде құрылуы тиіс екенін ескере отырып, оларды негізінен сақтау қажет деп есептеймін.

**Біріншіден**, мемлекеттік корпорациялар, концерндер мен қауымдастықтар шаруашылық бірлестіктері болып табылады және ешқандай мемлекеттік қызметтер атқармайды.

**Екіншіден**, бұл құрылымдардың заңмен белгіленгеніндей не мемлекеттік кәсіпорындар (бірлестіктер) мәртебесі болады, сөйтіп оған кіретін барлық кәсіпорындардың құқықтары шектеулі болады, немесе олар барлық құқықтармен пайдаланатын, бірақ өздерінің өкілеттіктерінің бір бөлігін бірлестіктің басқару органдарына шарт негізінде беретін ерікті бірлестіктер (қауымдастықтар) болып табылады.

**Үшіншіден**, монополистік іс-қимылдары жағдайында монополияға қарсы заңға сәйкес бұл құрылымдарды таратуға дейін санкциялар қолданылады.

Және, **төртіншіден**, жекешелендіру процесінде әдетте концернің немесе қауымдастықтың құрамына кіретін кәсіпорын жекешелендіру обьектісі болады.

Жаңа аграрлық құрылымдарды құру – Қазақстан экономикасындағы жүйелік өзгерістердің маңызды элементі. 1992 жылғы ақпанның 8-інде агроенеркәсілтік кешенниң мемлекеттік ауыл шаруашылығы, дайындау, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүліктерін жекешелендіру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы Жарлық шығарғанымды білесіздер. Мұнда колхоздар мен совхоздарды реформалаудың басты бағытының мазмұны көрсетілген. Мұның мәні олардың меншіктерін еңбек ұжымдарына және жекелеген қызметкерлерге беруге, колхоздар мен совхоздарды коммерцияландыру және олардың толық дербестігін қамтамасыз етуге келіп саяды. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өнеркәсіптегіден бір ерекшелігі, олар өздерінің жерлері мен мүліктерінің негізгі бөлігін ұжымдық үлестік меншікке тегін алады.

Еңбек ұжымдары өз кәсіпорнының құқылыш-ұжымдық формасы туралы, ашық немесе жабық түрдегі акционерлік қоғамға немесе өндірістік ко-

оперативке қайта тіркеу туралы шешімді дербес қабылдайды. Оның үстіне, колхоздар мен совхоздар бұдан соң еркіті негізде біртұтас қауымдастыққа немесе бірқатар қызмет көрсетуші кооперативтерге бірігетін жекелік және ұсақ жеке кәсіпорындарға толық бөлінуі мүмкін.

АгроОнеркәсіп кешенінің ұқсатушы өнеркәсібінің кәсіпорындары, агрокызмет кәсіпорындары мен ұжындары көптеген жағдайларда өзінше монополистер болып табылады. Жекешелендіру жүргізу кезінде осы монополияларды жою үшін Жарлықта ауыл шаруашылығы өндірушілеріне аталған кәсіпорындардың акцияларын алуда басым құқықтар беру жөнінде шаралар көзделіп отыр.

Мен жақында Ауыл шаруашылығы академиясы ғалымдарымен кездесімде білгенімдей, жергілікті жерлерде жоғарыда аталған кәсіпорындарды жекешелендіруде менің 1992 жылғы көкектің 28-індегі "Материалдық өндіріс салаларындағы мәншікті мемлекет іелігінен алу және жекешелендіру жұмыстарын жандандыру жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы" Жарлығымды басшылыққа алып отыр.

Бірақ, агроОнеркәсіп кешеніндегі жекешелендірудің өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда өз ерекшелігі бар ғой. Екі дербес Жарлықтың шығарылуы да сондықтан. Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет мұнда дереу тәртіп орнататын болсын және егер жарлықтарда жекешелендіру жөнінде бірін-бірі жоққа шығаратын шаралар болса, онда оларды жою жөнінде ұсыныс әзірлесін.

АгроОнеркәсіп кешеніндегі жекешелендіруге байланысты тағы бір мәселе. Әңгіме қауқарсыз шаруашылықтар және олардың қарыздары туралы болып отыр. Кейбір депутаттар, жекелеген мамандар бізге оларды есептеп шығаруды немесе мемлекеттің мойнына алушы ұсынады. Мұндай проблеманың даңғойлық әдістермен шешілмейтінін тағы да атап көрсеткім келеді. Мұндай қарыздарды өз мойнына алған қандай мемлекет, қандай бюджет оған төтеп бермекші? Бұдан шығарудың жолы басқада – қауқарсыз шаруашылықты қайта құру мерзімін белгілеу керек. Мұндай шешімді облыс әкімшілігі қабылдауға тиіс. Қайта құруға қарызды өтеуге қатысатын бөтен ұйымдар да қатыстырылуы мүмкін. Егер қарыз өтелмесе, онда олар мүліктің бір бөлігін аукционда сату есебінен өтелуге тиіс.

Бұл мәселені түпкілікті шешуді және таяу уақытта тиісті жарлықтарға нормативті құжаттарға қажетті өзгерістер енгізуі ұсынамын.

Тиімді ақша-несие саясатын жүзеге асыру үшін республиканың ұлттық мемлекеттік банкісінің қызметін, оның үкіметпен, коммерциялық банкілермен өзара қатынасын түбірінен қайта құру қажет.

Көптеген елдерде ұлттық банк банкир, үкіметтің агенті және кеңесшісі болып табылатыны мәлім. Ол үкіметтің жалпы экономикалық және қаржы жөніндегі макробағдарламаларын жүзеге асыруда, ақша операцияларын реттеп, болжауда басты орын алуы керек. Ұлттық банктің үкіметпен қалыпты

қатынасы үшін банк ресурстарын үкімет бағдарламаларын жүзеге асыру мүддесінде пайдаланудың, ақша айналымы тұрақтылығының тиісті механизмдері мен нормативтерін талдап жасап, оларды қолда ұстау керек. Банкінің жаңа рөлі шенберінде оны тұркілікті жаңарту, жаңа құштерді, ақша-несие саясаты проблемаларын, нарық жағдайында банкі ісін көсіптік тұрғыдан білетін құштерді қатыстыру арқылы кадрларды даярлау мен қайта даярлау маңызды.

Банк қызметіндегі аса келеңсіз тенденцияларды, атап айтқанда, саудаделдалдық операциялармен, ресурстарды алып-сатарлық жағдайында қайта сатумен және тағы басқалармен әуестенуді жою қажет. Коммерциялық банкілер инвестициялық салаға қаржы салуды іс жүзінде қойды, олар өндірістен сырт айналып кетті. Банкілер жүйесі қолдан жасалған шағын, быттыранқы, ірі өнеркәсіптің сұранысынан қол үзіп, оған қызмет көрсетуге қабілетсіз болып қалды. Жағдайды түбірінен өзгерту керек. Ұлттық мемлекеттік банк мейлінше сараланып, сұрыпталған несие саясатын жүргізіп, бағдарламалық инвестициялық салымдарға елеулі артықшылықтар беріп, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге мүмкіндік туғызуы керек. Мұның өзі коммерциялық банкілерді ірілендіріп, шын мәнінде тиімді банк жүйесін қалыптастыратыны сөзсіз. Өтпелі кезеңде ұлттық мемлекеттік банк басқармасының төрағасын Министрлер кабинетінің құрамына енгізуі орынды деп есептеймін. Сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік банк сарапшыларын қатыстыра отырып, Ұлттық мемлекеттік банкі мен ірі коммерциялық банкілерге аудиторлық тексеру үйімдастыру қажет.

Үкіметтің әлеуметтік-саяси бағдарламасының маңызды элементі жоғары тиімді еңбек үшін жағдай жасау, халықтың әл-ауқатының төмендеуінің алдын алу және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал жігіне кепілдік берілген ең аз деңгейді қамтамасыз ету болып табылады. Республика бюджеттін құрудағы күрделі жағдайды ескеріп, әлеуметтік бағдарламаларды өткір зәру болып отырғандарға табысы тәмен отбасыларына нақты қолдау көрсетуге қарай қайта бағдарлау қажет.

Халықты әлеуметтік қолдау жүйесіне жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыларды, өтемақыларды, еңбекке орналастыру, кадрларды оқыту және қайта оқыту, қосымша жұмыс орындарын құру, зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі шығындарды қаржыландыру кіруге тиіс.

Еңбек нарқын реттеп отыратын механизмдерді пысықтау, жұмыспен қамту бағдарламасын өзірлеу, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақы қорының қаржы жағдайы үкіметтің бақылауында болуға тиіс. Бюджеттік мекемелер қызметкерлері жалақысының деңгейі мен серпінін және олардың адам санын реттеп отыру жөнінде шараларды көздеу қажет. Зейнетақының ең тәменгі деңгейін нақты реттеп отыру маңызды. Тиімді еңбекке нақты ынталандыру үшін қызметкерлерге күрделі илгіліктерге ие болуына ұзақ мерзімді тұтыну несиесін берудің ерекше маңызы бар.

Экономикалық өзгерістерді құқықтық қамтамасыз ету саласында көптеген елеулі проблемалар жинақталып қалып, ал оларды негұрлым тезірек шешу реформаны едәүір алға жылжытуға ықпал етер еді.

Құқықтық реттеу саласындағы жағдайға егжей-тегжейлі баға беріп жатпастан, мына жәйттерді бөліп көрсеткім келеді.

Бұғаңға таңда қабылданған құқықтық актілердің ішкі қайшылығы туып отыр, бұл оларды пәрменділігінен айырып қана қоймай, сонымен бірге нақты заңдарды орындамау үшін де заңды негіз туғызып отыр. Оның үстіне, Кеңес Одағы өмір сүріп тұрған кезде қабылданған заңдардың алғашқы толқыны көз алдымында ескіруде және өзінің екіұштылығымен шаруашылық жүргізуін жаңа формалары мен әдістерін құқықтық тұрғыдан жүзеге асыру үшін кедергі келтіріп отыр.

Сондай-ақ республиканың заңгерлік қызметтінің жалпы жағдайы не кадрлық, не материалдық-ресурстық тұрғыдан жаңа қызметтерді атқаруға және принципті жаңа мәселелердің орасан зор көлемін шешуге дайын емес екенін де атап өткен жөн.

Аталған кемшіліктердің объективті себептерге байланысты туып отырғанына күмән жоқ. Бірақ құқықтық тұтқаларды, әсіресе, қазіргі дағдарысты жағдайда, реформаны тежегішке айналдыруға болмайтыны да соншалықты күмәнсіз.

Осыған байланысты, біріншіден, жаңа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық шындықты, ескере отырып, бұған дейін қабылданған құқықтық актілерді белгілі бір тексеруден және ішінара тазартудан өткізуді ұсынар едім. Екіншіден, ең алдымен өзіміздің дағдарысқа қарсы заңдарымында жүзеге асырудың құқықтық тұтқалары мен процедураларына баса назар аударып, жаңа шаруашылық заң шығарушылықты барынша азайту керек.

Жергілікті норма шығарымпаздықта бақылауды күшайту, жергілікті өкімет орындарының республика заңдарын орындаудағы жауапкершілігін артыруды күшайткен жөн. Заңсыз норма шығарғаны үшін олар таратылуы және кезектен тыс сайлау белгіленуі тиіс.

Қалыптасқан басқару жүйесінде көптеген жағдайда республикадағы басқару орындары өз саясатын өзірлеуге қабілетсіз болып, одақтық басқару құрылымдарының бөлімдері болып келген бұрынғы басқару жүйесінің тұрпаты сақталған. Мұндай жағдай объективті түрде қалыптасқан және басқару құрылымының үлкен сылбырлығынан оны тез өзгертуін көз келген әрекеті тек кері нәтиже береді.

Соңғы кезеңде экономикалық басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі қолданылып жатқан шаралардың ішкі қисыны болғанымен, сонымен бірге ішкі себептерден туған әрекет ету сипаты бар және стратегиялық перспектива мақсаттарынан гөрі, экономикалық тактика міндеттеріне көп бағынышты.

Правительство сможет успешно реализовать антикризисную программу при всемерной поддержке народных депутатов, упорной работе и сплоченности народа, всех партий и движений и их заинтересованности в скорейшем выходе страны из кризиса и наполнении суверенитета государств реальным содержанием. Всякое противостояние может загнать болезнь вглубь, а доведение ситуации до такого поворота событий крайне опасно. Поэтому только консолидация усилий, умение слушать друг друга и делать из этого практические выводы с учетом интересов и государства, товаропроизводителей, всех слоев населения помогут вывести экономику страны из кризиса, снять социальное напряжение.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң  
АҚШ ПРЕЗИДЕНТИНЕ ЖОЛДАГАН ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

---

*22 қаңтар 1993 жыл*

Сізді қызметіңізге кірісуіңізben шын жүректен құттықтаймын.

Қазақстан мен АҚШ арасында сенім мен келісім рухында барлық бағыттар бойынша тамаша жүзеге асырылып келе жатқан қатынастар одан әрі дами беретініне сенім білдіремін.

Қазақстан бұдан былай да өзара міндеттемелерді ұстанатынына сенімдіремін.

Американ халқының бақытқа кенеліп, гүлдене беруіне ізгі тілек білдіремін.

---

\* "Егемен Қазақстан", 22 қаңтар 1993 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӨНЕРКӘСІПШІЛЕР МЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

*Алматы, Достық үйі, 26 қаңтар 1993 жыл*

**БІЗ ЖАЛПЫ ЖҰРТТЫҢ ЖӘНЕ ӘР АДАМНЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ОРТАҚ  
МІНДЕТТІ ОРЫНДАМАҚПЫЗ**

Біздің республика белгілі бір дәрежеде бұрынғы Еуразия одағының үлгісі болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінің барлық түрлері – ресурс өндіруден бастап, жоғары технологияларға дейін, ауди шаруашылығы өндірісінің барлық түрлері шамамен барлық климат аймақтары (тундра мен субтропиктен басқасы), жүзден астам әр түрлі ұлттар, мұның өзі ТМД-дағыдай мөлшерде, халықтың этникалық санқырлылығының терең-тендігі – осының барлығы біздің Қазақстанға тән болып отыр. Біз бұрынғы мемлекет байланыстарының ең үздік түрлері – тату көршілік, достық, өзара көмек сияқтының бәрі өзірге қарапайым адамдар арасында үйлесімді қалыптасып отырған соңғы тірек болып қалудамыз.

Бүгінде Алматы тек Қазақстан астанасы ретінде ғана әйгілі емес. Ол белгілі бір дәрежеде ТМД-дағы бірігу жөніндегі инициативалар мен күшжігерлердің астанасына да айналып отыр.

Егер біз ыдырауды тоқтатпай, біздің елдерімізді дағдарыстан шығуы үшін күш-жігерді біріктірмесек, онда әлеуметтік, белгілі бір дәрежеде тіпті саяси татулыққа қол жеткізу қыын болмақ. Біздің елдеріміздің кез келген біреуінің гүлденуі туралы айтпағанның өзінде тұрақтандыруға қол жеткізе алмаймыз. Мұны өзіне "жайлы бірігуді" таңдал алғандар да, ТМД-та кіргемендер де түсіне бастады. Біздің республикада мұны бәрі де – шаруа мен жұмысшыдан бастап, министр мен Президентке дейін түсінеді. Негізгі интеграциялық инициативалар мен ұсыныстардың Алматыдан шығуының өзі нақ сондықтан болар. Мұның өзі біздің мемлекеттеріміз өмірінің барлық саласындағы (технологиядан бастап саяси салаға дейін) былықшылық пен бүлдіру проценттерін тыюға бағытталған.

Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресінің ассамблеясы нақ бізде, Алматыда өткізіліп отырғанын атап өткен жөн. Бұл біздің

\* "Егемен Қазақстан", 28 қаңтар 1993 жыл.

елдердің экономикасын біріктіру мақсатында нақты қызмет істейтін аздаған сыйндарлы ұйымдардың бірі.

Сіздердің ұйымдарының қазіргі таңда ғана емес, сондай-ақ бұрынғы Одақтың көптеген мемлекеттерінің де ғалымдарының, өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің күші шоғырланғанын атап өту де ғанибет. Ал саясатшылар бұл мақсатқа әзірге қол жеткізе алмай отыр. Біз мысалы, Прибалтика, Грузия, Ресей, Украина, Беларусь, Орталық Азия саясатшыларын бір дөңгелек үстел басына біріктіру мүмкіндігі әлі болмай отыр.

Ал сіздер болсаңыздар жиналышп, біріккен іс-қимылға қөштіңіздер. Сіздердің ұйымдарының шенберінде бұрынғы кеңестік мемлекеттердің өкілдерін ғана емес, сондай-ақ бұрын Экономикалық Өзара Көмек Кеңесіне кірген Батыс Еуропа елдерінің ынтымақтастыққа мүдделі ұйымдарының же-місті ынтымақтастық құрылғы отырғаны да көп нәрсені білдірсе керек. Біздің бұрынғы одақтар мемлекеттер басшыларының осындай саяси форумын бүгінде көз алдымызға келтірудің өзі қыын. Ал сіздер бұған қазірдің өзінде жетіл отырсыздар.

Ынтымақтастықтың осындай кең табиғи-тариҳи шенберінде өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің жұмыс істейтін халықаралық конгресін жинау өте үлкен жетістік. Ол біртұтас экономикалық кеңістік қана емес, сондай-ақ ортақ ғылыми-технологиялық, өндірістік-техникалық, ұйымдық-басқару кеңістігі тарихи қалыптасқан елдер өкілдерінің өзара іс-қимылды үшін толығымен табиғи нәрсе.

Бұрынғы унитарлық мемлекет пен көнерген саяси құрылғы ретінде Экономикалық Өзара Көмек Кеңесін аңсаудың қажеті болmas. Олардың дәурені өтті.

Егер олар қирамағанда, біз егеменді мемлекеттер болып, жаңа өмірге қадамымызды бастай алмас едік. Ал егемендік мүк басып, базданып кеткен империялық орталықтың құрсауынан шыға алмай келді. Алайда біздің елдеріміздің экономикасындағы жетіл жығылған қирау, ыдырау мен былықшылық дәрежесін он бағалау мүмкін емес. Оның біздің халықтарымызға еш пайдасы жоқ екенін біздің әрқайсымыз жақсы түсінеміз.

Үйдірауды тоқтатып, жаңа интеграцияны бастайтын кез әбден жетті. Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресі, дұрысын айтқанда, соған қызмет етеді, ол сол үшін құрылышп, жұмыс істеуде. Осы конгресс – бұл болашақ өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық институттарының бастапқы қадамы. Онсыз экономиканың гүлденіү ғана емес, сондай-ақ тіпті тұрақтандыру мен біздің елдердің, олардың халықтарының мұқтажсыз өмір сүруі де мүмкін емес.

Сондықтан, сіздердің инициативаларының тәменнен, экономикалық практиканың өзінен туындалған отырғаны, сіздердің интеграциялық құш-жігерлерінің ғылыми-өндірістік және кәсіпкерлік қызметтің қайнаған қазанынан шығып отырғаны өте маңызды.

Осында ең шынайы практиктер мен прагматиктер жиналды той деп ойлаймын. Сіздер күн сайын өмірдің қайнаған ортасында жүрсіздер, оның қайшылықтарын, кейде шешілмес қайшылықтарының шырмауына күрмеліп те келесіздер. Бірақ, осы "күйкі тірлікке" малтықпай, сіздер бірігүе, біздің елдердің байланыстарын нығайтуға мұдделілердің ұйымын құрып, оларды біріктіру жөніндегі шараларды бірлесіп, ұжым болып іздеуге ниет, күш пен мүмкіндік тауып отырсыздар.

Біз Қазақстанда осындай қорытындыға баяғыда келгенбіз. Бұгін мен өз бағытымды сіздермен, практиктермен, сіздердің шындықтың өзінен туындалп отырған нақты қадамдарыңызben белгілі бір дәрежеде салыстырмақпын. Мен саясаткер ретінде сіздер мен біздердің ұмтылыстарымыздың дәп келгеніне риза екенімді білдірмекпін. Осы залға жиналған барлық ғалымдар, кәсіпорындардың басшылары, кәсіпкерлер, мемлекет қайраткерлері мен саясатшылар – барлығымыз бір істің жолында жүрміз. Біз елдеріміз халықтарының, жалпы алғанда, әр адамның игілігі үшін сіздер мен біздер бір міндетті атқарып келеміз.

Қазақстан Президенті жақында Минскіде өткен мемлекет және үкімет басшыларының кездесуінен алған өз әсерін ортаға салды.

Онда едәуір күш-жігердің арқасында айтартылқтай нәтижеге қол жеткізілді. Атап айтқанда, мемлекетаралық банк құру туралы келісім қабылданды. Мемлекетаралық бағалы қағаздар нарығын реттеу туралы келісім жасалды. Жалпы алғанда, ТМД Жарғысын қабылдау қыыншылықтарына қарамастан Минскідегі кездесуді оң бағалаймын. Енді, қабылданған шешімдер қағаз жүзінде қалмай, қайта жүзеге асатындаі жұмыс істеп, нақты нәтижелер бергені маңызды.

Бұл үшін өнеркәсіп, кәсіпкерлік құрылымдардың, олардың қауымдастықтарының, одақтары мен ұйымдарының қолдауы өте маңызды. Сіздер қазірдің өзінде Украина мен Ресейдің, Беларусь пен Ресейдің өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің ірі әрі пайдалы екі жақты кездесулерін өткіздініздер. Жақында Омбыда Қазақстан мен Ресейдің шекаралас облыстарының өнеркәсіп, іскер және саяси топтарының кездесуі болды.

Қазақстан Президенті екі жақты күш-жігермен принципті шешілмейтін экономикалық интеграцияның қандай да болсын нақты мәселесі бойынша көп жақты кездесу өткізу инициативасын жасады. Ол ассамблеяға қатысушыларға көп жақты келісім, айқындаамалары белгілі бір көкейкесті проблемалар бойынша айқын ажыратылған мемлекеттердің өкілдері арасында өзінше бір ғылыми-өнеркәсіп конвентін жасау туралы да ойластыруды ұсынды. Бұл жерде ең әрқи-лы нұсқалар болуы ықтимал. Бірақ бастысы ғылыми-өнеркәсіп және кәсіпкерлік топтар өз саясатшыларынан алда болып, өздерінің шетін проблемаларын өздері шешуге әрекет жасап, саясатшыларға еліктеі алатындаі лайықты үлгі бере алатынды болып отыр.

Қазақстанның басшысы осыған байланысты Өндірісшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресіне кіретін үлттық одактардың, конгрестердің және басқа ұйымдардың байланысын атап өтті. Осы құрылымдардың өзінің ішінде ғалымдардың, өндірісшілердің, кәсіпкерлердің және саясаткерлердің өзара іс-қимылның мәселесі жемісті шешіліп келеді. Осы одақтарға, конгрестерге және ұйымдарға кіретін министрлер, мемлекеттік қайраткерлер арқылы олардың үкіметіне ықпал етуі мүмкін және ықпал етуі қажет. Оларды іс жүзінде саяси алауыздықтарға қарамастан, мемлекетаралық бірлесуден қалай пайда алуға үйретуі керек. Және жаңа жағдайда өндірістік-экономикалық байланыстарды біздің елдеріміз арасында қайтадан қалпына келтіруге, нығайтуға болатынын ескеру керек. Өндірісшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресі өзінің іс-қимылымен ТМД-дағы өзара қарым-қатынасты тәменнен сүйемелдеп отыруы керек. Өсіресе, мұны саясатшылардың біздің экономикаға қажетті мәселелерді жоғарыдан үйлестіре алмаған немесе мүлдем келісе алмаған жағдайда істеуі қажет.

Осындағы күш-жігер жұмысаудың нақты салалары қазірдің өзінде ТМД аренасында айқын көрініп келеді.

**Біріншіден**, мұның өзі мұнай-газ саласы кәсіпорындарының әлдебір ұйымдасқан өзара іс-қимылы немесе серіктестігі болуы мүмкін. Біздің күш-жігеріміздің арқасында қазірдің өзінде мұнай-газ кешені министрлерінің Түмендегі кездесуі белгіленді. Бұл саладағы өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер тобына оны өзірлеудің барысында қатысушыларды мемлекетаралық өзара іс-қимылдың ең шетін проблемаларын шешуге бағыттау жөнінде ең қолайлы мүмкіндік туып отыр.

**Екіншіден**, мұның өзі әскери өнеркәсіп кешенін конверсиялауға қатысушы іргелес кәсіпорындар мен ұйымдардың серіктестігі бола алар еді. Мұнда біздің елдеріміздің болашағы үшін бүгінгі таңда болашағы зор ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды сақтап қана қоймай, сонымен бірге олардың нәтижелерін жүзеге асыратын жоғары технологияларды сақтаудың өміршең маңызы бар. Мұның өзі қазір жан-жаққа шашылып, таратылып, инвестициялық тапшылықтан күреп отыр.

**Үшіншіден**, мұның өзі бұрынғы атом өнеркәсібі және атом машина жасау кәсіпорындарының серіктестігі және мемлекетаралық ынтымақтастығы бола алар еді, яғни атом энергиясымен және атом өнеркәсібімен байланысты барлық ғылыми-өнеркәсіп күштерінің серіктестігі бола алар еді. Мұның өзі өте маңызды іс. Ол сондай-ақ халықаралық қауіпсіздікті және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ете алар еді.

Мемлекетаралық өзара іс-қимыл саласындағы осындағы қатынастардан басқа, мысалы, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы тәрізді аса маңызды өміршең салаларды неғұрлым белсенді игеру қажеттілігі туып отыр.

Біздің елдеріміздің өнеркәсіп министрлерін және ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы машиналарын жасау министрлерінің кездесуін өткізуді ұсынамын. Бұлардың алғашқыларының кездесуін, мысалы, Қарғандыда, екіншілерінің кездесуін Ақмолада өткізуге болар еді. Салалық министрлердің осындай кеңесін ірі тауар өндірушілермен бірге өткізген жән. Оның үстіне өздерін ТМД-ның шеңберімен шектемей, қайта қатысуышылардың құрамын Грузияның, Балтық теңізі елдерінің, тіпті Шығыс Еуропа елдерінің есебінен кеңейтуге болар еді.

Төртіншіден, бұрынғы Одақтың ғана емес, сондай-ақ, бұрынғы Экономикалық Өзара Көмек Кеңесінің шеңберінде табиғи экономикалық бірігу байланыстарын үйлестіруді қалпына келтіру саясаткерлер үшін игерілмеген тың болып отыр.

Бұл, әсіресе, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері экономикасының өзара ықтимал қарым-қатынасына қатысты. Бұл тұста кейбір мәселелердің құлағы көрініп отыр. Мысалы, Қазақстан үкіметі мен біздің ауылшаруашылық кәсіпорындарымыз Венгрияның ауылшаруашылық өндірушілерімен және үкіметімен аграрлық салада тікелей ынтымақтастық пен кооперацияны жолға қоюға ұмтылып отыр. Алайда, бұл жерде орасан зор пайдаланылмаған резервтер, ұшы-қиырсыз шығындар мен уыстан шығып кеткен пайда жатыр. Оның үстіне екі жақтың да уысынан сусып түскен пайда жатыр. Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің ғалымдарының, өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің топтары бұрынғы кеңестік кезеңнің таптаурындарын қиратып, психологиялық кедергілерді алып тастап, өздерінің үкіметтеріне тағылым сабагын бере алар еді.

Мәселен, біздің елдеріміздің экономикаларының тығыз ынтымақтастығынан нақты әрі аса бай жемісін қалай алуға боларын үйрете алар еді. Мұның өзі саясаткерлер үшін бірігу жолындағы экономикалық жаппай білім алу жөніндегі жақсы сабак болар еді.

Өнеркәсіпшілердің және кәсіпкерлердің ой-елегінен өткізуіне Шығыс Еуропа, бұрынғы Одақтың және тарихи жағынан ең жақын басқа да Еуразия елдерінің экономикалық ынтымақтастығын үйлестіру жөніндегі ұжымдық құрылымның ең таңдаулы жобасына халықаралық байқау өткізуді ұсынамын.

Алматыда Еуразия экономикалық кеңістігінің проблемаларын зерттеу жөніндегі халықаралық институтты ашу жөнінде ұсыныс жасаймын.

Біз, оның жұмысына Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің, Үндіқытайдың, Араб Шығысының және Орталық Азияның ең таңдаулы күштерін тарта алар едік. Ал өндірісшілер мен кәсіпкерлердің халықаралық конгресі ең таңдаулы европалық ақыл-ойды осы іске қатыстыра алар еді. Мұның нәтижесінде Алматы Еуразиялық экономикалық кеңістіктің басын біркітіру жөніндегі жобаларды талдап жасаушылар және оның авторлары үшін өзіндік бір Меккеге айналар еді. Біз бұл үшін қолдан келгеннің бәрін, тіпті осындағы халықаралық

институтқа БҰҰ-ның тарапынан және Азия құрылышындағы басқа да халықаралық ұйымдардың көмек көрсетуі жөніндегі мәселені қоя алар едік.

Өндірісшілердің және кәсіпкерлердің халықаралық конгресінің мәртебесі мен беделін нығайту мақсатында ассамблеяның тиісті құжат қабылдауы жөнінде тілек білдіремін. Бұл құжатта оған қатысушылар өздерінің үлттық, мемлекеттік және экономикалық мұдделеріне қайшы келмей, ортақ іс үшін елдердің экономикасын үйлестіру және біріктіру, ынтымақтастық жөніндегі деңгейді айқындаі алар еді.

Бұл құжатты жаңа экономикалық серіктестік жөніндегі Алматы конвенциясы деп айтуда болар еді.

Мұның мәнісі үйлестіру мен біріктірудің негізгі принциптерін және қажетті нәтижелерді айқындауда болып отыр. Осыған өз елдері халықтарының гүлденуі мүддесі тұрғысынан бұған қатысушылар бара алар еді. Алматы конвенциясын Азия мен Еуропаның барлық елдерінің кез келген экономикалық субъектілері қол қоюы үшін ашық етуге болар еді. Мұның өзі, өз халықтарының мүддесі үшін біздің елдеріміз саясаткерлерінің жұмылдыруши күш-жігерін біріктіру үшін жаңа күш-қуат бере алар еді. Ал Алматы конвенциясына қатысатындарға келетін болсақ, оған кәсіпорындардан, фирмадан бастап мемлекеттік органдарға дейін, мемлекеттер мен мемлекетаралық одақтар және бірлестіктерге дейін экономикалық қызметтің және экономикалық саясаттың кез келген субъектілері қатыса алар еді. Егер төуелсіздік пен егемендік ұғымына қайшы келмейтін қаржы, экономикалық, ғылыми-технологиялық, өндірістік-технологиялық және ұйымдық-басқару ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылды жөніндегі баршаға ортақ көкейкесті идеялар көрінуі тиіс. Сонда парасатты кез келген саясатшы оған ғалыммен, өндірісшімен және кәсіпкермен бірдей қол қоя алар еді.

Өзінің сөзін аяқтай келіп, Нұрсұлтан Назарбаев қатысып отырғандарға осы ассамблеяда және оның мәжілісі аяқталғаннан кейін де өз мемлекеттерінде, ұйымдарында және кәсіпорындарында біздің елдеріміздің үлттары мен ұлыстарының гүлдене, көркейе беруі жолында табысты әрі жемісті жұмыс істеуіне тілек білдірді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢГҮШ  
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА АРНАЛҒАН  
ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТИҢ САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ  
СӨЙЛЕГЕН СӘЗІ\***

*Алматы, Парламент үйі, 28 қаңтар 1993 жыл*

**БҰЛ КҮН РЕСПУБЛИКА ТАРИХЫНА ЕНЕДІ**

Жаңа ғана шынында да тарихи оқиға болып өтті – Қазақстан Республикасының түңгүш Конституциясы қабылданды. Барлық қазақстаннықтарды республика үшін шын мәнінде ерекше оқиғамен құттықтаймын. Мұның өзі мемлекеттіліктің қалыптасуы, ұлттық тәуелсіздікті қамтамасыз етудің сапалы жаңа кезеңіне өту, азаматтық құқықтар мен бостандықтардың нақты кепілдігі, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудың перспективалы ойларын нақты жүзеге асыру үшін құқықтық негіз жасаудың іргетасын қалады.

Халық депутаттарына, құқық саласындағы мамандарға, шетелдік достарға, қазақстаннықтарға, республиканың жаңа Конституциясын жасауға белсенді қатысқандардың барлығына ризашылық пен алғыс білдіремін.

Зор да күрделі жұмыс аяқталды. Ол екі жылдан астам жүргізіліп келді. Мұның өзі республиканың мемлекеттік тәуелсіздігін нығайту, оның әлеуметтік бағдар ұстаған нарықтық экономикаға көшуі сапалы жаңа заң құру қажеттігінен туындалды. Конституция мемлекеттік, оның институттари тұрақтылығының құқықтық кепілі, қоғам дамуының пәрменді құқықтық іргетасы ретінде көзделді. Осы кезеңде алға қойылған міндеттерге тұтасымен қол жеткізілді деп айтуда толығымен негіз бар.

Конституцияның қабылдануымен Қазақстанның халықаралық сахнадағы айқында масының нығаятыны да сөзсіз. Осыған байланысты жобаны даярлау барысында мемлекеттік құрылыш, адам құқығымен бостандығы саласындағы жалпы жүрт таныған халықаралық құқық принциптері толығымен ескерілгенін атап өтү керек.

Бұдан былай біздің көп ұлтты халқымыз жаңа Конституция бойынша өмір сүріп, жұмыс істей бастайтын уақыт бастау алады.

Конституциялық нормалардың барлық қайта құру потенциалын нақты ашу, көбіне барлық азаматтарға, біздің әрқайсымызға, біздің барлығымыздың Негізгі Заңдағы ізгілік мұраттарын қаншалықты мақсатты да жігерлі сақтап,

\* "Егемен Қазақстан", 29 қаңтар 1993 жыл.

оның рухы мен әр сөзін құрмет тұтатынымызға байланысты болады. Осындаі көзқарас жағдайында Конституция құр бос жариялау ғана болмай, қайта прогресс пен ғулденудің қуатты факторына айналады.

Азаматтардың қоғам өміріне белсенді, саналы әрі кең түрде қатысуының маңызды шарты саяси партияларды, бұқаралық қозғалыстарды, діни және басқа бірлестіктерді құру мен олардың жұмыс істеуінің және тек мүмкіндіктегіңін құқықтық негізін Конституциялық жолмен бекіту болып табылады. Бұл ретте қоғамды дәлелсіз мемлекеттendіру кез келген бірлестіктер немесе қоғамның ұлттық не қауымдық топтарына жататынына қарамастан, адамдар тарапынан экстремизмге берік бөгет қою көзделген.

Тиісті әлеуметтік-экономикалық базасыз үкімет өз мойнына алып отырған міндеттерді орындауды жүзеге асыру қыын. Сондықтан, Конституцияда нарықтық қатынастарды, меншіктің сан қырлы нысандарын дамыту үшін қажетті де құқықтық берік негіз қаланғаны өте маңызды.

Мемлекеттік билікті заң шығару, атқарушы және сот билігіне бөлу принципін Конституцияда көрсету сөзсіз жетістік. Оған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілеттігі шенберінде дербес болады, төзімділік пен қарама-қарсы салмақ жүйесін пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасайды. Бұл кез келген мемлекеттік органның "басты" немесе "жоғары" рөлге ұмтылу мүмкіндігіне жол бермейді. Сонымен бірге, біз біртұтас мемлекеттік биліктің үш арнасының диалектикалық бірлік принципін одан әрі де дамытып және жетілдіріп, олардың жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз етеміз.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолына жаңа ғана түсті. Бұл әлі де бірнеше ондаған жылдар бойы жүргуге тура келетін жол болуы ықтимал. Бізге осындаі қоғамның заңды негізін құруға назар мен күш-жігерді шоғырландыру керек. Қабылданған заңдардың сапасын арттыру жөнінде тұрақты қамқорлық көрсетуге тура келеді.

Заң шығару процесін тубегейлі жетілдіру ерекше көкейкесті және нақты мәнге ие болады. Ол құқықтық актілерді қабылдау мен заң жобаларын талқылауға халықтың кең түрде қатысуының қажеттігін білікті негіздеу жағдайында перспективалы-жоспарлы негізде жүзеге асырылуға тиіс.

Біздің маңызды міндеттіміз – Конституцияның барлық басқа заңдардың алдындағы тете іс-қимылы мен үstem тұру принципін бекіту мен жүзеге асыру. Осыған байланысты заңдылық пен құқық тәртібін сақтау механизмін күшетуге қызмет ететін құқықтық реформаны жүзеге асыруда үлкен тиімділікке қол жеткізу проблемасына назар аудару керек. Заңдарда конституциялық ережелердің дәл сақталуына, ал ведомстволық және басқадай нормативтік актілерде қолданылып жүрген заңға қайшылықтың болмауы үшін бақылау жасау жүйесін жетілдіру концептуалдық мәнге ие болады.

Экономикадағы, қоғамдық қатынастағы, психологиядағы өзгерістер ерте ме, кеш пе конституциялық нормаларды жетілдіру қажеттігіне әкеліп соғатының айқын түсінү керек. Бұл табиғи процесс. Негізгі Заң – біздің өміріздің, біздің ортақ проблемаларымыздың өзінше бір айнасы. Сондықтан оларды

бірден шешуге бола ма? Міне, сондықтан белгілі бір кезеңнен кейін уақыт талабына орай кейбір конституциялық нормаларды анықтауға қайтып оралуға тұра келеді.

Қабылданған Негізгі Заң Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстарды, оның барлық азаматтарын жақындастыру үшін бірегей мүмкіндік туғызады. Ол адамдардың өмірлік шындығын, көзқарасын, заң шығару процесін олардың қалай түсінетіні бейнелеңді. Сондықтан Қазақстан халқын Негізгі Заңының шығарушысы деп батыл айтуға болады. Бізге қазіргі жағдайды қоғамда келісім, өзара түсіністік пен ынтымақтастық ахуалын одан әрі нығайту үшін пайдалануымыз керек.

Егеменді демократиялық мемлекет – Қазақстан Республикасының жаңа әрі тұңғыш Конституциясы халықтың игілігі мен гүлденуі үшін толық көлемде жұмыс істеуін тілеймін.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ТОРЖЕСТВЕННОМ ЗАСЕДАНИИ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА,  
ПОСВЯЩЕННОЕ ПРИНЯТИЮ КОНСТИТУЦИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН\***

---

*Алматы, 28 января 1993 года*

**ЭТОТ ДЕНЬ ВОЙДЕТ В ИСТОРИЮ РЕСПУБЛИКИ.  
ПРИНЯТА ПЕРВАЯ КОНСТИТУЦИЯ  
СУВЕРЕННОГО КАЗАХСТАНА**

...В эти часы совершен поистине исторический акт – принята первая Конституция Республики Казахстан. Поздравляю всех казахстанцев с этим действительно знаменательным для республики событием. Хочу подчеркнуть, что тем самым положено начало созданию правовой базы для становления государственности, перехода на качественно новый этап обеспечения национальной независимости, реальных гарантий гражданских прав и свобод, практического осуществления перспективных замыслов в построении демократического общества и правового государства.

Выражаю признательность и благодарность народным депутатам, специалистам в области права, зарубежным друзьям, казахстанцам, всем тем, кто активно участвовал в создании новой Конституции республики.

Завершена огромная и сложнейшая работа, которая велась более двух лет. Она диктовалась необходимостью закрепления государственной независимости республики, ее перехода к социально ориентированной рыночной экономике, формирования качественно нового законодательства. Конституция предусматривалась как правовой гарант стабильности государства, его институтов, действенный правовой фундамент развития общества. И можно с полным основанием сказать, что поставленные на этом этапе задачи в целом достигнуты.

С принятием Конституции, несомненно, укрепляются позиции Казахстана и на международной арене. В этой связи надо отметить, что в ходе подготовки проекта в полной мере учитывались общепринятые принципы международного права в области государственного строительства, прав и свобод человека.

---

\* "Казахстанская правда", 29 января 1993 года.

Отныне пошел отсчет времени, когда наш многонациональный народ начинает жить и работать по новой Конституции.

Практическое раскрытие всего преобразующего потенциала конституционных норм в огромной мере будет зависеть от всех граждан, от каждого из нас, от того, насколько целеустремленно и энергично мы все вместе будем следовать гуманным идеям, заложенным в Основном законе, чтить его дух и букву. При таком подходе Конституция не будет пустым декларированием, а станет мощным фактором прогресса и процветания.

Важным условием активного, осознанного и широкого участия граждан в жизни общества является конституционное закрепление правовых основ формирования и функционирования политических партий, массовых движений, религиозных и других объединений, их равных возможностей. При этом предусмотрена надежная преграда неоправданному огосударствлению общества, экстремизму со стороны любых объединений или лиц, независимо от их принадлежности к национальным либо сословным группам общества.

Без соответствующей социально-экономической базы выполнение обязательств, которые берет на себя государство, трудно осуществимо. И очень важно, что в Конституции заложена необходимая и прочная правовая основа для развития рыночных отношений, многообразных форм собственности.

Несомненным достижением стало конституционное закрепление принципа разделения государственной власти на законодательную, исполнительную и судебную. В соответствии с ним государственные органы в рамках своих полномочий самостоятельны, взаимодействуют между собой с использованием системы сдержек и противовесов. Это исключает возможность претензий любого государственного органа на роль "главного" или "высшего". Вместе с тем мы будем и дальше развивать и совершенствовать принципы диалектического единства трех ветвей единой государственной власти, обеспечивать эффективность их функционирования.

Республика Казахстан только встала на путь построения правового государства, на путь, по которому предстоит идти, возможно, еще не одно десятилетие. Нам следует сосредоточить внимание и усилия на построении законодательной базы такого общества. Предстоит проявлять постоянную заботу о повышении качества принимаемых законов.

Особую актуальность и практическую значимость приобретает кардинальное совершенствование законотворческого процесса, который должен осуществляться на перспективно-плановой основе при компетентном обосновании необходимости принятия правовых актов и широком участии населения в обсуждении законопроектов. Важнейшая наша задача – утверждать и проводить в жизнь принцип прямого действия и верховенства Конституции перед всеми другими законами. В этой связи следовало бы скон-

центрировать внимание на проблемах достижения большей эффективности в осуществлении правовой реформы, призванной усилить механизмы поддержания законности и правопорядка. Концептуальное значение приобретает совершенствование системы контроля с тем, чтобы в законах точно соблюдались конституционные положения, а в ведомственных и иных нормативных актах не было противоречий действующему законодательству.

Надо отчетливо понимать, что изменения в экономике, общественных отношениях, в психологии народа рано или поздно приведут к необходимости совершенствования конституционных норм. Это естественный процесс. Основной закон – своеобразное зеркало нашей жизни, наших общих проблем. И разве можно решить их разом? Вот почему через какой-то период придется вернуться к уточнению некоторых конституционных норм, адекватных времени.

Принятый Основной закон создает уникальную возможность для сближения всех наций и народностей, проживающих в Казахстане, всех его граждан. Он отражает жизненные реалии, взгляды самих людей, их понимание законотворческого процесса. Поэтому творцом Основного закона можно смело назвать народ Казахстана. Нам надо использовать нынешнюю ситуацию для дальнейшего укрепления в обществе атмосферы согласия, взаимопонимания и сотрудничества.

Желаю, чтобы новая и первая Конституция суверенного демократического государства – Республики Казахстан – в полной мере работала на благо и процветание народа.

**ИЗ ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИИ ВО ВСЕМИРНОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ  
ФОРУМЕ В ДАВОСЕ\***

---

Давос, 31 января 1993 года

**КАЗАХСТАН СТРЕМИТСЯ СТАТЬ СВЯЗУЮЩИМ ЗВЕНОМ МЕЖДУ  
ЕВРОПОЙ И АЗИЕЙ, СТРОИТЬ РАВНОПРАВНЫЕ  
И ВЗАИМОВЫГОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ С БЛИЖНИМИ  
И ДАЛЬНИМИ СОСЕДЯМИ**

...Наша республика второй раз участвует во Всемирном экономическом форуме в Давосе, и сейчас мы прибыли сюда после года с лишним жизни в условиях независимости и суверенитета.

Мы будем строить равноправные отношения и с потребителями, и с поставщиками нефти из всех регионов, сказал Президент. Он подробно рассказал об экспортных возможностях Казахстана.

Наша страна находится в самом центре Азии, она одна из самых крупных на континенте. В новом многополюсном мире, где больше нет противостояния Восток – Запад, важно, чтобы Казахстан стал источником стабильности. Пока в нашем многонациональном государстве этого достичь удается, что позволяет проводить рыночные реформы в управляемом русле. Разрыв в начале 1992 года экономических связей, существовавших в тесно интегрированном бывшем Советском Союзе, привел к тяжелым последствиям, к спаду производства. Я постоянно выступаю за интеграцию в СНГ, за единое экономическое пространство, что позволило бы нам не допускать кровавых конфликтов и войн между республиками. Сейчас и Украина начала понимать, что ее продукция нужна на наших внутренних рынках, что без взаимных поставок нельзя прожить. Поэтому я удовлетворен тем, что на последней встрече руководителей стран СНГ в Минске внесены мои предложения, подписаны важные документы, поддержавшие их 7 республик могли бы составить твердое ядро СНГ, вокруг которого могли бы собираться другие государства, в том числе на правах ассоциированных членов. СНГ входит в новый этап своего существования, развивается в сторону интенсивности.

Страна стремится стать связующим звеном между Европой и Азией, строить равноправные и взаимовыгодные отношения с близкими и даль-

---

\* "Казахстанская правда", 2 февраля 1993 года.

ними соседями, привержена к строительству демократического государства социальной рыночной экономики.

Казахстан относится к России как к своему стратегическому союзнику. Мы очень хотим, чтобы Россия была стабильна, едина, чтобы там не было кризисных явлений, чтобы она развивалась в сторону демократии и рыночной экономики. Сейчас все международное сообщество должно быть заинтересовано в том, чтобы в СНГ в целом не происходило дезинтеграционных процессов – это не отвечает интересам ни Европы, ни Азии, ни всего мира.

\* \* \*

Интерес к Казахстану нарастает после того, как прошлом году республика приняла участие во Всемирном экономическом форуме в Давосе. Встречи и контакты, имевшие тогда место в Давосе, позволили затем провести совещание бизнесменов в Казахстане. В результате сегодня в республике уже функционируют 1 500 совместных предприятий.

На недавней встрече в Минске глав государств СНГ была принята инициатива Казахстана об учреждении Межгосударственного банка, подписаны документ об урегулировании рынка ценных бумаг и Устав СНГ, создан Комитет по координации экономических связей. Я остаюсь приверженцем идеи рублевой зоны и общего экономического пространства Содружества. Государства – члены СНГ начали понимать, что их тесно интегрированная экономика требует более конкретного взаимодействия, а суверенитет и независимость – это политическая сторона вопроса. В Давосе об этом заходит речь.

В результате участия Казахстана в Давосском форуме известные в деловом мире компании "Бритиштэс" и "Аджип" выиграли тендер на разработку крупнейшего Караганакского нефтегазового месторождения. Зарубежные партнеры были привлечены также на месторождения нефти в Каспийском море, подписаны десятки контрактов по совместной переработке цветных металлов и сельхозпродукции. Особенно большой интерес к нам на этот раз проявляют восточноевропейские страны – Болгария, Румыния, Венгрия, которые стремятся восстановить порванные связи.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ БІРЛІГІ"  
ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА  
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

---

Алматы, 6 ақпан 1993 жыл

Біз, жаңа қоғамдық бірлестіктің дүниеге келуі кезіне қатысып отырмыз. Оның инициаторлары өткен жылдың қарашасында өздері туралы бар дауыспен мәлімдеген болатын. Олар жариялаған принциптер – халықтар достығы, центризм, әлеуметтік теңдік және серікtestіk – терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қажеттігін ұғынған жүздеген қазақстандықтардың арасында терең түсіністік тапты. Ашығын айтайын: республикамызға белгілі қоғам қайраткерлерінің бір тобы халықтар достығын жақтап, жария түрде пікір айтқанына шын жүректен қуандым. Себебі халықтар достығы дегенді қазір кейбіреулер империялық өткенмен шенdestіріп жүр. Бірақ бұл ұғымды іс жүзінде қандай да бір басқа сөзбен алмастыруға болмайды. Оған балама болатындай синоним жоқ. Өйткені оның мазмұны Қазақстанның өткен тарихы үшін де, біздің қазіргі өмір шындығымыз үшін де ойдан шығарылған нәрсе емес.

Оңшыл және солшыл пиғылдағы ұшқарылықтан ада көзқарастар жүйесі – центризм идеологиясы да бүгінгі таңда өте маңызды. Парасатты ақыл-ойды жақтаушылардың күш-жігерлерін үйлестіру туралы мәселенің қойылуы да маған аса сындарлы болып көрінеді. Және де оның себебі мынада. КОКП-де рұқсат етілген пікір алуандығы оның қатарларының идеологиялық мызғымастығының жалғандығын, көптеген коммунистер ойының нақты өмірдегі және жария түрдегі қос астарын іс жүзінде бірден көрсетіп берді. Коммунистік партияның ыдырауынан кейін құрылған көптеген саяси ұйымдар да көбіне пікірлестер бірлестігі емес деп ойлаймын. Әдетте олардың мүшелерінің көзқарас аясы тым кең.

Мұны түсіндіру оңай, 1991 жылдың тамызынан кейін онша көп уақыт өткен жоқ. Және бұл адамның өзіне-өзі талдау жасауы үшін, жаңа саяси институттарды тұрақтандыру үшін, біздің қоғамымызда болып жатқан белгілі

---

\* "Егемен Қазақстан", 9 ақпан 1993 жыл.

бір процестерге өзінің айқын көзқарастарының жүйесін табуы үшін мұлдем жеткілікіз.

КОКП-мен қош айтысқан адамдар көбіне өздерінің көзқарастарына толық саяси келмейтін саяси қыстар тапты немесе осы кезге дейін оның ешқайсынына ие бола алмай келеді. Демек, центризмді уағыздайтын әр түрлі саяси күштердің әкілдерін бір саяси бірлестікке – қоғамдық-саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық прогресс одағына біріктіру қажет. Бұғынгі конференция да соған әрекет етіп отыр.

Сіздердің одағының біздің республикамыздың саяси сахнасында объективті түрде қажет. Оның үстіне біздің жас тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде белгілі бір формада сәзсіз өмір сүретін үлтшыл-радикализмге қарсы тұру үшін де қажет. Мен үлттық мұдделердің шынайы қорғаушыларын, өз үлттының патриоттарын айтып тұрмағанымды атап көрсеткім келеді. Әңгіме өз этносының проблемаларын басқалардың есебінен шешуге тырысатын, үлттық алауыздықты қоздырып, заңға қайши әрекет ететіндер туралы болып отыр. Сондықтан үлтшыл-экстремизмге қарсы осындай қуатты қарсы салмақ болмаса, біздің көп үлтты еліміздің бірақ жолы – тарихи тұйыққа тірелер жолы ғана қалады. Осы арада менің пікірімше, маңызы одан кем түспейтін басқа да бір аспект бар. Центризм сенімі одақтың бағдарламалық тезистерінде ұсынылған әлеуметтік серіктестік идеясымен аса тығыз байланысты. Ал бұл идея қазір өз-өзінен төтенше маңызды. Мәселе мынада, ұзақ жылдар бойы біздің санамызға таптық тайталас идеясы күштеп сінірліп келді. Ал ол қайткенде де әлеуметтік қырқысқа, азаматтық қантөгіске душар етеді. Меншік иесіне жау бейнесі ағылып келді. Әйтсе де тап қазір мына жәйт кез келген адамға айқын: өздерінің еңбек нәтижелері олардың еркінсіз және келісімінсіз қайта бөлініп отыратын адамның немесе ұжымның ештеңеге билігі журмейтін болса, онда ол қожа ретінде әрекет ете алмайды. Бұл арада меншік иелерінің кең көлемді жіктерін жасамайынша экономиканы жаңғыртудың мүмкін емес екендігін айтып жатудың қажеті де жоқ.

Таптық қарама-қарсы тұрушылық пен қоғамның алаңдарлық қайшылығын женүндің маңыздылығын айрықша атап өтемін. Осы заманғы өркениеттік, демократия мен қоғамдық-саяси тұрақтылықтың нақты тірегі – орта таптың дәйекті түрде қалыптасуын бір мәнді жақтаймын. Бұл тап өзіне жеке меншік иелерімен, кәсіпкерлермен, шығармашылық қызметкерлермен бірге мемлекеттік қызметкерлер институтын да сәзсіз қосуы тиіс.

Маған тек бағдарламалық принциптер ғана емес, сондай-ақ "Қазақстаның халық бірлігі" одағы деген жаңа саяси үйімнің аты да ұнайды. Әйткені, тек қазақстандықтардың бірлігі ғана біздің жерімізде – республика азаматтарының барлығының үлттына қарамастан ортақ Отанында шынайы бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз ете алады.

Дегенмен "бірлік" деген сөз – бұдан барынша кең, нұсқалы, іштей бай үғым. Жаңа саяси бірлестіктің негізгі мақсаты қаншалықты икемді және ауқымды болғанымен, ол қоғамның барлық жіктерін қанағаттандыра алмайды. Міне, қазіргі кезде одақтың бағдарламалық мақсаттарын ұстанатын адамдардың мұддесі мен іс-қимылтының бірлігі туралы айтудың орынды көрінетіні де сондықтан. Және де, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді дәйекті жүргізу, біздің республикамыздың тұрақты прогресі, бағыты туралы айтқан жөн. Осыны басшылықта ала отырып, жаңа бірлестікті – "Қазақстан бірлігі мен прогресі" одағы (ҚБПО) деп атауға кеңес беремін.

Қоғамдық дамуда шынайы прогрессе жету мәселелеріне тоқтала келіп, Президент құрылтайға қатысушылардың назарын қоғамның барлық интеллектуалдық күштерін барынша белсенді етпейінше, мұндай прогрестің мүмкін еместігіне аударды. Алайда, республикада олар бұдан әлі алыс тұр. Баспасөзде "экономикалық стратегия мен тактикада ескі көзқарастардан бас тарта алмайтын" "бұрынғы номенклатураның" атына айтылып келе жатқан сын аз емес. Аса үлкен қорытындылар жасамасақ, мұндай тұжырымдармен ішінара келісуге де болатын шығар.

Дегенмен, жаңа тәсілді жақтаушылар өзірге өздерін үзіп-жұлдып қана көрсетіп отырғанын да бір мәнді теріске шығаруға болмас. Қоғамдық көкжиекте әдеттен тыс ой түйіндептін экономистер мен саясаткерлер жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаев, мұндай адамдардың республикада дегенмен бар екенине немесе таяу арада пайда болатынына үміт білдірді. Сөйтіп, жаңа саяси үйімның белсенділеріне өтпелі кезең проблемаларының әлеуметтік-экономикалық қорын құру идеясын нақты жүзеге асыру жолында жұмыс істеуді ұсынды. Осы қор үкіметпен қатар жұмыс істеп, өздерінің жеке және кешенді бағдарламаларына жол таба алмай жүрген талантты жастардың күш-жігерін шоғырландыратын ақыл-ой орталығы бола алар еді.

Кисын бойынша мұны көсіпкерлік жіктер жасап, іске асыруға тиіс еді. Бірақ олар өзірге ізденіс пен "бастапқы қор жинау" деңгейінде ғана жүр. Сондықтан да ықпалды әлеуметтік-экономикалық күш ретінде өздерін көрсете алмай жүрсе керек. Егер көсіпкерлік одақтар бұдан әрі де интеллектуалдық, қаржы және басқа ресурстарды шоғырландырудың маңызын менсінбейтін болса, онда уақытты өткізіп аламыз. Тіпті адамның өмірін де кері қайтаруға болмайды ғой. Ал қоғамға келсек, оның дамуы адам күтпегендей, бұрапан, бұлтарыстармен жүруі мүмкін.

Президент партияаралық ассамблея құру идеясын да болашағы зор идея дег атады. Оның сенімі бойынша, мұны жүзеге асыруды осы саяси бірлестік қолға ала алар еді. Тек жаңа қоғамдық зиялды топты (ендігі жерде осы заманғы саясаттың жалпыға бірдей қабылданған үғымына үйренетін кез жетті) іздестіру арқылы ғана ол реформаның шынайы қозғаушы күші бола алады. Өзінің идеяларымен жүргізіліп отырған өзгерістерден ең болмағанда бір

қадам болса да оза жүріп, сіреспе мемлекеттік құрылымдарды жаңалықтарға кейде объективті, кейде субъективті түрде итермелеп отыруға тиіс.

Уақыт осы заманғы саяси партиялар мен қозғалыстардан, әр түрлі ауқымдағы басшылардан ерекше саяси көре білушілікті талап етеді. Аласапыран мен бүліншілік дүниесінің есігін ашатын жалғыз кілт – "дөңгелек үстел" түріндегі барлық прогрессіл құштердің бірігүі екендігін барлығымыздың да түсініп, сезінуіміздің маңызы зор.

Өзара тиімді шешімдердің осындағы ізденісі біздің дәуіріміздің өтпелі сипатына байланысты да аса қажетті. Мұның өзі қоғамдық өмірдің барлық саласын қиратып, қайта құруда, қоғам мен мемлекеттің дамуына ықпал ететін, белсенді, бейтарап немесе реакциялық күш болуы да ықтимал қоғамдық сананы түбебейлі жаңартуда болып отыр. Ондаған жылдар бойы адамдарды биліктен оқшаулау саяси сана-сезімді мұқалтты. Экономикалық сана – шаруа құрып, иелік ету сезімінен айрылды, тарихи сана шынайы фактілер мен көпек-кернеу өтірікті арапастырып айтуда түріндегі саяси дұрыстық дейтінмен алмастырылды. Сондықтан да осының барлығының салдары ретінде бір кездері қоғамдық прогрестің мәнгі двигателі ретінде ойластырылған бұрынғы идеологиялық мәшине құр босқа жүрістен демі бітіп, қатардан шығып қалды.

Осының нәтижесінде халықтың едәуір бөлігі қазір саяси селқостық, айналада болып жатқанның бәріне толық енжарлық жағдайында отыр. Бірақ бұл уақытша құбылыс. Идеологиялық бос кеңістік болмайды. Демек, адамдардың ақыл-ойын билеу жолындағы саяси бірлестіктердің күресі күн өткен сайын үдей түсетін болады.

Бірақ ол басталған өзгерістердің тағдыры үшін халық пен тарих алдында барлық толық жауапкершілікті сезіне отырып, өркениетті әдістермен жүргізілуге тиіс. Адамдардың психологиясы, олардың дүниетанымдық қез-қарастары Кеңес өкіметі жылдарында бұрмаланған немесе өлшеп берілген ақпараттар негізінде қалыптасқан таптаурындар мен ұғымдардың бір мезгілде талқандалуымен қатар өзгеретін болады. Сондықтан да мұнда қоғамның құндылықтардың жаңа жүйесін өзірлеуіне ықпал ететін ең ұтымды тәсілдерді дұрыс таңдауы маңызды.

Ғасыр бойғы ұлттық дәстүрлер мен қоғамдық-мемлекеттік ерекшеліктерді басып жанышмайтын, жалпы адамзаттық, жалпы планеталық құндылықтарға арқа сүйейтін бүкіл дүниежүзілік өркениет арнасына кіру идеясы идеологиялық жаңарудың негізі болуға тиісті. Нақты демократияны баянды ету, адамның, ұжымның және қоғамның мұдделерін үйлестіру негізінде жеке адамның экономикалық, саяси және рухани бостандығымен бірге ар-ождан, адалдық, байсалдылық, ізгілік сияқты имандылық сананың мұқалған негізгі ұғымдарын қалпына келтіру оның өзегі бола алады.

Бұл орайда біздің қоғамымыздың еш уақытта нақты демократияны білмей келгендігін көзімізден таса қылмауымыз керек. Сондықтан да оның

мүшелерін шынайы бостандық – бұл ең алдымен анархиямен, меммендікпен және заңсыздықпен сыйыспайтын, өзінің және айналаңдағы адамдар алдындағы жауапкершілігін екенін үғындырып, ұдайы тәрбиелеп отыру қажет. Жаңа үстемдік – заң мен құқық үстемдігі толық баянды етілгенде ғана диктатура қоғамының соңынан демократия қоғамы орнайтын болады.

Жоғарыда айтылғандардан одақ жариялаган айқын қадамдар тактикасы осы кезеңде барынша дұрыс және салмақты болып көрінеді. Ол халықтың таңдал алған жолының дұрыстығына деген сенімін нығайтуға, жаңа дуниета-nym құндылықтарының негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Талдап жасалатын идеологиялық басымдықтардың пәрменділігі көбіне әрбір адамның тұрақтылықты сезінуіне, біздің қоғамдағы құрт бұрылыштардың аяқталғанын, ал жүргізіліп отырған саясаттың сындарлы әрі баянды екенін түсінуіне байланысты болмақ. Осынау былай қарағанда, қарапайым шындықты республикадағы жаңа саяси үйымның белсенділері ешқашанда ұмытпауы керек. Адамдардың психологиясын жаңарту қазір "жарқын болашаққа" деген кез келген жобасымақтарды сөзсіз теріске шығарғанда, тұрмысты жақсарту қазіргі ұрпақтар мәселесі екенін, әркімнің игілігі оның өз қолында екенін түсіндіріп, адамды сендеру арқылы ғана мүмкін болады. Республиканың әрбір азаматы жаңару процесін өзіне тұра қатысты іс ретінде қабылдауы тиіс. Кез келген жерде іргені аулаққа салуға жол бермей, болып жатқан оқиғаларға оның қатысты екенін сезіндіру, адамдардың өз өміріне өзі қожа идеологиясын тәрбиелеу қажет.

Жігіттер мен қыздардың қазір өздерін барынша көрсетуі керек. Дегенмен, олардың бастамалары әзірге, өкінішке қарай, мемлекеттік ойлау деңгейіне шықпай отыр. Иә өткен жылдың жазында жастар құрылымдары түбегейлі өзгерістерді қолдайтын саяси үйым құру жөнінде әрекет жасады. Бірақ, ол сәтсіз аяқталды. Бұл оны үйымдастырушылардың жекелеген жаңа ойды немесе сынды айтуға ғана емес, сонымен бірге реформаның терең ойластырылған бағдарламаларын тұжырымдауға қабілетті жастарды таба және топтастыра алмауынан болды.

Өздеріңіз білесіздер, Жоғарғы Кеңес жақында аяқталған сессиясында тәуелсіз Қазақстанның тұнғыш Конституциясын қабылдады, дағдарысқа қарсы кезек күттірмес шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету жөніндегі үкімет бағдарламасын мақұлдады. Бұл бағдарлама таяудағы жылдарға есептелген. Дегенмен экономикалық өзгерістер жолындағы әрбір жаңа қадам берілген схемаларды түзетіп отыруға мәжбур етеді. Сондықтан қазірдің өзінде осы заманғы реформаторлық бағытты нақтылай және дамыта түсетін келесі бағдарламаларды талдап жасау қажет.

Жаңадан туып келе жатқан одақтың өміршеші болатындығына үміт-тенемін. Конференцияға өз командасы өкілдерінің, сондай-ақ көптеген жас

адамдардың қатысып отырғаны қуантады. Әрбір салауатты ойлайтын саясаткер үшін кез келген қоғамдық бірлестік жастарға сенім артқан жағдайда ғана табысқа жететіні түсінікті болар. Өйткені егде адамдар үшін бір дәуірден екіншісіне қарай қадам жасау өте қыын.

Одақтың негізгі міндеттерін белгілей келіп, Нұрсұлтан Назарбаев олардың ішінде үш ең бастысын ерекше бөліп көрсетті.

Экономикадағы жағдайды жуық арада тұрақтандыру қыын екенін өзіміздің ескеруіміз керек. Сондықтан қазіргі қызындықтарды өз мақсаттарына пайдалануға тырысатын саясаттағы алайқтардың табылары да сөзсіз.

Кедейленген тобырларды ептілікпен жауықтыра білумен қоғамды бұзып жіберіп жүрген ұсақ саясатшысымақтардың үлкенді-кішілі "салтанаттарының" мысалдары тарихта жеткілікті. Оқиғаның бұлайша өріс алуына жол беруге болмайды. Сондықтан да бұл бүгін таңда өз отанының тағдыры үшін шынайы әрі байыпты алаңдап отырған кез келген саяси үйымның **басты міндеті**.

**Екінші міндет** – экономикалық өзгерістерге жәрдемдесу. Тек интеллектілік тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ үйымдастырушылық тұрғыдан да көмектесу. Қазір шығармашылықты барлық бұғаудан босатып, прогрессілдікті баянды ету және реакцияшыл атаулының жолына тосқауыл қою үшін ынталандыру жүйесін жасау қажет.

**Үшінші міндет** – саяси мақсаттарды көздейтін қандай да болмасын қоғамдық бірлестіктер жұмысының аса маңызды бағыттарына қатысты. Әңгіме мемлекеттік өкімет билігі органдарының қызметін жетілдіру туралы болып отыр. Мен қазір жұмыс істеп жатқан өкіметтік құрылымдар өздеріне заң бойынша тиесілі өкілеттілік мерзімдерін аяғына дейін атқаруға тиістілігі туралы одақтың бағдарламалық тезистерінде айтылған қағидаларды толығымен қолдаймын. Қазіргі Жоғарғы Кеңесті алмастыратын шын мәнінде кәсіптік парламент істің басына келетін ертеңгі күнді де ойлауымыз керек. Бұл өзінен-әзі бола қоймайды. Сондықтан жаңа депутаттарды табанды тұрде іздестіріп, даярлап, ұсынып, заң шығарушы органдарға өткізу керек. Өйткені пәрменді заңдармен қамтамасыз етпейінше, реформаның табысқа жетуі мүмкін емес.

Нұрсұлтан Назарбаев сөзінің соңында құрылтай конференциясының үйымдастыру комитетіне одақтың бағдарламалық тезистеріне өзінің атына тікелей қолдау көрсетілгені үшін алғыс айтты.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА УЧРЕДИТЕЛЬНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ СОЮЗА  
"НАРОДНОЕ ЕДИНСТВО КАЗАХСТАНА"\***

Алматы, 6 февраля 1993 года

...Мы присутствуем при рождении нового общественного объединения, инициаторы которого в полный голос о себе заявили в ноябре прошлого года. Провозглашенные ими принципы – дружба народов, центризм, социальное равенство и партнерство – нашли живой отклик у сотен казахстанцев, осознающих необходимость глубоких социально-экономических преобразований. Скажу прямо: я был искренне рад тому, что группа известных общественных деятелей республики публично высказалась именно за дружбу народов, которую кое-кто стал сейчас ассоциировать с имперским прошлым. Но это понятие практически нельзя заменить каким-то другим словом. Оно не имеет адекватного синонима, ибо его содержание не является надуманным для исторического прошлого Казахстана, ни для нашей нынешней действительности.

Чрезвычайно важна сегодня и идеология центризма – система взглядов, лишенных крайностей правого и левого толка. Сама постановка вопроса о координации усилий сторонников здравого смысла представляется мне весьма конструктивной. И вот почему. Плюрализм, допущенный в КПСС, фактически сразу показал мнимую идеологическую монолитность ее рядов, проявил откровенное двоемыслие многих коммунистов – реальное и публичное. Думаю, что и многие политические организации, образовавшиеся после разрыва коммунистической партии, в своем большинстве тоже не являются объединениями единомышленников. Как правило, спектр взглядов их членов достаточно широк.

Это легко объяснимо. После августа 1991 года прошло слишком мало времени, и его явно недостаточно для личностного самоанализа, стабилизации новых политических институтов, обретения ими своей четкой системы взглядов на те или иные процессы, происходящие в нашем обществе. Люди, порвавшие с КПСС, зачастую нашли не полностью соответствующую их

---

\* "Казахстанская правда", 9 февраля 1993 года.

взглядам политическую нишу или до сих пор не обрели никакой. Значит нужно объединить представителей разных политических сил, исповедующих центризм, в одно политическое объединение – союз общественно-политической стабильности и социально-экономического прогресса, попытку чего и делает настоящая конференция.

Ваш союз объективно необходим на политической сцене нашей республики и для того, чтобы противостоять национал-радикализму, который неизбежно будет в той или иной форме существовать в период становления нашего молодого независимого государства. Хочу подчеркнуть, что я имею в виду не подлинных защитников национальных интересов, патриотов своей нации. Речь идет о тех, кто пытается решать проблемы своего этноса за счет других, разжигает национальную рознь, действует вопреки закону. И без наличия вот такого мощного противовеса, национал-экстремизму у нашей многонациональной страны один путь – в историческое никуда.

Сейчас республика испытывает определенный недостаток в военных специалистах. С целью пополнения ими Вооруженных сил будет продолжаться обучение молодежи в военных учебных заведениях СНГ и странах дальнего зарубежья, совершенствоваться подготовка в наших училищах и на военных кафедрах гражданских вузов. Особено важно осуществлять комплексную, тщательно продуманную систему допризывной подготовки юношей.

Хочу особо остановиться на недопустимости бытующего еще самовольного оставления места службы солдатами и сержантами. Учитывая особую опасность дезертирства, руководство республики установило жесткий контроль за ходом выполнения мероприятий, направленных на его искоренение. Прямое указание об этом дано в постановлении "О повышении ответственности должностных лиц органов государственного управления за состояние дисциплины, общественного порядка и безопасности".

Я выражаю уверенность в том, что личный состав дивизии, как и все воины Вооруженных сил страны, с честью будут выполнять возложенные на них ответственные задачи по надежной защите суверенного Казахстана, обеспечению ею территориальной целостности, желаю вам успехов в несении нелегкой, но почетной воинской службы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕ ЖАСАҒАН  
БАЯНДАМАСЫ\***

Алматы, 11 мамыр 1993 жыл

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚОҒАМНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ**

Мемлекеттің қоғамдық-экономикалық формациясының ауысуымен нақты байланысты болатын орасан зор өзгерістер әрқашан да адамдар санасындағы күрделі өзгерістермен бірге жүретінін түсінгендіктен, осының өзі мені кез келген қоғамның тіршілігі үшін қажетті көкейкесті проблемаларды ой елегінен өткізу және талдау жасау жолындағы талай қатпарлы ойларға әкеліп тіреді. Ал біз маңызы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз. Бұл орайда қоғамда өзгерістерге сай келетін рухани ахуал туғызы керек, мұның өзі мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде идеология сияқты ерекше салада, тек байсалды саясат арқылы ғана қолдау табады.

Идеология керек пе, керек емес пе деген дау-дамайдың еш жөні жоқ. Оның үстінен өткен ғасырда өмірге енгізілген бұл атау талай құйтырқының амалына түскеннен кейін алғашқы мағынасынан біршама айырылып қалды. Осындай жағдай өктем жүйенің қатаң жағдайында ондаған жылдар өмір сүрген біздің қоғамымызды да болғаны рас. Ол жүйе құйрегеннен кейін "идеология" ұғымының көлеңкелі қырлары басым болып, соңғы уақытта оны саяси сөздікте мысқылмен қабылдайтыны да айқын болып отыр. Бірақ, идеологияның өзіне осындай көзқарас лайық па? Кез келген, әсіресе дамушы мемлекетте көзқарастар мен идеялардың бүкіл кешені ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру, ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мақсатында жасалып отырса, идеология хақында бөтен сөздің не жөні бар?

Қазіргі заманғы үлгідегі қоғам идеологиялық деп айқындаитын жүйе болмайынша өмір сүре алмаса керек.

Дүниес жүзінің жетекші мемлекеттері қашан да өзінің азаматтары үшін ғана емес, сондай-ақ басқа елдердің азаматтары үшін де тартымды саяси,

\* Н. Назарбаев. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 136 б.

экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық та бейнелерді жасауға үмтүлшып келген. Егер мемлекет осы салада бос орын қалдыратын болса, онда мұны өзгеше дүниетанымдық қағидалар толтыратын болады.

Шын мәнінде, идеология – бұл адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлышты қалыптастыру механизмі, бірақ бұл күштеп-зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. Бұл орайда басқа да көзқарастар мен пікірлердің болуы тәркі етілмейді. Өмір алға озып, қоғам мен мемлекет өмір сүріп отырған кезде әр түрлі идеологиялық ағымдар бола бермек.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙ**

Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесінде бас сауғапап келген өмірден түбегейлі және түпкілікті бас тартып, нарықтық экономикасы әлеуметтік бағытталған және жаңа принципті түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген күшті егемен мемлекетті құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылымыс түбегейлі түрде өзгеріп келе жатқаны, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен принциптерге адалдығы айқын. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың заң жүзінде құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі қамтамасыз етілген, топтасу, адамгершілік, ұлтаралық келісім, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі идеялары негізделген.

Осының бәрі – сайып келгенде реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда, саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты қоғамдық санада өзгерістер өздігінен болады деу сенімсіз болар еді. Бұл құбылыстың өзі айтартықтай елеулі әрі құрделі, өйткені әлеуметтік өмірдің терең процестерімен, дүниетанымдық тағылымдардың өзгерістерімен, психологиялық таптаурындармен, сонымен бірге қоғам өмірімен, әрбір адамның тұрмыс салтымен байланысты. Әрі бүгін таңда біздің берімізге қос ауыртпалық түскен тәрізді: экономика мен қоғам өткен мен болашақтың ортасында сияқты. Артқа қайырылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің бүгін таңда өткеннің сарқыншағынан арыла алмай отырғанын мойындауға тиіспіз.

Тап осындай жағдай қоғамдық санада да болып отыр. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда "аномия" деген ұғым қалыптасқан болатын. Мұның өзі адамның қалыптасқан құндылықтар жүйесі қайтадан ой елегінен өткізіліп,

бүкіл ғұмырлық мұраттардың бәрі түбегейлі түрде өзгерген жағдайда адамның абдырап-сасқан кезін білдіретін шындық. Мұның өзі жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр сын. Осыған орай қазақстандықтардың басым көпшілігі реформа жөніндегі бағытты қолдана отырғанына қарамастан, өзгерістердің қажеттігін білгенімен, байлайша айтқанда, жүрекпен жете түсінсе де, ақыл-оймен мән-мағынасына ой-жүгірткен жоқ, адамдар өз болашағы үшін өлі сенімсіз, келешегін өлі де айқын көре алмай отыр.

Күнделікті тіршілігіздегі күйкі күйімізді экономикалық жағдай үдетіп отыр. Мұның өзі қарапайым адам үшін ең алдымен, бағаның шексіз өсуінен, тұрмыс деңгейінің құлдырауынан, көптеген әлеуметтік проблемаларының шешілмеуінен көрініп отыр. Оның үстіне адамдарды саяси қурестердің ұшқарылықтары да адастырып отыр. Кейде саяси жымысқы алдап-арбаудың қоғамдық санада өзіне орын тауып жататын кездері де бар.

Бұғін таңда Қазақстанның саяси саласында қалыптастып жатқан жағдайды түсіну үшін баспасөздің беттерінде, партиялардың пікірталастарында, экономикалық топтарда, сондай-ақ қоғамның қалың қатпарларында талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мүқият талдау жасау қажет.

Саяси пікірлердің бүкіл құрделі жағдайының өзінде, ал олардың жиынтығы өте көп, қазіргі қоғамдық-саяси алуан түрліліктің екі полюсі ретінде социалистік және либералдық пікірлерді қарастырған жән. Әрине, бұл қарапайым баяндау, бірақ мұның өзі бар болмысты толық көруге мүмкіндік береді.

Социалистік тұғырнама қоғамда белгілі бір дәрежеде жақтастар тауып отыр, бірақ реформалау кезеңінде оған иек арту, сірә жән болмас. Социалистік мұраттарды оғаш, ретсіз әрі әділетсіз сынаудың кезеңі өтті, социализмнің кеңестік нұсқасында халыққа не бергенін және оның біз мүлдем қабылдамайтын жақтарына елеулі талдау жасайтын кезіміз жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында жасалған қуатты өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, бірегей технологиялық кешендер, жаппай сауаттылық, абаттандыру және басқалары Қазақстанның индустрія жолына көшірмей мүмкін емес еді. Біздің бұғынгі күш-қуатымыз – белгілі дәрежеде кешегі құрылыштың нәтижесі. Мұны тек пікірталас қызбалығына салынғанда ғана жоққа шығаруға болар.

Социалистік идеялардың әсіре жақтастары өткенді сағына еске алып, оның қайта орнауын қалайды, сөйтіп "атқарылған істер" үшін тіпті саясаткерлерді жауапкершілікке тартуға шақырып отырған жайы бар. Мәселенің бұлай қойылуының өзі қисынсыз: оппозиция бұғін таңда өзінің назарын жеке адамдарға, кездейсоқ немесе уақытша жағдайларға аударып отыр. Әрине, мемлекеттің ыдырауына сол уақыттағы жекелеген көшбасшылардың ყыпталы болғаны белгілі. Алайда, қызбалыққа салынбай, шынайы тұрғыдан қарайтын болсақ, социализм әлеуметтік-экономикалық

және саяси қарым-қатынастар жүйесі ретінде түпсіз дағдарысқа тап болғаны айдан анық. Қазір енді кең ауқымдағы дағдарыс жөнінде айтуға болады.

Бұл – экономикалық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі – бұл экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша алғанда орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықты экономиканың алдында жеңіліс тапты.

Бұл – саяси дағдарыс. Боямаланған халық билігі мен ішкі партиялық бюрократияның тәбе тобының қолына шоғырланған билік арасындағы қарама-қайшылық қисынды шегіне жетті. Сырт көзге қарағанда саяси құрылымдар демократияны сез жүзінде ғана көрсетіп, шын мәнінде барлық шешімдер жергілікті және орталық деңгейде партия көшбасшыларының айтуымен қабылданды.

Бұл – ұлттық дағдарыс. Интернационализмді жариялағанына қарамастан, социалистік жүйе ондаған жылдар бойына халықтардың еркін дамуын қатаң түрде бұғаулап келді. Атап айтқанда, Қазақстанда, сарапшылардың бағалауы бойынша, күштеп ұжымдастыру жылдарында бүкіл қазақ ұлтының жартысынан астамы қаза тапқан және шетке кеткен. Елдің бүкіл халықтары орасан зор зардал шекті. Ұлттық дағдарыс – көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары. Орталық пән аймақтар арасындағы қарым-қатынас жартылай отарлық сипатта болды. Республиканың экономикасына шикізаттық бағыт, оның шетін сипаты саналы түрде таңылды. Тап осындағы жағдайда Қазақстан сыртқырынокқа өз еркімен шықпауы үшін көліктік жүйе бойынша орталықпен және басқа аймақтармен қатаң байланысқан еді. Ішкі ұлтаралық шиеленіс тек күштеп-зорлаудың арқасында ғана тежеліп отырды. Жүйе күйрекеннен кейін бұрынғы КСРО-ның аумағында ұлтаралық жанжалдар мен соғыстар өрті басталды. Мұның өзі халықтың емес, өткендеңі және қазіргі саясаткерлердің кінәсінен болып отыр. Тұтас халықтарды тікелей құртудан бастап ұлт тілдерінің қолданылу аясын тарылтуға дейінгі зорлық-зомбылық қайшылықтарды елемеуге соқтырды. Оларды шешудің басқа әдістері болған жоқ. Интернационализм туралы барлық мәлімдемелерге қарамастан, ресми идеологияның тасасында белгілі бір халықтарда басқа халықтар туралы берік жаттанды теріс пікірлер қалыптасып жатты, мұның өзі тұрмыстық деңгейде күні бүгінге дейін жаны сірі күйінде қалып келеді. Барлық ұлттарды біртұтас әсіре этностық қауымдастыққа – кеңес халқы атаптың бір қалыпқа салу әрекеті айқын сәтсіздікке ұшырады.

Одан әрі – экологиялық дағдарыс. Социалистік экономикалық жүйенің абстрактілі жалпы халықтық тұрғыдағы, ал іс жүзінде ведомстволық меншік тұрғысындағы ерекшеліктері министрліктер мен ведомстволардың шектен шыққан экологиялық қиянаттарына душар етті. Проблеманың мәні мынада болатын: жер мен табиғи ресурстарға бақылаусыз қожалық еткен

ведомстволар сонымен қатар, экологиялық түрғыдан таза өндірістерге мұдделі болған жоқ және сөзсіз қасіреттер үшін нақты жауапкершілік арқалаған емес. "Ешкімнің де иелігінде болмаудың" осынау өлшемі өткен тарих естіп-білмеген ғаламдық апаттарға киліктірді. Экологиялық сауатсыздық қоғам мен табиғаттың тайталасына әкеліп тіреді. Қазақстан бұл ретте аса қызын жағдайда қалды.

Семей ядролық полигоны қазақ халқына аса ірі қасірет әкелді. Қазақстанда ядролық қаруды, соның ішінде жер бетінде сынауды жүргізе отырып, жүйе өз мемлекетінің азаматтарына қарсы адамзат тарихындағы ең қайтылы қылмыстардың бірін жасады. Тек біздің республикада ғана жарты миллионнан астам адам радиациядан зардап шекті. Олардың көпшілігі бойындағы күш-жігері толысатын кезде өмірден өтті, жүздеген мыны денсаулығынан біржола айырылды. Балалардың бірнеше үрпағы туғанынан өмір бойы мүгедек болып қалды. Сөйтіп, қазірде мүгедектер туып жатқан көптеген отбасыларында бұл қасірет әлі де жалғасуда.

Қазақстанға келген апаттың бірі – жер бетінен құрып бара жатқан Арап теңіzi. Бұл қысық кең байтақ Орталық Азия аймағының халықтарын шексіз азапқа салып отыр. Және оларды ғана емес, ғалымдар Арапдағы апаттың планетаның орасан зор аумағына ғаламдық бүлдіруші ықпалы бар екені туралы негізделген қорытындылар жасады.

Жүйе "жарқын болашақ үшін" күрес ретінде көрсетіп келген осы эксперименттерден ең алдымен Қазақстан халқы бәрінен де көп зардап шекті.

Біздің алдымызда адамдарға, жерге, жалпы алғанда табиғатқа келтірілген бүкіл шығынды есептеу міндеті түр. Бұл тым болмаса апаттың шынайы ауқымын бағалау үшін және оның салдарын жою жөніндегі шараларды белгілеу үшін қажет. Оның үстінен бүкіл дүние Қазақстандағы экологиялық жағдай туралы нақты түсінік алуға тиіс.

Имандылық дағдарысы. Идеологиялық рәміздер мен адамдардың нақты құндылықтары арасында шынырау пайда болды. Басқарушы топтың қосарланған моралі сан түрлі саяси шараларға – жиналыстарға, митинглерге, шерулерге, т.б. формальды түрде қатысушы, жарияланған ұрандарға мүлдем иланбаған адамдарды осындай моральға душар етпей қоймады. Бүгін таңда бұл жүйенің оп-оңай ыдырай салғанына таң-тамаша қалышылар аталған жүйенің баяғыда-ақ халықтың сенімінен айрылғанын, ол халықтың біздің Батыстан барған сайын кейін қалып отырғанымызды және кеңестік экономиканың дағдарысқа қарай зымырап құлап бара жатқанын көріп, түсінгенін ұмытып отыр. Социалистік мұраттар соңғы жылдары тек мысқыл ғана туғызатын. Мұны жүрттың бәрі білетін, алайда, идеология билік басындағы іріктелген қалаулы топтың шамшылдығына одан әрі қызмет етуін табандылықпен жалғастыра түсіп, олардың мұдделерін жалпы мемлекеттік

мұдделер ретінде ұсынумен болды. Болмыстан алшақ жатқан кеңестік қолтума идеологияның анызы – ұлттардың ұласуы теориясы, мемлекет пен адамның өзара қатынасы практикасын еске түсірейік. Мұнда адамға "бұранда" рөлі ғана берілген еді. Ал ғылымға, әдебиетке, өнерге таңылған партиялылық ше? Тіпті отанға сүйіспеншілік, жақыныңа деген қамқорлық, ата-баба дәстүрлеріне адалдық сияқты таза сезімдердің өзі "коммунизм құрылышыларының моральдық кодексінің" тар аясына сыйғызылған еді. Ал түптең келгенде, бұл идеология емес, адамның имандылық ұстындарымен жалдаптық жасау болатын.

Алайда көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың тым қыынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етудің еш реті жоқ. Олармен сауатты да адал пікір таластырудың жөні бөлек.

Мынадай жәйттерді барынша айқын ұғыну керек: қазіргі жағдайда мемлекеттік тұрғыдан қайта бөлу, мемлекеттік жіктелу, идеологиялық біркелкілік арқылы келетін теңдік, жекеменшік пен нарықты тұншықтыру Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастықтан шеттетеді. Отkenge қайтып оралудың болашағы жоқ, ол тек қоғамды талқандап, азаматтық соғысқа киліктірмек. Мына жәйтті де ескеру аса маңызды, жер-жерде пайымдалып жүрген социализм аңызының – біздің бәріміз басымыздан өткерген аңызының – тек ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінде күлі қекке ұшты.

Бұл жүйенің бірқатар пайдалы және практикада жүзеге асырылған жетістіктеріне қарамастан, кезекті тарихи тұйыққа тірелуге болмайды.

Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықтылыққа сүйенеді. Дәстүрлік идеологиясының социалистік идеологияның дағдарысымен қысынды байланысы бар. Шынында да, бұрынғы қасаң қағидалар жарамсыз болып қалған кезде неге назар аудару керек? Сірә, қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта тұлеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине, оң процесс. Сонымен бірге дәстүрлер мен қоғамдық прогрестің өзара қарым-қатынасын қара-дүрсін түсіндіруден бас тартқан жөн. Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етene жалғасатының сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдықтың да болуы мүмкін емес. Нәк осы дәстүр адамның "жоғалып кетпеуіне", өз тұрмысының сипатын қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті, соның ішінде тұрмыстық мәдениетті, отбасын дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Бұл орайда қоғамдық құрылымның көне формаларын жандандыруға, қазақ қоғамының XVII-XIX ғасырлардағы территориялық ұйымдасуына тән рулық-тайпалық

психология мен құқықтық көзқарас жүйесін қайта жаңдандыруға негізделген дәстүрлі сипаттағы саяси идеология мұлдем қабылданбайтын болады.

Қазақтардың Қаспийден Қытайға дейін алып жатқан орасан зор аумағы әлдебір құрылымдық қалыптасуды, басты біркітіретін белгілі бір орталықтың болуын талап етті. Оның өзі түрлі аймақтардың тарихи дамуының ерекшеліктерімен түйіспөттік жатты, ал кейіннен патшалық құрылыштың әкімшілік бөлу жүйесін саналы түрде енгізуімен үштасып жатты. Екінші жағынан шаруашылықты жүргізудің ерекшеліктері де ауқымдық мәселелерді айқын реттеуді талап етті. Сондықтан аймаққа қатыстылық өүел бастан саяси құрылышта елеулі рөл атқарып келді. Бірақ осының бәрін жиырма бірінші ғасырға өзімізбен бірге ала барғанымыз жөн бе? Өйткені, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени жүйелерінің қазіргі заманғы жағдайдағы даму қарқыны сол кезеңмен салыстыруға мұлдем келмейді.

Сонымен өз тарихымызда тиімді саяси тұтқаларды табуға деген ұмтылысты ішінара түсіне отырып, біз реалист болуымыз керек және өткен ғасырлардың саяси идеялар мен идеологиялық рәміздері осы ғасырдың аяқ шені үшін мұлдем жараспайтынын түсініміз керек. Айтқандайын, тілті өткен кездерде де біздің ұлы ағартушыларымыз қазақ қоғамын жікке бөлуге жол бермеуге шақырған болатын.

Қоғамдық топтарда либералдық идеялар да танымал болып отыр. 80-жылдардың аяғы мен үстіміздеғі онжылдықтың басындағы олардың салтанаты, жалпы адамзаттық мұраттардың басымдығын, жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын баянды етудің табыстарына жаппай шаттану сезімі демократия мен демократиялық принциптердің түпкілікті жеңісі жеңіндегі оптимистік қорытындыға жеткізгендей еді.

Бірақ бүкіл дүние жүзінде кезеңді либералдық идеология тұсында құрделі процестердің болып жатқаны жеңіндегі түсінікті де үдете тұсті. Егер планетаның басқа аймақтарын қозғамай-ақ, өзіміздің бұрынғы ортақ кеңістігіміз туралы айттар болсақ, онда қоғамда бел алып отырған әлеуметтік шиеленіс туралы айтпай өте алмаймыз, бұл шиеленіс кейде ең шетін түрде – қарулы жанжалдардан, саяси тайталастан, экономикалық былықтан, адамдардың не нәрсені болса да өзгерту мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтудан көрініс табуда.

Өркениетті нарықтың қанат жаюының орнына барлық салада – қаржы, сауда, сыртқы экономикалық байланыстар саласында алыпсатар капитал екі бірдей серігі – қылмыстық элементтермен және номенклатураның жемқор бөлігімен жүгеген түйістіріп қатар келеді. Бұл процестердің осы заманғы дүниежүзілік нарықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, бірақ олар ақықат өмірде орын алып, либералдық идеологияның мәніне қарсы келуде. Ұлтаралық жанжалдар демократия туралы, жалпы адамзаттық қазыналар

туралы пайымдаулар адамның өмірі мен қадір-қасиетін қорғауға әзірше дәрменсіз екендігін айқын көрсетуде.

Әлбетте, тоталитаризмнің мұраларын алға тарта отырып, либералдық идеология мен қатаң ақиқат шындық арасындағы қайшылықтарға түсінік беруге болады. Бұл дұрыс та болар еді, бірақ белгілі бір шекте ғана. Мұның мейлінше терең себептері де бар.

Либералдық мұраттар мен либералдық идеология – Батыс өркениетінің ұзақ та сан ғасырлық эволюциясының нәтижесі. Бұл идеологияның негізінде жеке меншік, жеке бастың психологиясы және демократиялық саяси институттар сияқты объективті алғышарттар жатыр. Олардың нышандары бізде әлде болмаған, әлде жүз жыл дерлік бұрын үзілген. Одан басқа, өркениетті мемлекеттерде либералдық идеяларды жүзеге асыруды жөнілдетуші қуатты құқықтық жүйе құрылған болатын. Осы объективті алғышартсыз бұл процесті жасау төтенше қындарылған...

Республикада либерализм идеологиясының негізі және барынша бұқаралық тірері – орташа таптың жоқ екенін де көре білуіміз керек, ал оны қоғамтану ғылымында осылай атап жүр. Сондай-ақ нақты мәдени және тарихи жағдайда да ескеруге тиіспіз. Мәселе мынада, Батыстың либералдық идеологиясын Қазақстанға сол күйінде көшіре салу оны жүргізушилер кең мағынада, соның ішінде саяси тұрғыда да мәдениет сияқты құбылысқа келіп тіреледі. Оның сипаты мен мұраттарын табан астында өзгерте салуға болмайды. Саяси мәдениет тұрпатын нақты реформалар негізінде біртіндеп, өркениетті тәсілмен өзгерту қажет.

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы саяси және идеялық бағыттарға жасалған талдау идеологиялық тұғырнаманың қалыптасуында өзіндік жол іздестірудің қажеттігін айғақтайды. Біз социалистік те, дәстүрлі де, либералдық та көзқарастарды өз бойына жинақтаған құндылықтарды да жоққа шығармаймыз. Алайда, Қазақстанның алдында тұрған міндеттер біздің көзқарасымызша, біршама басқа жалпы ұлттық басымдықтарды ой елегінен өткізуді талап етеді.

## НАҚТЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ

Біз өтпелі кезең туралы айтып отырмыз. Оның мән-мағынасы неде? Біз неге ұмтылудамыз? Конституцияда, атқарушы және заң шығарушы өкіметтердің құжаттарында, Қазақстанның кейбір партияларының бағдарламаларында баяндалған бірқатар нақты экономикалық және саяси бағыттар бар. Алайда, нақты міндеттермен қатар ғаламдық мақсат та бар. Оған қол жеткізбейінше біз қоғамды реформалау жолымен ойдағыдай ілгерілей алмаймыз. Өнгіме республиканың нақты тәуелсіздікке қол жеткізуі

туралы болып отыр. Оның көптеген ерекше белгілеріне, егемендіктің танылуы мен баянды етілуіне қарамастан, Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге ертерек.

Таяудағы жылдарда біз барлық күш-жігерімізді нақ осы процеске шоғырландыруымыз қажет. Қорыта айтқанда, бұл үшін мынадай өзекті проблемаларды шешуге – мемлекеттік бастауларды нығайтуға, құқықтық қоғам орнатуға, жаңа технологиялық, құрылымдық, институттық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Мәселені осылай қою, тегінде, партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, еңбек ұжымдарының, кәсіпкер топтардың, ғылыми және шығармашылық үйымдардың, республика халқының барлық жіктері өкілдерінің түсіністігін табатын болар. Өйткені, аталған басымдықтардың жалпы мемлекеттік сипаты бар, оларды жүзеге асыру ісі Қазақстан қоғамын терең жаңғыртуға қабілетті. Егер біз осындай қажетті келісімге қол жеткізсек, онда мынадай сезісіз шартпен де келісеміз: нақты тәуелсіздікке қол жеткізу қуатты саяси, интеллектілік, рухани қолдауды талап етеді. Бізге бұл бағыттарда тек экономикалық, үйымдық, кадрлық ұмтылыштарды ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғамды топтастыратын ахуалды да жасауымыз қажет. Және де бұл жерде таяудағы да, сондай-ақ біршама өрідегі де перспективаға есептелген біздің ісімізді идеялық тұрғыдан ой елегінен өткізбей болмайды.

Біз үшін алдағы жұмысымыздағы басты саяси аспектілердің бірі мемлекеттікі нығайту болып табылады. Жалпы алғанда, бұл әлемдік өркениет тәжірибесінің занды тұжырымы: терең дағдарыстар мен сілкіністер дәүірінде мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейтудің объективті қажеттілігі пайда болады. Ал бұл, бірінші кезекте, дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қажет. Бұл орайда негізгі күш-жігерді біз атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, басқару көлбеулерін нығайтуға, күшті Президенттік басқаруды қалыптастыруға шоғырландыруымыз керек.

Келесі міндет – орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың өкілліктерін заң жүзінде бөлу. Ол бойынша атқарушы және өкілдікті өкіметтер жергілікті жерлерде өздерінің проблемаларын шешуге барынша өкілетті болар еді. Сонда орталық құрылымдар сан түрлі ағымдағы жұмыстардан қолдары босайтын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттарына шоғырланатын болады.

Сот жүйесін де реформалау қажет. Өкінішке қарай, адамдар әлі де жергілікті жерлердегі сот билігінің беделі мен құқықтығына сенбейді. Соттардың әділеттілігі мен олардың қызметтерінің сындарлылығы туралы айтуға әлі ерте. Олар қоғам проблемаларынан аулақ жатқан тәрізді. Сот жүйесін барынша тиімді ету, оларды әсіресе жергілікті жердегі билікті

құрылымдар тарапынан қысым көрсете мүмкіндігінен құтқару қажет. Бұл реформаның мейлінше нақты жолдарының бірі – Жоғары сот кеңесінің ұсынысымен соттарды тағайындауды мемлекет басшысының заңмен бекітуі болмақ. Соттардың нағыз тәуелсіздігін нақ осылайша қамтамасыз етуге, әділ сотқа кез келген қол соғушылықтың жолын кесуге болады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан мемлекеттігін құру процесі – күрделі, көп еңбекті қажет ететін, сан қырлы міндеп. Бұл тұста ойланбаған асығыстық пен орынсыз жайбасарлық болмауға тиіс. Биліктің барлық тармақтарының өзара түсіністігін, өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекет іргесін шайқайтын болсақ, біз болашақ ұрпаққа солақай тәрбие көрсетеміз.

Негізгі жалпыұлттық басымдықтардың қатарына түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қосқан жөн. Бұл қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік алдындағы өзекті мәселе. Реформалар тағдидыры саяси саланы мемлекеттік басқарудың тұтқаларымен тікелей байланысты. Өйткені, Қазақстанның соңғы онжылдықтардағы дамуы өте күрделі де ауқымды процестермен сипатталып отыр. Нақ осы кезде республика аумағында бірқатар аса зор бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар – тың және тыңайған жерлерді игеру, өнеркәсіптің орасан зор шикізат базасын құру, ядролық және ғарыштық зерттеулерді жүзеге асыру.

Алайда, бұл процестердің экономикалық және әскери жақтарының сыртында осы бағдарламаларды жүзеге асыруда Қазақстанға сырттан енгізілген ұлттық, әлеуметтік және мәдени проблемалар зерттелмеген және ой елегінен өткізілмеген күйде қалып келді. Сапалық ілгерілеу болды – қала халқының үлесі алғаш рет селолықтар үлесінен асып түсті. Аймақтар дамуының әркелкілігі күрт күшейді. Елдің европалық бөлігінен орасан көп көші-қон есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Ұлттың негізгі бөлігі ауылда шоғырланғанымен, қалада қазақ халқының айтарлықтай тобы пайда болды.

Осының бәрі саяси және мәдени бағдарларда аса күшті айырмашылықтардың пайда болуына душар етпей қоймады. Сонымен бірге сырт қарағанда идеологиялық бірлік әдейі баса және асыра көрсетіліп, айырмашылықтар мен проблемалар ескерілген жоқ. Нәтижесінде халықтың әртүрлі жіктерінің идеялық-саяси қарама-қайшылығы өсе түсті. Олар бүгінде белсенді түрде байқалып отыр.

Міне, сондықтан да жаңа экономикалық көзқарасты қалыптастыру бүгінде айрықша орын алады. Ең алдымен бұл оның реформалар барысын жеделдетуге тікелей ықпалымен байланысты. Идеялар плюрализміне негізделген демократиялық, қықықтық қоғам идеологиясы меншік пен шаруашылықты жүргізу формаларына көзқарастар бейнесінің нақ өзі. Шынайы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдардағы көп укладты нарықтық экономика құруды біз өз алдымызға стратегиялық мақсат етіп қойдық. Яғни, біз жеке

адамның экономикалық бостандығы мен экономикалық мүддесі талассыз болып табылатын осындай қоғам құру жолын таңдал алдық. Ал пікірі мен рухани құндылықтарын еркін білдіруге мемлекет пен заң кепілдік береді.

Бұрынғы идеологиялық таптаурын атаулардың жаһының сірлілігінен бұл нормалардың орнығы кінәраттыз өте қояр ма екен. Бізде билікті деңгейде де, тұрмыстық деңгейде де реформаны ашықтан-ашық қабылдамаудың сирек кездеспейтін ешкімге де құпия емес. Бұл жағдайда не істеуге болады: қатал бағыттаңдау, мемлекеттің тікелей өктемдігін орнату, үкіметті сынағаны үшін оппозицияны қуғын-сүргінге салу керек пе? Айтқандайын, экономикалық реформаларды жүргізуін осы заманғы тарихында бұған мысалдар аз емес.

Қазақстандағы нақты қоғамдық-саяси жағдай республиканың халықаралық беделін түсіретін мұндай күш қолдану әрекетіне бармауымызға мүмкіндік береді. Тек мемлекеттік нығайту мәселесіндегі сияқты, экономикада да үкіметтің және негізгі саяси қозғалыстар мен партиялардың реформа мәселелері жөніндегі айқындашаларын екі жақтан да өзара жақындастырмай болмайтындығын атап өткен жөн. Әрине, әңгіме әлдебір келісімпаздық, үкіметтің іс-қимылына сындарлы сынға тыйым салу, балама бағдарламалар белгілеу жайында болып отырған жоқ. Қауіп басқада. ТМД-ның бірқатар елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғанындей, ол ұлтаралық және саяси тұрақсыздықта байланысты. Ал ол бірде-бір саяси партияның, көп ұлтты Қазақстанның бірде-бір тұрғынының мүддесіне сай келмесе керек.

Қазақстанның экономикалық кеңістік пен уақыт аясында сұрырылып алға шығуына шын көнілден мүдделі жүрттың бәрімен мәдениетті, өркениетті диалог қажет. Осының бәрін ескере отырып, экономика саласындағы идеологияның негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Ол принциптердің бағыттары мыналар:

- әлеуметтік бағдарланған аралас нарықтық экономика құру. Бұл өндірістің бәсеке арқылы өздігінен реттелуін және экономикалық дамудың негізгі өлшем-ауқымының мемлекет тарапынан реттеліп отыруын үштастыруға негізделген;

- өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау. Нақты материалдық игіліктер өндіретін салаларда, қызмет көрсету, құрылыш, көлік және сауда салаларында жеке кәсіпкерлік басым болатын барлық түрдегі өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау;

- өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру, отын-энергетика, металлургия комплекстеріне, азық-түлік және халыққа қажет тауарлар нарығына, коммуникация жүйесіне басымдық бере отырып, бірыңғай шикізат өндіретін бағытынан арылту;

- халықты әлеуметтік қорғау, әсіресе оның әл-ауқаты аз, еңбек етуге жарамсыз топтарын жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты, бетімен кеткен көші-қон процестерін жою;

– республиканың орталық "еуразиялық" геосаяси жағдайынан туындайтын экономикалық артықшылықтарын, мемлекетаралық байланыстар үшін экономикалық-саяси серіктестер таңдауда прагматизмді пайдалану.

Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жекеменшік деген бағдарлы ұғымдарды қалыптастыру үшін болмаса бұл категориялар санаға сіңе алмайды, бұл базаны қалыптастыру енді ғана басталды. Мұндай жағдайда нақ мемлекет өзіне жаңа экономикалық идеологияны қорғау қызметін алады. Мемлекеттің пәрменді идеялық қолдауынсыз нарықтық психология қалыптаса да алмайды. Бұл орайда шыныайы нарықтық экономика оның құндылықтарын насхаттауды ғана емес, қажетті тұтқалары мен дағдыларын игеруді де талап ететінін түсіну керек. Қазақстанда мұндай тәсілдерді менгерген кадрларды ауқымды түрде даярлауды тек мемлекет қана жүзеге асыра алары анық.

Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл – жалпыұлттық абзап міндет. Сөз, ең алдымен, республикадағы құқық мәдениеті мен құқықтық реформа мәселелері туралы болып отыр, өйткені оларсыз қоғам өрге баспайды, ал тәуелсіздік толықтанды болмайды.

Әркениетті қоғамда құқық мәдениеті әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз негайбыл болатындықтан, бұл жәнінде мейлінше салиқалы сез қозғау қажет.

Нарық, ең алдымен, тауар өндірушілер мен тұтынушылардың қарым-қатынасын сапалы зандар негізінде өздігінен реттеуді көздейді. Сондықтан мұлтқсіз жұмыс істейтін зандарсыз ешқандай нарық та жоқ және болуы да мүмкін емес.

Демократия тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны міндетті құқық тәртіпперін сақтау арқылы ғана қорғауға болады, өйткені азшылықтың, сондай-ақ, керісінше, көпшіліктің зорлық жасауы да бірдей қауіпті. Сондықтан құқық жоқ жерде демократия да жоқ.

Әркениеттіліктің нысаналы идеясы ретінде жеке адамның бостандығы жеке адамның егемендігін, кімнің болса да – бұл бала немесе ересек адам, жұмыс беруші немесе жалданушы, мемлекет шенеунің немесе қатардағы қызметкер екендігіне қарамастан, оның қол сұғылмас құқықтарын қорғауды көздейді. Мұндай заң жүзіндегі тен құқықтылық демократиялық жолмен қабылданған зандарды жаппай жүрт орындаған кезде ғана орнығын мүмкін. Әлеуметтік жанжалды тек сот қана әркениетті диалогқа айналдыра алады. Демек, құқықсыз бостандық та жоқ.

Құқық реформасы өзінің маңыздылығы мен күрделілігі жағынан экономикалық реформамен тең екенін атап өткен жөн. Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл нарықты экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы. Егер сапалы заңдар қабылданбаса – оларға үнемі түзетулер мен өзгертулер енгізуге тұра келеді. Заңдар жұмыс істемесе – бұрынғысынша "телефондық құқық" жұмыс істейтін болады, адамдардың санасында құқықтық ойлау орнықпаса – әкімшіліктің, тергеу және құқық қорғау органдарының қызметіне қол сұғышылар да табылады.

Егер біздің құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабыргасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын, біздің әрқайсымыз қарапайым есеп-қисалты білгеніміздей, игеріп алуға тиісті.

Кез келген егемен мемлекет сияқты, Қазақстан қорғанысқа қабілеттілігін сақтайтын, ұлт қауіпсіздігін нығайтатын болады. Біз әскери доктрина және әскери заңдар жиынтығын қабылдадық, оларды соғысты болдырмау шараларымен бірге, республиканың егемендік пен аумақтық тұастықты қорғау әдістері де тұжырымдалған. Біздің доктрина тек қана қорғаныс бағытына негізделген. Бұл орайда біз ТМД елдерінің доктриналарын ескердік және бірлесіп қорғану міндеттерін шешуде олармен ынтымақтастық жасауды көзdedік. Алайда, әскери мәселелерде қандай жағдайлар қалыптасса да, мемлекеттер мұдделерінің тең болуын ескеретін саяси әдістер ғана халықаралық реттеудің өркениетті тәсілі болып табылады. Осы бағытқа адалдығын Қазақстан біrnеше рет дәлелдеді. Сонымен бірге біздің геосаяси факторды да мұқият ескергеніміз жөн. Әскери саладағы шешімдер барынша байсалды болып, аймақта сақталып отырған тұрақтылықты ешқандай жағдайда да бұзбауға тиіс.

Қорғаныс қабілеттілігін сақтау мемлекеттің аса маңызды қызметі болып табылады. Бұл тұста саяси аспектінің де маңызы бар. Біздің Қарулы Күштеріміз қазір қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Мемлекет оларға құнделікті қолдау көрсетіп келді және көрсете де береді. Республика әскери өзінің алғашқы қадамдарынан бастап әскери өзірлігін арттыруға, жастар үшін Отанға шынайы адалдықтың мектебі болуға, біздің халқымыздың шын мәнінде даңқты жауынгерлік және өңбек дәстүрлөрін дамытуға міндетті. Сонымен бірге қоғамда Отан қорғаушыларына құрметпен қарау сезімін орнықтуру қажет. Әскери қызмет орасан зор абырайлы болуға тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мызғымастай ету керек. Мұнда көп нәрсе әскерилердің өздеріне де, үкіметке де, қоғамдық үйымдарға да, бәрінен бұрын жастармен жұмыс істейтіндерге байланысты. Біз әскери қызметшілер өздерін екінші сортты адамдар деп сезінбеуі үшін әскердің төнірегінде кінәрдатты ахуалдың қалыптасуына жол бермеуге тиіспіз.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайта отырып, біздің сыртқы саясаттағы

бағытымызды талдап жасауды жалғастыруымыз керек. Біз Қазақстанның халықаралық бағыт-бағдарына қойылып отырған назарды, көтеріңкі мүдделілікті сезіп отырмыз. Кейде республиканың сыртқы дүниеге шығуының бағытын алдын-ала белгілеуге айқын немесе жасырын әрекеттер де жасалуда.

Осыған байланысты өзіміздің географиялық жағдайымызды, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңызды. Біздің халықаралық байланыстарымыздың негізіне таяу және алыс шет елдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарды орнату үмтұлсызы алынған.

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Россиямен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД-ның басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте көңіл аударамыз және ерекше көңіл бөлөтін боламыз. Олардың көпшілігімен бізді тығыз бірлесу, одақтастық, соның ішінде қорғаныс келісімдері байланыстырып отыр.

Экономикалық одақты құру мемлекетаралық байланыстарды, өзара шаруашылық іс-әрекеттерді нығайтуға, жаңа жағдайда ұтымды байланыстарды қалпына келтіруге, тиімді салалық ынтымақтастықты орнатуға, ақпараттық және мәдени алмасуды кеңейтуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Біз құрылыштық дамудың серпініне үлкен мән береміз. Біздің Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсынған белгілі бастамаларымыз, сондай-ақ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларын шақыруға, Азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының қызметіне байланысты қадамдар дәл осыған негізделген.

Сыртқы саяси қызметте біз жалпы жүрт таныған халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді қатаң орындаитын боламыз. Егемен Қазақстанның қалыптасуындағы тағы бір аса маңызды фактор – онсыз идеялық тұғырнаманы құру мүмкін болмайтын ақпараттық тәуелсіздік туралы.

Біз барған сайын ауқымды ақпараттық алмасуға кеңінен еніп келеміз, бұл оң құбылыс екені даусыз. Алайда, бұл процесті қарабайыр түсіндірге болмайды. Халықаралық ақпарат жүйесінің кеңеюі аймақтағы демократиялық процестердің өздігінен терендеуін білдірмейді. Әлемдегі ақпараттық арналар біркелкі тамыр жаймаған және қызмет ауқымы да әртүрлі, бұл ақпаратты мазмұндау тілдері тобының ауқымы шектеулі болуына және мемлекеттердің қаржылық деңгейі мен техникалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Жас тәуелсіз мемлекеттер көбіне сырттан тақылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Нәтижесінде өз қисыны бар аса күрделі ішкі процестер сырт көзқараспен бағаланып, көбінесе үстірт, ал кейде біржақты түсіндірледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздікті нығайту жолында өзіндік

кедергіге айналады. Алайда, сыртқы ақпарат көздерін жабу біз үшін өзімізді-өзіміз оқшаулау болар еді.

Шығар жол ақпараттық хабарлардан саяси мақсаттарды көре білуде болмақ. Мемлекет ақпараттық тәпеп-тендікті реттеп отыруға міндettі. Бұл ашық қоғам принциптеріне ешқандай да қайшы келмейді және сонымен бірге шынары ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізуге байыппен жақын келуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мұдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне бізде өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты қорсетер негіздер жеткілікті.

\* \* \*

Негізгі жалпы ұлттық басымдықтар осындаидай. Оларды бұлжымай ұстану бізді нақты тәуелсіздікке жеткіzetін жолға шығарады. Бұл қоғамда бірлесу, тұрақтылық, рухани келісім жағдайын туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

## ИДЕЯЛЫҚ ТОПТАСУҒА

Қазір ұлттық қозғалыстардың, өсіресе, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде орасан зор рөл атқаратынына ешкімнің де көзін жеткізіп жатудың қажеті бола қоймас. Кез келген халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің, рухының, салт-дәстүрінің, тілінің қайта өрлеуінен көрініс табатын ұлттық мұдделерді елеулі дәрежеде қорғайтын да нақ осы қозғалыстар. Ұлттық идеяны жүзеге асыру қоғамға көптеген оң нәтижелер берді. Мұны көрмеу, ұлттардың қайта өрлеуге деген табиғи ұмтылышын тек басқалардың құқықтарын шектеу немесе әлдебір үрдіске үстірт еліктеу, көбінесе сыртқы сипаты ғана бар өткенге үңілу деп қараша үлкен қате болар еді.

Жоқ, бұл адамның қалыпты жағдайына қайта оралу. Республика халықтары, бір жағынан, қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және интеллектуалдық тұрғыдан қолдау қорсетуге тиіс. Екінші жағынан, жаңа жағдайда басқа халықтар да қалыптасудың күрделі процестерін бастан кешіп отырғанын, бұл да қазақ ұлты жағынан осындаі түсіністік пен қатынасты талап ететінін көре білу қажет. Басқаларға бұлай қарамайынша, өзін, өзінің ұлттық қадір-қасиетін қүштеп сыйлатуға болмайтыны әркімге де түсінікті болуға тиіс.

Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мұдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың тенденсін қамтамасыз ету. Кез келген басқа

жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың тежелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты біз үшін өзекті идеологиялық міндет ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазір Қазақстанның әтпелі кезеңдегі ұлттық саясатының арнағы біртұтас тұжырымдамасын жасау өте қажет. Оған республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктеріне тән мұқтаждарын зерттеу, олардың еркін дамуына қатысты Конституция ережелерін жүзеге асыру кірге тиіс. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметі әуел бастан халықтардың өзара іс-қимылын дамытуға, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың рухани бірлесуіне бағытталуы өте маңызды. Біздің міндетіміз – қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру.

Бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесі, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттармен қатар ұлттық-мәдени орталықтар да маңызды рөл атқара алады. Олар тек ұлттық сана-сезімді сақтап қалу, өзіндік ерекшелігі бар руханилықты дамыту ошақтары ғана емес, сонымен қатар шыныайы интернационализм мектептеріне айналуға тиіс. Өздерінің адамдармен тікелей жұмыс жүргізу мүмкіндігін пайдалана отырып, олар ұлттық шектелу мен оқшауландуды, шовинизмнің, ұлтшылдық пен сепаратизмнің көріністерін жою үшін көп іс тындыра алады. Олардың ықпалы ерекше тиімді болатын сала да бар. Бұл жерде біздің тұрмысымыз, адамдардың құнделікті өзара қарым-қатынасы айтылып отыр. Дәл осы салада кейде елеусіз болып көрінетін, бірақ қатерлі салдары бар ұлтаралық қақтығыстар шығып жатады.

Олар мемлекеттік институттармен қатар халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту, пікір алуандығын қамтамасыз ету, мәдениеттердің әрқайсысының еркін дамуы жағдайында олардың барынша бірігуі үшін көп іс тындыруға қабілетті.

Осы тұрғыдан алғанда халықтар арасындағы келісімді, бірігуді жүзеге асыратын қызметті өз мойнына алатын үкіметтік емес бір құрылым керек болар. Ол Қазақстан халықтары форумының басшы органы бола алар еді. Оның құрамында барлық этностық топтардың өкілдері, белгілі қоғамдық қайраткерлер, республикадағы неғұрлым беделді адамдар, әкімдер болуын көздеңен жөн. Қоғамдық ұйымдармен, ұлттық-мәдени орталықтармен бірлесіп, халықтың барлық жіктерінің күш-жігерін жасампаздық арнаға бағыттап, ол әр түрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың өзара қарым-қатынасындағы теренде жатқан процестерді зерттеп, елдің кез келген аймағында ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға бағытталған дәйекті саясат жүргізуге тиіс.

Осы ізгі іске қоғамдық қозғалыстар мен партиялар белсене қатыса алар еді. Ең алдымен реформаларды ілгерілету жолындағы қазақстандық қоғамды біріктіруге бағытталған бағдарламалық қағидалары бар қозғалыстар мен партиялар қатыса алар еді.

Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар, Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды. Қазір бұл мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның біріктіруші, сыйндарлы рөл атқаруында жатыр.

Қазақтардың ішіндегі жүзге, руға, аумақтық топтарға бөлінудің тарихы мен табиғатын оның өткен уақытта және қазіргі кезде қоғамның дамуына әсерінің әртүрлі сипатын зерттеу тұрғысынан өлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе мынада, қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа, тіпті де зиянсыз емес үрдісі пайда болды. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, аймақтардың белгілі бір дербестігін жергілікті төбе топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасау тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рұлық тамыр-тәністықтың, туыстық және аумақтық бөлінудің әртүрлі формалары өкімет құрылымдарында, қаржы және коммерция салаларында өркен жая бастады.

Жалпы алғанда, қазіргі ру-тайпалық идеология – бұл ішкі ұлттық ыдырау және бағдардан айырылудың өте қауіпті түрі. Сондықтан да мемлекеттік идеология өзегінің бірі рулық таптаурынды жою болуга тиіс. Ол үшін мүмкіншілік бар. Бұл, ең алдымен тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекеттік. Бұл – Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Бұл – сан ғасырлық мәдениеттің бірлігі. Осындай ұранмен бүгінде республиканың барлық халқы бірігуде, оның үстіне, олар қазақ халқын ұлттық бірігүе шақыруға тиіс.

Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттіміз – қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Мамандар мұны "өзін-өзі теңестіру" деген терминмен атайды. Әңгіме мұнда тіптен де айқын зандық мәні бар құқықтық актілерге қатысты азаматтық туралы болып отырған жоқ. Азаматтықты қабылдау мен өзін азамат ретінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық бар.

Өкінішке қарай, бүгінде біздің барлығымыздың бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, тәуелсіз, егемен Қазақстан мемлекетінің азаматы екендігімізді түсінуіміз атусті сипатта болып отыр. Оның үстіне, халықтың бірқатар жіктері бұрынғы мұраттарын жоғалтып және жақаларына ие бола алмай, бүгінде біршама абыржушылықты сезінуде. Ал мұның өзі оларды аты-шулы "әлеуметтік атомдар" дейтіннің жиынтығына айналдырады. Шынайы отансұйғіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді.

Әрбір адам біздің мемлекеттімізге, оның бай да данқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтандышип сезіне алатындағы іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын өрі түсінікті болуға тиіс.

Сондай-ақ бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бүқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір

отбасына қатысты. Ал оны елдің Тұын, Елтаңбасын, Әнұраның қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қаралайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн.

Идеялый бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғары тіл мәдениетінің орнығы мәселесі де болуға тиіс. Бұл проблема таяу үақытқа дейін тым күшті саясиландырылып келді. Ал оған осылай істеуге тырысқаныңдай, мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта көрінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жүрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, үйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуге тиіс. Және де, мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын түсіну керек. Оның үстінен, барлық адамдар біздің заңдарымыз жалпы және соның ішінде Тіл туралы Заң оларды мемлекеттік және кез келген басқа тілді білу немесе білмеуі тұрғысынан қандай да бір шектеулер мен қуғындаудан қорғайтынын білуге тиіс.

Қазақ тілінің біріктірушілік рөлін көтеру мәселесі соңғы онжылдықтарда қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің тілдік ортадан шет қалуынан да көкейкесті болып отыр. Ал мұның өзі ана тілді қолдану аясын жасанды тарылтудан шықсан.

Бұл проблеманы барынша өркениетті шешуге болады. Қазақ халқының осы белгілінің өзіндік ұлттық тамырларынан нәр алуға деген тілегі зор, өзірлігі де жоғары. Демек, жағдайды шиеленістіре бермей, ақтаңдақтардың орнын толтыру үшін жағдай жасау керек. Ұлттық мәдениет, тіл өзіне табиғи да етene болған адамдар тарапынан оларға имандылық сергектік те қажет.

Тіл проблемасы жайында айтқанда, оны біздің ортақ мақсаттарымызben байланыстыру қажет. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа терезесі тен дәрежеде кіруге үмтүлуда, ал тіл жөнінен өзін-өзі оқшаулауы бұған еш сыйыспайды. Қазіргі дүниеде ақпараттың орасан зор ағынына қосылудың бір арнасы – орыс тілі. Сондықтан оны білу республика халықтары үшін он фактор болып табылады.

Тұтас алғанда, барлық ұлттардың жастарының бойында тілдік мүмкіншіліктерін ұдайы байытып отыруға деген үмтүлышын тәрбиелеу қажет. Өз ана тілі және мемлекеттік тілмен қатар қазір Еуропа, Шығыс тілдерін де оқып-үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Қазақстанда кез келген сындарлы, бұлдіргіш емес идеология біздің мемлекетіміз тек көп Ұлтты ғана емес, сондай-ақ көп дінді екенін де ескеруге

тиіс. Өмірге деген діни көзқарас жүздеген мың азаматтарға тән және әртүрлі діндерді ұстанушылар саны артып келеді. Діннің қоғамдағы орны да әзгерді. Таяуда ғана ол, жұмсақтып айтқанда, тек шет жақтарда ғана болатын, қазір бұл – әлеуметтік және рухани өмірдің нақты бөлігі. Діннің қайырымдылық қызметі, атап айтқанда, деңсаулық сақтау, білім және мәдениет (балалар үйі мен қарттар үйін, ауруханалар мен білім беру мекемелерін құру) саласында кеңейіп келеді. Қай діннің болсын адамгершілік қағидаларының негізіне жалпы адамзатқа ортақ мұраттар алынғаны бәріне де белгілі. Діни қауымдастықтар қоғамда жақсы ахуалды, бейбітшілік пен келісімді, руханилық негіздерін қолдау үшін көп іс тындыруда. Әр түрлі дінді ұстанатындар жаңа мемлекетті құруға өздерінің де қатысты екендіктерін сезініп, оны нығайту мен дамытуға бар ділімен мүдделі болуы маңызды. Дінге идеологиялық қарсы тұрудан бас тарту, Конституцияның және "Діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңының қабылдануы бұл тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Сонымен қатар мемлекеттің зايырлы сипаты кез келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселеісін барынша демократиялық түрде шешуге мүмкіндік беретіндігін, әр түрлі діндердің теңдігін қамтамасыз ететіндігін баршаның санасына жеткізу қажет. Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің дін қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасап қана қоймай, сонымен бірге олардың кез келген мемлекеттік институттар мен үйімдардың жұмысына араласпауын да көздейтінін түсіну де маңызды.

Діни негізде саяси партиялар құру және діни бірлестіктердің саяси қызметіне жол бермеу туралы Конституция ережесін орындауға қол жеткізген жөн. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға қарсы тұру, діни мекемелер қызметінің оң бағыттарына жәрдемдесу керек. Жаңа идеологиялық қағидалардың тиімділігі, сондай-ақ негізгі қоғамдық күштердің, соның ішінде әр түрлі діндер басшылығының диалогты қаншалықты кең әрі табысты жүргізетініне, оған қатысуышылардың Қазақстан халқының иглігі үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолын бірлесіп іздестіруде қаншалықты ерік-жігер танытатынына да байланысты.

жарияладық. Зан қабылдадық. Содан бері де бірталай жұмыс істелді. Мұның бәрі – бұрын тарихымызда атқарылмаған ұлы істер. Саясаттың тізгіні өз қолымызыға көшті, Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап дүниежүзілік ұйымдардың барлығына дерлік мүше болдық. Қазір 120-дан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орната бастадық. Бұрын ешкім білмесе, енді Қазақстанның іргелі ел екенін дүние жүзінің көптеген елдері біле бастады, тани бастады. Елшілік қатынасқа шықкан мемлекеттерді арапал, қайыра шарт жасасып, бұрынғы Одақ кезінде қол қойылған құжаттардың бәрін дербес, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің талаптарына сай жүйелеуге, ыңғайлауға тұра келуде. Дербес мемлекет болған соң, сыртқы байланыстардың барлығы да осы өз еліміздің қажетіне орай экономикалық, саяси, дипломатиялық қарым-қатынастар дәрежесіне көтерілуі керек. Бұл – әлемдік тәртіп, азаттықтың айғағы. Дербестігімізді дәйектілей түсер рәміз-белгілеріміз – Елтаңбамыз, Әнұранымыз, Тұымыз – тәуелсіздіктің атрибутикалары. Бұлар да тәуелсіздік мұратының жемістері... Бүгінгі таңда нағыз тәуелсіздікті танытар ендігі бір басты белгі – экономикалық дербестік.

#### **Н. Оразалин:**

– Нұр-аға, тәуелсіздік атты ұғымның басты шарттарының бірі – мемлекеттің саяси дербестігі болса, екінші ірі шарты – Сіз айтқалы отырған экономикалық дербестік. Осы екеуі жөніндегі ойларыңызды таратыңқырап айтсаңыз.

#### **Н. Назарбаев:**

– Екеуін бір-бірінен ажыратуға болмайды. Бұл екі ұғымның бірінсіз- бірін елестету қыын. Сондықтан екеуі бірдей болмаса, нағыз тәуелсіздік те болмайды. Алғашқы сұрақтың жауабын аяқтай келе айтарым, ең алдымен, бірлік керек. Ел тыныш болса, Елбасының да жаны тыныш болады, тыныштық Назарбаев үшін ғана керек деген шолақ ойдан аулақ болған жөн. Тыныштық әуелі елге керек. Бұл – мен болайын, басқа болсын, кез келген Президенттің мақсаты. Халық осыны ұғыу тиіс. Мемлекеттік идеологияның да, ұлттық идеологияның да басты мұраты осы. Мұндай мұраттан қорқуға болмайды. Мұнсыз ел болу, жұрт болу, болашақта қай жолмен жүретінімізді анықтау қыын.

“Коммунизм құрамызың”, деп айғайлап, біраз даурығып көрдік. Оның ақыры қайда әкелді – білесіздер. Елді болашаққа алып барада жаңа сипатты жол таңдау оңай емес. Біз таңдаған жол – әлем елдері өткен жол. Ол – нарықтық қатынас жолы. Нарық экономикасы дегеніміз не? Демократия деген не? Демократиялық мемлекет дегеніміз не? Әр адамның құқын сақтау дегенді қалай ұғамызы? Міне, осының барлығын түсіндіретін, халыққа ұғындыратын идеология бізге ауадай қажет. Ордабасыда айтылған сөзіме оралғым келеді, бірлік пен ынтымақ, ең бірінші, өзімізге – қазақтарға керек. Бұл – ұлт

болашағын айқындар ең негізгі, өзекті, тамырлы мәселе. Егерде қазақ халқы өзінің ауыз бірлігі мықты болып, республикамызда тұратын басқа халықтарға қамқор бола алмаса, үлгі көрсете алмаса, мемлекетті қызын жағдайға ұрындыруымыз хак. Қазақ халқының ез ынтымақ, бірлігі мықты болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес. Бұл – тек қазақтарға орынданған алар үлттың тарихи зор миссиясы. Бұл миссияның жүзеге асуына да, әсіресе, қазақтар мүдделі болуға тиіс. Сондықтан ертеден сүйегімізге сіңген, патша үкіметінің тұсында, кейін кеңестер кезінде де кежегемізден кейін тартып, үлтты іштен ірітіп келген сұрқия саясаттан арылуымыз керек. "Бөліп ал да – биле!" дегенге саяр бұл саясаттың астарында не жатқанын ұғар кезге жеттік емес пе?! Тұтастыққа сына болып қағылар осы саясат жасаған мінезден үрпақты құтқару – сіз бен біздің міндетіміз. Байыптаң қараңызы, "ана жұз, мына жұз" деген шартты құрылым болғанымен, қазақтар ешқашан түбегейлі бөлінуге бармаған гой. Ондай бөліну ешқашан болған емес. Біздің бабаларымыз жауына қарсы шыққанда да бірге болған. Тілті, таңқаласың, Оңтүстіктің батырлары қолын бастап, сонау Жайықтың жағалауын жаудан қорғауға барса, Батыстың марқасқалары Тарбағатай мен Жетісұдың жерін атажауынан тазарту үшін алышқан. Солтүстікте жатқан ерлеріміз Қаратай мен Сыр үшін кеуде тосқан. Қазіргідей не темір жол, не ұшақ, не мәшине жоқ, қалай барған деп ойлайсың осы күнде?! Ешкімді ешкім не қорқытып, не үркітіп жинамаған, бәрі де өзінің еркіменен, жүргегінің қалауымен барған. Әділетті соғыс, әділетсіз соғыс деген ұғым тарихта бұрыннан бар. Ол туралы ұлы отандасымыз – Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармаларының ішінде кездеседі. Кейін бұл сезіді Лениннен де оқыдық. Көріп отырсыздар, мұны біздің бабаларымыз баяғыда-ақ айтып кеткен. Ер азаматтар ерге қонып, жанын шүберекке түйіп жүріп, ел үшін, жер үшін айқасқан. Әділетті соғыс демей көріңіз. Бұл – біреудің жерін жаулап аламын, байлығын тартып аламын дегеннен тұған қиянат соғыс емес, әділетті соғыс. Әділетті соғыстың рухы әрқашан құшті болады. Өйткені, оның тәркінінде елді, жерді қорғау принциптері жатыр. Бірлік пен ынтымақтың осындай үлгілерін ел ұмытпауы керек.

#### **Н. Оразалин:**

– Тарих сабағы айтар тағылымдарды ұмыту үлттың соры емес пе?!

#### **Н. Назарбаев:**

– Менің ойымша, біз қазірде осындай бір тарихи кезеңде тұрмыз. Бұл кезеңнің жүгі де, салмағы да ауыр. Үйдіраған кеңес империясының орнында қалған елдермен бұрынғы туысқандық саясатымызды жалғап келеміз. Дегенмен, жан-жағымыздың бәрі толқымалы. Ауған шекарасы анау. Кавказ жанартай секілді. Ресей тәрізді алып елдің көп жағдайы күмәнді. Иштен ыдырап, сөгіліп тұр. Мұның бәрі Ресейдің мемлекеттік тұтастығын шайқауда.

Құрылымдық байланыстар конфедеративтік сипат алуда... Қалай дегенде де солтүстігімізді жайлаған ұлы елмен жақын болуымыз керек. Халықты өкімет билігі үшін жүріп жатқан жанжалдың құрбаны етуге болмайды. Бұл арада халықтың кінәсі жоқ. Халыққа керегі – орнықты, тыныш өмір. Орысқа да, қазаққа да, украинге да, грузинге де... тыныштық, түсіністік керек. Мұны мен біреуге жағынайын деп айтып отырган жоқпын. Түптеп келгенде, халқымыздың мұддесін ойлап айтып отырмын. Кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзінді алысырақ ұстау – ұлтты сақтаудың кепілі. Осының бәрі, айналып келгенде, ат-төбеліндей азғантай елдің тағдырын тәлкекке түсіріп алмай, бұғінгі ішкі, сыртқы тығырықтан аман алып өтудің қамы. Беті аулақ, Тәжікстан трагедиясы, байқамаса, Орталық Азияның басқа республикаларында болмайды деп айтуға кім кепілдік береді? Жанжагымызда отырган көршілердің саясаты әр түрлі, әр қылыш. Әр мемлекет өзінің мұддесін ойлауға тиіс. Әр мемлекет басшысы бірінші кезекте өз елінің мұддесін ойлаған тұста басшылар арасындағы қарым-қатынас та, елшіліктің ресми түрдегі қарым-қатынасы да бәрі, ең әуелі, мемлекет мұддесіне қызмет етуге тиіс. Бұл баяғыдан, бағзы құндерден келе жатқан жазусыз қағида...

Іә, ел бірлігі – ең асыл қазына. Бұдан, әрине, тегінің кім екенін білу міндет емес деген үшқары пікір тумауға тиіс. "Жеті атасын білмейтін жетесіз" дегеннен сақтасын. Әр адам өзінің тегін, шықсан жерін білуі керек. Бабаларының ішінде батырлар болған болса, ол еліне қызмет істеген болса, оны неге мақтандыраңыз? Суворовтың тұқымымыз деп жүрген орыстар осы күні аз ба? Пушкиннен, Лермонтовтан, Толстойдан шыққанбыз деп жүргендері де аз емес. Бірақ та олар біз секілді атапарын бөліп, бөлшектеніп жүрген жоқ. Осының өзі біздің мәдени өрніздің әлі де толмай, толыспай жатқандығынан хабар айтады. Бұл екінші нәрсе. Амал жоқ, ашы да болса шындық...

Елдік тұтастығымызды қойып, ұлт, халық ретінде ойлаудан айрылып қала жаздағанымыз да өтірік емес қой. Сіз айтып отырган кемшіліктердің бір ұшы сонда жатқан жоқ па?

Несіне жасырамыз, "ақтаңдақ" кезеңдер тарихымызда аз болған жоқ... Мен он жетінші жылғы төңкерістен кейінгі 73 жыл қазақ халқына тек қана жаманшылық пен қиянат алып келді деуден аулақпын. Кеңес дәүірінің ел өмірінде, халық тіршілігінде қалдырган қунгейі де бар, көлеңкесі мен қасіреті де жеткілікті. Ол туралы тарих өз бағасын бере бастады. Әлі де бере жатар. Басқасын айтпағанда, 20-жылдар мен 32-34-жылдар аралығындағы қолдан жасалған аштықты қалай аттап өтүге болады? Бұл нағыз ойланып отырып, жүзеге асырылған геноцид қой. Мен солай деп ойлаймын... Ал енді, Қазақстанды мемлекет деп жариялай отырып, сол ел басшыларының көзін бақырайтып қойып, тізеге салып, Кеңестер Одағының тұсында Қазақстан жерінің – ұлы Абай дүниеге келген қасиетті топырақтың атом қаруын сынайтын полигонға айналдырылуын не деуге болады? Мұның төркінінде

не жатқаның дәлелдеудің қажеті шамалы. Бір сөзбен айтқанда, осының өзі империялтық жүргенсіздік пен зорлықтың айғағы емес пе?!

Осындай бір "жүргенсіздік" менің де есімде. Үкімет басшысы болып тұрған кезім. Ракеталарды жою үшін Сарызектен жиырма мың гектар жер бөліп бер деп бір топ генерал сау ете қалды. Мен: облыста Шаухаманов деген атқару комитетінің басшысы бар, сол біледі, беремін десе аласындар, бермеймін десе, алмайсындар, дедім. Генералдар реніш білдірді. Орталық қаулы қабылдағанын айтты. Ол кезде КСРО әлі бар еді. Мен білмеймін деп кесіп айттым. Содан әлгілер Сейілбек Шаухамановқа кетті. Мен Сейілбекке телефон соқтым да айттым: "Жігіттерінді жина, халықтың барлығын сол жерге алып кел-дағы, өздерінің талаптарынды қой", дедім. Сөйтсек, әлгі шіркіндерге 20 мың гектар емес, бір мыңдай гектар жер керек екен. Ал, олар Семейдегі ежелгі әдіске басып, малши-қолаңың барлығын көшіріп, ол үшін көк тиын төлемей-ақ, ен жатқан жерді қоршап алып еркін жайламақ болған. Ауызбірліктің арқасында бұл ойлары жүзеге аспай қалды.

### **Н. Оразалин:**

– Ол тәуелді кездегі психология. Ендігі қарым-қатынас бөлек қой. Бұл туралы не айтуға болады? Сыртқы саясатқа қырағылық қажет-ақ...

### **Н. Назарбаев:**

– Әрине, сыртқы саясатты бақылайтын жігіттеріміз бар. Барлық жайдан хабар алып отырамыз. Жағдайды айттым, бірқалыпты емес, толқымалы. Ресей басшылығы төңірегінде де ескі көзқарасты ұстанушылар жоқ емес. Жұз жылдар бойы қалыптасқан "билеп-тестеу" ауруынан тез сауыға қою мүмкін бе? Мүмкін емес. Қайсыбір шовинистік дертке бой алдырған топ өкілдері әлі де баяғыдай болғанды көксейді. "Тарихтан қалған сабақ бар, қазақтарды тізгіndeудің жалғыз жолы – айдан салып, алыстыр да, билей бер, деген орыс патшасы заманынан қалған неше жұз жылдан бері келе жатқан ескі саясатты жүргізсек болды", деушілер де солар. Бірді-бірге айдан салып, ұрит-соқпен ел ішін алауыздықта ұсташа, топқа, жікке бөлу, билікке таластыру... Қарсы шық, ақшаны саған тәгеміз, сені халыққа басшы ғып сыйлатамыз, деген тәрізді алдаусырату принципі әлі бар. Мұның аржағында Қазақстанды көктету емес, көктей солдыру әдісі жатыр. Аузымыз күйетіндей кез болды ғой. Бұл туралы, әсіресе, қоғамдық пікір қалыптастырар саяси партиялардың құлағында жүрген азаматтар мықтап ойланулары керек-ақ.

Қан – көzsіз жау. Қаннан сақтасын. Басқа салмасын, анада Тәжікстанда қыргын соғыс болғанда тәжіктің бастығы маған: қанаттарыңа алсандаршы бізді, не Қазақстан, не Өзбекстан, қолын созсын, тіпті Ресейді паналайық, – деді. Тәжік халқы қырылатын болды деген өтініш білдірді. Ондай жағдай біздің басымызға түспесіне кім кепіл?! Сондықтан да сыртқы, ішкі саясаттан да сақ болуымыз керек. Айдан салудан абай болайық. Кейбір азаматтарымыз

соңау алыс шетелдерде немесе Мәскеудегі құрылған әр түрлі қоғамдардың ішіне кіріп, неше түрлі қорларды ұйымдастырып жүреді. Жұрсін, ұйымдастырысын, бірақ солардың қай-қайсысы да Отан тағдырына қызмет етер ауызбірлікті ешқашан естен шығармаулары тиіс. Соңда ғана Қазақстан басқаларға сыйлы болады. Соңда ғана басқа үлтттар бізben санасады. Тіліміз де дамиды. Дініміз де өрлейді. Саясатымызға да қанат біtedі.

### **Н. Оразалин:**

– Тәуелсіздік жолы тар, тайғанақ екеніне көзіміз жетіп келеді. Сіздің Елбасы ретінде айтып отырған терең толғаныстарының да соны дәлелден отыр. Бұрын бодандықта болған тәуелсіз жас мемлекеттің тез нығайып, өркендеуі, бүгінгідей өтпелі ауыр кезеңнен халықты қажытпай, жүдегіп алмай алып ету үшін үкіметтен – атқарушы биліктен көп нәрсе талап етіледі. Соңғы айтулы жиындардың бірінде Сіз дағдарыстан шығу бағдарламасының орындалуына орай, үкімет пен үкімет мүшелерінің біразын қатты сынға алдыңыз. Көп нәрсеге көнілініздің толмайтынын ашық айттыңыз. Осы әңгімені әлі де нақтылай түсуге болар ма еді?

### **Н. Назарбаев:**

– Бұл мәселенің бір ұшы жаңағы экономикалық тәуелсіздікте жатыр. Жалпы қарапайым халық жағдайды толық біле бермейді. Түсіндіре білуіміз керек, елдің барлығы "анау айтты, мынау айттыға" бой алдырмай, неге де сауатты, салауатты қарағаны жөн-ақ. Басшыларға берілер баға да нақ, дәл болса деймін.

Әуелі экономикалық дағдарыс туралы бір-екі ауыз. Кезінде Кеңес Одағында коммунистік партияның Орталық Комитетті Мәскеу арқылы өзінің саясатын жүргізді. Ол саясатты барлық мекемелер мұлтіксіз орынданап отырды. Бәрі жоспарлы түрдө "жоспарлау" принципімен жүзеге асып отырды. Осы саясат бойынша Кеңес Одағының жері біртұтас мемлекеттің жері болып есептелді, ал экономикасы біртұтас мемлекеттің экономикасы болды. Дербеспіз дегенімізben, әлі де сол көріністен ұзаған жоқпыш. Қараңыздар, Қазақстанның экономикасы әлі сол баяғыдай Кеңес Одағы экономикасының бір тармағы сияқты. Неге? Бірінші мысал, темір жолдың бәрі Кеңес Одағының саясатына орайластырып салынған. Қазақстаннынан сыртқа шығатын бірде-бір жол болмаған. Шүкіршілік айтайық, тек тоқсаныншы жылы ғана әзер дегенде Достық стансасы арқылы кішкентай темір жол өткіздік. Енді Орта Азия арқылы Иранға шығатын темір жолды келесі жылы іске қоссақ деген үміттеміз. Мінеки, Каспий арқылы да осыдан бес күн бұрын Ираннан Ақтауға ең бірінші кеме келді. Бұл дегеніміз не? Бұл ондаған миллион тонна жүкті теңіз қатынасы арқылы Оңтүстіктің жылы теңіздеріне алып шығуға мүмкіндік туады деген сөз. Еркін елдің қолы да байлаусыз, еркін болуға тиіс қой деп ойлаймын.

## **Н. Оразалин:**

– Әлбетте. Осыған дейін әр қымылымыз түгілі, әр сезіміз бен ісімізді де "тұйықтап" келген саясаттан құтыла қою оңайға соқпасы анық.

## **Н. Назарбаев:**

– Бұл әдейі жүргізілген саясат. Дұрыс айтасың, бұл "тұйыққа" байлау саясаты. Сондықтан Ресейсіз де, басқа ТМД елдерінсіз де өз жағдайымызды өзіміз түзеп әкете қоямыз, жеке өмір сүре аламыз, өз экономикамыз, құдайға шүкір, өзімізге жетеді деп айтсам, шындыққа жанааспас еді. Ал солай делік. Сонда ертең заттарымызды қайда апарамыз? Қалай, немен апарамыз? Міне, мәселе қайда? Бұл бір деңіз. Екіншіден, құдайдың берген жерінің көндігінің арқасында, оның қойнау-қонышындағы қазына-байлышының арқасында республикадан түсті металл өндіретін баяғы Балқаштан бастап, жиырма шақты үлкен-үлкен өндіріс орындарын салдық. Өркениетті елдердің үлгісі бойынша мыс шыққан жерден мысты балқыту зауыты да салынуға тиіс емес пе? Бұл бір жағынан үнемді. Жеке мемлекет үшін де тиімді. Ал бізде қалай? Жаңағы қара мысты сонау Санкт-Петербургқа дейін апарып жүрміз. Бәрі тиімді-тиімсізіне қарамай-ақ, әкімшілік жүйесінің ақша санай білмейтін иесіздігі мен қырсыздығынан болды. Өйткені, ешкім де өзі шығарып, шығынданып жатқан жоқ. Бәрі өкіметтің мойнында... Егер сөл басқаша ойлап, нағыз қожайынның көзімен қарал, Балқаштың іргесінде мыстан прокат шығаратын, немесе сым жасайтын, кабель жасайтын тағы да басқа неше түрлі керекті бұйымдар жасайтын зауыттар ашса, зауыт өнімдерін сыртқа шығарып сатса, бағасы да жоғары болар еді ғой... Жоқ, баяғы "қол байлау, жол байлау" принципімен Балқаш мысы ышқынып, қүшеніп, алысқа кетіп жатты. Республика тек шикізат шығаратын қоймаға айналып қала берді.

Мысалы, Соколов-Сарыбай кенбайыту комбинатын алайық, мұның да барлық өнімдері тікелей Оралдағы Магнитогорск комбинатына барады. Ал егеменбіз, шикізатымызды бермейміз дейікші, сонда қайда апарамыз? Магнитогорскіні тоқтатып қойсақ, ондағы 50 мың адам не істейді? Қым-қуыт, құдігі көп жүйе. Мысалы, өзіміздің Қарағанды металлургия комбинатына Лисаковскінің байытылмаған, аса кедей, ішіндеңі металының құрамы да аз шикізатты алып келіп береді. Ал мына қымбатын сыртқа шығарады. Көрдіңіз бе? Екіастұзды алайық. 80 миллион тонна көмір шығарамыз. Соның 40 миллионы Ресейге кетеді. Әзірше сатсан да сатасың, сатпасаң да сатасың. Өйткені бұл көмірді Ресейден басқа жаққа алғып баар темір жол қатынасы жоқ. Не істейсің? Тоқтатасың ба? Онда "Шеп қорыған иттің" кебін кимейміз бе?! Оның үстіне бұл өзімізден артылғаны. Оны Украинаға да, Түркияға да, Қытайға да таси алмаймыз. Кеңес кезіндегі бір орталыққа бағынған жоспарлы құрылым бәрін бір-біріне байлан, матастырып, тәуелді етіп қойған.

Бұдан шығудың жолы бар ма? Бар. Біз оны қазір бағдарлап отырмыз. Мысалы, екі ферросплав зауыттың бар. Хромды тек руда күйінде сыртқа

шығармай, осы екі зауытқа әкел қорытып, тым болмаса қоспа ферросплав түрінде шығаруымыз керек. Сонда бағасы да басқа болады. Екінші жол, Соколов-Сарыбай комбинатының рудасын Қарағанды металлургия комбинатына бұру керек. Сонда ондағы өнімнің де өзіндік құны кемиді. Металдың бағасы төмендеп, бәсеке майданына ене алады. Сейтіп өндірістің барлығын бері қарай бірте-бірте өзімізге бұрып алуға болады. Ол үшін уақыт керек, жаңа өндірістер салу керек. Бұл мәселе де еттег дұрыс жолға тусіп келеді. Амандық болса, жақын арада Балқашта кабель шығарамыз.

Өндіріс технологиясын заманға бейімдеу керек. Айталық, Павлодардағы алюминий жасайтын зауыт тек қана шикізатты Новосибирскіге, Иркутскіге беріп отыратын. Ол жерден шикізат алюминийге айналады. Егер өзімізде зауыт сала қалсақ, қалай саламыз? Кеңес үкіметінен алған ескі бөлшектермен, жабдықтармен саламыз ба? Бұл тиімсіз. Олай болса артта қалғанымыз, қалған. Жылжуымыз қыын. Жаңа заманға ілесу үшін шетелдік инвесторлардың көмегі керек-ақ. Солардың құрал-жабдықтарымен жасау керек. Солай жасап та жатырмыз. Сонда ғана біздің өндірген затымыз дүниежүзілік саудаға шыға алады.

#### **Н. Оразалин:**

– Әлемдік кеңістікке шығудың қындықтары да көп болар? "Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын" демеуші ме еді халқымыз...

#### **Н. Назарбаев:**

– Қындық көп. Сол көп қындықтың бірі – осы күні жалақы төлейтін ақшаның жетпеуі. Бәріміз білеміз, ақшаны шығарып отырған Ресей. Өз ақшамызды шығара қойсақ, бәрі орны-орнына келеді деушілер де бар. Ал шығара қойдық. Сонда әлгіндей алмағайып қарым-қатынастың арасында отырып, бір-бірімізben қалай, немен есеп айырысамыз? Қіріс-шығыстың қалай жасаймыз? АҚШ валютасымен бе? "Арқа еті – арша, борбай еті – борша" болып түрган инфляцияның кезінде қате жүріс, асығыс қымыл жасау – елді орга құлатумен бірдей. Өз ақшамыздың айналымын қамтамасыз ететін тауар болмай, ейтіп тәуекелге баруға болмайды. Ақшаға жасалып отырған тосқауыл – қолдан жасалынып отырған дүние. Шынын айтсақ, Ресейдің басшылығының сөзі мен ісі керегар бола бастады. Жоғарыдағылар тәменгілерге сөзін өткізе алмайды. Тізгінді беріп қойып отыр. Кеше ғана біздің Премьер-министріміз Терещенко орынбасарларымен Мәскеуге барып, істің байыбына тағы да көз жеткізе алмай келді. Мәскеу біздің өндірістердің ақшаларын неге өткізбейді деген сауалға жөнді жауап ала алмаған. Бәрі уәдеге шебер. Ал жер-жерден, облыстардан жіберілген ақшалар банкіде қозғаусыз, Мәскеудің қак төрінде зауыттарға жіберілмей жатыр. Бұл жараспайтын әрекет...

### **Н. Оразалин:**

– Нұреке, осыдан туындастын тағы бір сұрақ. Минскідегі кездесуде өзініз ұсынған "біртұтас сом аймағында" қалу жөніндегі концепцияның алғып-қосарының бар ма? ТМД елдерінің үкіметтері Қарағанды кездесуінде де, Ақмолада болған бас қосуда да ұғынысқан тәрізді еді ғой. Ал енді іс жүзіне келгенде тағы да басқаша болғаны қалай? Әлде бұл әрекеттердің тасасында біз біле бермейтін басқа мақсаттар бар ма? Ресей тарапынан жасалынып жатқан "ұнсіз блокаданы" қалай ұғынуға болады? Астарында не жатыр? Артында кімдер түр деп ойлайсыз?

### **Н. Назарбаев:**

– Дұрыс сұрақ. Бірақ бұған төте жауап табу қыын. Манадан бергі айтқан жалпы саясат туралы болжамдардың ішіндегі біраз нәрсені қамтыған сияқтымын. Шынында да ТМД мемлекет басшыларының кездесіп шешетін мәселесі қақындағы сездері бір болады да, ал жүзеге асуы әрқылы. Мысалы, қол қойған мәселелерімізді біз, Қазақстан, орындауға тырысамыз. Ешкімді ренжіткіміз келмейді. Өкінішке орай, Ресей, Украина, Беларусь басшылықтары тарапынан қол қойған қағаздардың көпшілігі қағаз күйінде қалады. Себебі оларда келісім аз. Мысалы, менің байқаумыша, Ресейдің басында бірнеше екімет бар сияқты. Әрқайсысының өз саясаты бар, Ельцин, Черномырдин мырзалармен қарым-қатынасымыз жақсы, Қазақстан жағдайын дұрыс түсінеді. Ресей үшін Қазақстан ең жақын дос мемлекет, сіздерден біз ештеңе аяマイмыз, кеденді жаппаймыз, қарым-қатынасымыз ашық болады деп сөз береді. Кеше ғана телефон арқылы Ельцинмен сөйлескендегі сөзім де осы болды. Ал енді тәменірек, үкіметтің басшысының орынбасарларына министрлерге барсаңыз, олар жүргізіп отырған саясатта ауытқу бар. Тоқтап тұрған Ресей зауыттары мен банкілерде қозғаусыз жатқан біздің ақшалардың айыбы дәл солардың мойнында. Әрине, қарыз туралы айтсақ, екі ел жағында да біраз қарыздың бары рас. Ресейдің зауыт-фабрикалары біздің зауыт-фабрикаларға 170 миллиард сомдай қарыз болса, біз де оларға 200 миллиардтай қарызыбыз...

Менің ойымша, үкіметтінен гері, Ресей аймақтарымен тікелей қарым-қатынас жасау тиімді секілді. Үкімет араласқан жерде саясат жүреді, ал саясат бар жерде өзініз айтып отырғандай "ұнсіз блокада жасау" тәрізді бірдемелер болады.

Орыс ақшасының "тұтас сом аймағы да" осындай негайбыл күн кешуде. Мұнда да басы түйіспей жатқан нәрселер бар. Әлі нақты нәтиже болмай түр. Экономикалық одақ жөніндегі байсалды сөз, басалқы пікіріміздің алды тұманданып түр. Жаңға осы жағы батады. Мұның ақыры арандатуға апарып жүрмесе екен деп тілеймін. Ең ауыры сонда болады. Тұптің түбі, ТМД-ның ыдырауы Ресейдің өзінің ішкі ыдырауына әкеп соғуы не ғайбыл. Бұл аса қауіпті нәрсе. Айналып келгенде, қай жерде қияннаттың қамытын киер халық.

Халықты ашындыра беруге болмайды. Бәрі өркениетті, екіжақты түсіністікте атқарылуға тиіс. Келісім-шарт болған жерде бөтен сөз болмауға керек. Мысалы, көршілес жатқан өзбек ағайындармен келісім-шарт бойынша, біз екі мемлекет бірігіп, кіріс-шығысымызды тең есептеп, сырттан алатын дүниелерімізді түгендеуге бет бұрдық. Аз да болса, жүгіміз женілдейтін түрі бар. Бірігіп отырып, көп қындықтың алдын алуға болады.

Айта берсе, әңгімеге арқау болар сөз көп. Мысалы, біз Ресейден ұшақтар сатып аламыз. Амандық болса, Қазақ АЙР деген компания жасамақпыш. Егер Ресей бізге дүниежүзілік бағаменен өздерінің ескірген ұшақтарын беретін болса, онда оны алып қайтеміз. Одан да біз сол бағамен сол ұшақты басқа елдерден алмаймыз ба?! Комбайнды да халықаралық сондай бағамен Германиядан алуға болады. Астығымызды дүниежүзілік бағамен сатып, қажетті жабдық-техниканың қай-қай түрін де дүниежүзілік бағамен алуға болады ғой.

#### **Н. Оразалин:**

– Өзі де соған келе жатқан жоқ па?

#### **Н. Назарбаев:**

– Бұғын болмаса, ертең терезесі тең елдер қарым-қатынасы солай болуға тиіс. Тәуелсіздік алғанымызға бір жарым жыл ғана болды. Әрбір халықтың тарихын ойлап қараңыздаршы, аяғынан тік тұрғанша ондаған жылдар өткен. Әрине, халықтың ойын түсінем, тез болғанын қалайды. Не болса да тез бола қалса екен дейді...

#### **Н. Оразалин:**

– Нұреке, кешірініз, сөзіңізді бөліп кеттім... Біраз ағайындар, арасында экономист-ғалымдарымыз да бар, мана өзіңіз айтқандай, ұлттық валюта туралы жиі айтып жүр. Олардың пайымдауында ұлттық валюта құтқарудың жолы төрізді. Әрине, қырғыздар мен ақшасын шығаруын шығарып алып, тұйыққа тіреліп отырған Украинаның жағдайын ескермей, таразыға салмай болмас. Дегенмен, осы ұлттық валюта қай кезде іске қосылғаны республика үшін тиімді? Және ол қандай жағдайда өзін-өзі ақтауы мүмкін?

#### **Н. Назарбаев:**

– Бұл ең бір өзекті мәселе. Ол жөнінде жоғарыда айтқан әңгімемде де тоқталдым. Ұлттық валюта тәуелсіздіктің бірден-бір жолы деген бір жағынан дұрыс, ал бір жағынан дұрыс емес. Украинадағы, Қырғызстандағы жағдайлар бізді де ойландыруға тиіс. Басқаларды да ойлантуға тиіс. Басқа республикалар да қам жасап жатуы мүмкін. Бізді де еш дайындықсыз, әшейін бос отыр деп халық ойламасын. Техникалық жағынан енгізу көп қындық тудырмайды. Біз де дайынбыз. Мәселе онда емес. Өзіміздің ұлттық валютаны енгізгеннен кейін өлеуметтік-техникалық жағдайымыз көтеріле ме, жоқ па? Әлде Ресейдің рублі секілді инфляцияға ұшырап, біз де көш соңында

қаламыз ба, мәселе сонда? Қараңыздар, қазір не болып жатыр. Қырғызстан сомын енгізер-енгізбестен Ресей "беретін заттарымыздың барлығына АҚШтың долларымен төлейсіндер" деген ультиматум қойған. Соның арқасында дүниежүзілік халықаралық қоғамдастықтан көмек ретінде келіп тұрған болмашы қаржыны енді қырғыздар Ресейден алған заттарына төлеп жатыр. Ал ол ертеңгі күні біtedі, сонда не болмақ? Бүйте берсе, сом құлдырап-құлдырап жоқ болады. Біздің жағдайымыз Қырғызстаннан да ғері күрдели.

Айталақ, мемлекеттің ішіндегі жүретін ақшаның көлемі болашақ Қазақстан сомына шаққанда қажеті шамамен 500 миллиард болады делік. Мемлекеттің ішіндегі қозғалысқа түсетіні. Ол 500 миллиардтың 300-і кәсіпорындар мен мекемелер арасындағы банкілер арқылы жүргізілетін айналым есебіндегі ақша, ал қалғаны қолда жүргені, яғни сауда-саттықта, дүкендерде, жалақы орнында болатын нақты ақша. Айталақ, 250 миллиард деп. Осы 250 миллиардты өкімет тауарлар арқылы банкке қайтарып отырмаса жағдай қыын. Тым құрыса, соның 150 миллиарды қайтпай болмайды. Қолда қалған ақша неғұрлым көп болса, соғұрлым инфляция буындыра түседі. Сондықтан сандықта жатқан ақшаның мөлшерін барынша азайту керек. Нәлге жетсе ғана инфляция тоқтайды. Өйтпейінше, инфляцияның спиралы өсе береді.

Инфляция спиралын тоқтатудың екінші жолы – алтын резерві. Жаңағы өз ақшамызды түгел қамтамасыз ететін не тауар, не соншалық көлемде алтын керек, не валюта керек. Бұл қаржы институтының бірінші курс студенті білетін жәйт, дүниежүзілік тәртіп. Мен өзім ойлап тауып отырғаным жоқ. Ақшаның айналымы дұрыс болу үшін еш дефицит болмауы керек. Бұл – бір. Екінші мәселе – Қазақстан сыртқа көмір, темір, мұнай жіберіп жатыр. Сол мұнай мен темірдің орнына құрал-жабдық, қосалқы бөлшектер, комбайндар, тағысын-тағы қажетті заттардың бәрін сырттан алуы керек. Ешкім сәйлеспейтін ұлттық валюта кімге керек? Заттарға қандай ақша төлейміз? Алушылардың немесе берушілердің ақшасы мен біздің ақшаның арасындағы ауыстыратын бағыт (курс) қалай болады? Біздің бір тенгемен орыс рублінің ара-қатынасы қандай болмақ? Бір рубль қанша сом болады? Ол курстың барлығын анықтау үшін клиринг банкісі керек. Ол клиринг банкісі арқылы Ресеймен, Өзбекстанмен, т.т. елдермен күнілгері шартқа отыру керек. Қырғыз ағайындар бұны істемеді. Ағайын ел ғой, көмектестік. Бірақ ол көмекпен қаншаға барады. Міне, ұлттық валютаны енгізуінде неше түрлі шарттары бар. Сондықтан өлшеп-пішіп, дер кезінде енгізу керек.

#### **Н. Оразалин:**

– Демек, бұл бағытта біраз жұмыс жүргізіліп жатқан болды ғой...

#### **Н. Назарбаев:**

– Иә. Әзірге өзіміздің алтын қорымызды, валюталық қорымызды жасап жатырыз. Шетелдік инвесторларға неге есікті айқара ашып отыр дейсіз.

Оның үстінеге инвесторларымыз сенімді, күшті елдердің өкілдері. Үміт те, сенім де жоқ емес. Ерте ме, кеш пе "Шевронға" кеткен мұнайдың қайтарымы болады. Ендігөрі біздің мұнайдың капиталын салған шетжүрттық ағайындар өзімен бірге біздің де жағдайды қоса ойлайтын болады. Бізге келіп жатқан компаниялардың ішінде "Шелл", "Эксон", "Тоталь", "Аджип", "Бритиш Петролиум" тәрізді атақты компаниялар бар. Бұлар әлемдік тізімнің алғашқы бестігінде тұрғандар, қисапсыз миллиардтарменен айналым жасайды. "Симекс" секілді бай компанияны металдарға салып жатырмыз. Жуықта менің қабылдаудыңда болған 65 жапондық көсіпкерлердің президенттерімен де біраз келісімдерге жеттік. Осының барлығын аспай-саспай жасалып жатқан дайындық екенін жүрт білуі керек.

#### **Н. Оразалин:**

– Нұраға, аңы да болса шындық, ел өз тұрмысының түзелер күнін зарыға күтуде. Осы орайда қалың жүрттү титықтатып бара жатқан көп себептің бірі – көкке шапшыған баға. Иә, инфляция... Талай мінберден айтып та жүрсіз. Оны қарапайым жүрттүң бірі түсінсе, бірі түсінбейді.. Бағаны ырыққа көндіруге, тоқтатуға бола ма?

#### **Н. Назарбаев:**

– Қыын мәселе. Есінде болар, Қазақстан бұл процеске өз еркімен кірген жоқ. Амалсыз барды. Бұл жағдайға 1992 жылдың қантарында Ресейдің қысымымен барды. Әуелгіде біз өзара келісіп, іркіп келдік. Әңгіме 1991 жылдың қазанынан басталды. Мен ақылдасып жасайық, асықпандар деп, Ельцинді үстап келдім. Ол кезде үкімет құлағында Гайдар бастаған жастар болды. Әмірдің ешқандай қыындығын көрмегендер... Гайдар кім? Ол еш уақытта аштықты көрмеген бала, атасы – атақты Гайдар, әкесі де адмирал Гайдар. Көзін ашқалы көргені: үлде мен бұлде – шетел, жақсы тамақ, жақсы киім. Ол біз секілді соғыстан кейінгі аштықтың дәмін білмей өскен адам. "Басы ауырмашының құдаймен ісі жоқ". Жаңа, жас буын экономист-қайраткерлер, шетелде өскен ерке балалар бағаның жуғенін сыпырды да жіберді. Олар Америка, Франция моделін алдыға тартты. Қенес Одағын жайлап отырған үлттар мен ұлыстардың болмысын, түсінігін ескермеді. Ресей "шлюзді" ашып жіберген соң, біз де еріксіз бағаны жібердік. Әйтпесе алаң ашық жатқан шартты шекарадан Ресейдің іргелес облыстарына Қазақстанның арзан бағалы заттары жұтылып кету қаупі тұрды. Енді шекараның барлығын біз де жауып, кедендер қойып жатырмыз. Оңтүстіктен де, солтүстіктен де – әр-әр жерден. Ең болмаса мәшине, пойыз жүретін үлкен жолдарды қадағаламай болатын емес.

Әрине, нарық экономикасына көшкеннен соң тубінде бағаны бір жіберуіміз күмәнсіз еді. Нарыққа көшудің әлемдегі классикалық үлгісі, әр елдердің тарихи тәжірибесі бойынша баға түгел қоя берілген, бағаны тежесең, бәсеке болмайды. Қазір біз наның бағасын үстап отырмыз, ай

сайын 10-12 миллиард сомды бюджет есебінен толтырып отырмыз. Бұл жүртшылықпен қатар ауыл шаруашылығы қызметкерлерін уақытша қолдау. Тұбі баға нанға да жіберіледі. Екіншіден, бағаны жібермес бұрын мешіктің 20-30 процентін жекешелендіру керек еді. Бұл жағдай бәсеке майданын ұстады. Ал бәсеке-жарыс болмаған жерде нарықтық қатынас ойдағыдай болмайды. Өйткені ынта жоқ. Ынта жоқ жерде құлышыздық болмай ма? Жабайы түрде түсіндір болсақ, кәдімгі көк базардағы баға жүйесі нарық жүйесімен ұқсас. Монополия басым жерде өндіріс тұншығады. Көп түрлі мешіктен қорықпау керек. Мысалы, металды Қазақстанда жалғыз Қарағанды металлургия комбинаты шығарады, немесе аяқ киімді жалғыз Женіл өнеркәсіп министрлігі шығарады. Мұндай жағдайда бұл екі салада қандай жарыс, бәсеке болуы мүмкін? Бірер аяқ киім фабрикасын өкімет мешігінен алып, жекешелендіруге құш салып едік. Ол да толық орындалмады. Сол себепті қоя берген баға шарықтап аспанға кетпей қайтсін? Бәсекеге түсіп, бірі іріксе, екінші мешік иесі де затын өтетін тәмен бағаға сатар еді. Қазір ше? Монополист-өндіруші бағаны өзі қояды. Мешіктің түрі көбеймей, өнім молаймай, бағаны ірку қын.

Енді сұрақтың тоқетер жауабына келейін. Иә, қазір Республикадағы жағдайды қындантып тұрған баға факторымен санаспай болмайды. Бұл тығырықтан шығу үшін бағаны ғана емес, онда жалақыны да дәл бүгінгідей қалдыруымыз керек. Сонда ғана тұрақтылық болуы мүмкін. Бәлкім мен халыққа ашық шығып, осындаш шараны қолдансам ба деп те ойлаймын. Бұл шараны әрі кетсе екі жылға жасау керек, әйтпесе бір жылға. Бір жылдың ішінде бағаны да, жалақыны да тежеуіміз мүмкін. Қазір біз дүкендердің 40 процентін жекешелендірдік. Олар енді мемлекеттің мешігі емес, жекениң мешігі. Жекешенің бағасын біз қалай тежейміз? Менің айтарым – халық жекешелендіру процесіне толық араласуы керек. Қалғып жүрге болмайды. Тежеу мәселесін өз валютамызды енгізген кезде жақсылап ойластыру керек.

### **Н. Оразалин:**

– Осыдан шығатын ендігі бір айтпауға болмайтын тұжырым: ауыл мен қала арасалмағының бірдей еместігі. Оның үстінен ауылда жатқан ағайындардың самарқаулық психологиясы тағы бар, қысқасы, бұл салада, әлі де жекешелендірудің сылбыр жүріп жатқаны жанға батады. Жалпы ауылдың айлық табысы қаламен салыстырғанда тәмен. Шаруашылықтардың көбі банкрот болудың аз-ақ алдында тұрған жайы бар. Ауылдарды аман сақтай отырып, ауыл тұрғындарының айлығын, табысын молайтудың жолдарын қалай қарастыруға болады?

### **Н. Назарбаев:**

– Біз сияқты 35 – 40 проценті ауылда тұратын, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын дүние жүзінде ешқандай мемлекет жоқ. Көп елдерде бұл

көлем әрі кеткенде 10 проценттен аспайды. Америкада 4–5 процент қана. Қысқасы, 10 процент халық 90 процентті асырайды. Біздің жағдай баяғы Кеңес Одағынан қалған психологияға бой алдырған жайбасарлық, жоспаршылдық, науқаншылдық ауылынан үзай қойған жоқ. Ел мұндай шаруашылық жүргізу әдісінің тиімсіз екенін түсінер кез жетті. Заманың өзгергенін көру аз. Заманды менгеру керек. Қарызға бата берсе де жылдың аяғында екімет қарызын сыйып тастайтын шаруашылықтардың күні өтті.

Қазіргі уақытта жалақы шығарған өнімге байланысты. Онсыз ешқандай экономика жұмыс істей алмайды. Мысалы, жаңағы айтқаныңнан шығады, егер де ауыл шаруашылығы шығаратын өнімдерінің бағасын олар өздері белгілемесе онда табысының түзелмейтіні анық. Оның үстіне жағармай мен жаңармайдың, техниканың бағасы өсіп жатыр. Ауыл өнімдеріне де нарықтық сипат керек, бағаны тежеуге болмайды, жіберу керек. Сонда өндірістегі ақша ауылға қарай жылжиды. Сонда қала мен ауылдың арасалмағы түзеледі. Соған байланысты жалақысы да болады. Бұл мен ұсынар рецепт емес, нарық ұсынар үлгі, ақыл-кеңес.

Бір жағынан қойып отырғаның баяғы социализмнің сұрағы. Түсінемін, халықтың көкейінде жүрген сез. Өздерің білесіндер анада Жоғарғы Кеңесте бюджетті қарағанда ақшаны бір тындалап бөлдік. Сонда 54 миллиард сом көлеміндегі дотация ауыл шаруашылығына бөлінді. Нарық жағдайында бұл біздің ауылдағы ағайындарға жасап жатқан қамшы-сүйеуіміз. Мұндай азды-көпті сүйеулермен ауыл алысқа бармайды. Ауылда, селолық жерлерде шұғыл түрде жекешелендіруді жүзеге асыру керек. Сен жалақыны айтасың, ал мен басқаны айттар ем: сиырдың – 50 пайызы, жылқының – 40 пайызы, қойдың – 30 пайызы, шошқаның – 40 пайызы осы күні жекеменшікте. Мұндай нәрсе өмірде болып көрген жоқ. Картоптың – 60, сүттің – 40 пайызын жекеменшік шығарады. Есептеп көріңіз, оның ақшасын қосқанда қанша болады? Кім санайды? Оны неге біз ауыл-селоның табысына қоспаймыз?

#### **Н. Оразалин:**

– Кейбір жұн өндейтін акционерлік қоғамдардың үстінен шағым айт羞ылар бар. Шаруашылықтардан жүнді арзан бағаға сатып алып, оны сыртқа валютаға өткізеді. Сол келген валютадан өндірушілер түк алмайтын көрінеді. Мұны қалай ұғуға болады?

#### **Н. Назарбаев:**

– Соны маған жазып беріңдерші?

#### **Н. Оразалин:**

– Шетелдік инвесторлар туралы сез болды ғой. Оның көрек екені даусыз. Бұл – түптің-түбі экономикалық дербестікке республиканы алып шығар жол. Республиканың әр-әр жерінде құрылған еркін экономикалық аймақтар бар.

Осындаі аймақтарды пайдаланып, елімізге еркін кіре бастаған шетелдік азаматтар жиілей түсуде. Солардың бірі іргемізде жатқан ұлы елден жүздел, мындаپ келушілер. "Көп қорқытады, көл жұтады" демеуші мә еді халқымыз. Жүртты аландатушылық болар...

### **Н. Назарбаев:**

– Шетелдік инвесторлардың қажеті туралы өзің де орынды айттың. Инвесторларды ренжітіп алмауымыз керек. Біз ашық саясат жүргізіп отырған елміз, экономикамыз да, саясатымыз да ашық. Қарым-қатынастың қай түрінен де қорықпауымыз керек. Әр елдің өзінің заны бар. Шетелдіктер де сол заңға бағынуға тиіс, мұлтіксіз орындауы керек. Біз Қытай Халық Республикасымен соңғы кезде көп қарым-қатынаас жасай бастадық. Ел ішінде "келіп жатыр екен, тұрақтанып жатыр екен" деген әңгіменің бары рас. Бұл мәселе өкімет назарында. Ал жұмыстың жауапкершілігі біздің шекара қызметкерлері мен кеден қызметінің мойнында. Әрбір адамның аты-жөні, келу мақсаты, алып өткізетін заттарының тізімі – бәрі солар арқылы жүреді. Осы жағынан аса ұқыпты болу керек. Бізге есеп-қисабына ие бола алмайтын өткеліктің керегі не? Қысқасы, шекара қызметінің міндетін атқара алмаған өткелдерді жауапқа тарту керек. Талапты қүшейту керек.

Қытай азаматтарының келгені туралы құжаттарды, олардың визаларын, мерзімін тексеріп, бәрін бақылауға алу керек. ТМД елдерімен шекараның жоқтығы бұл орайда көп іске кедергі тудырып тұр. Сыйластық артында – сенім, ал сенімнің қасында құрмет тұрмашан жерде саясат тұзу болмайды. Сене тұрып, тексеру қадағалау міндет. Бұл саладағы қызмет осылай өрбүі керек. Іргелес жатқан ұлы мемлекетпен жақсы қарым-қатынаас болу, дипломатиялық алыс-берісте, достық қатынаста болу қажет.

### **Н. Оразалин:**

– Сырттан келіп жатқан ағайындар бар. Айталық былтыр Монголиядан елу мың адам келді. Биыл да өтіп жатқандар бар. Солар өтетін кеден Ресейдің Тастанта деген жерінде орналасқан. Біраз қындықтар бар көрінеді, соны екі елдің өзара келісімімен реттеуге болмас па еді? Ол жақтан келген ағайындар бір кезде ары алып кеткен малымызды қайтып бері алып өтуге мүмкіндік болмай ма дегенді айтады.

### **Н. Назарбаев:**

– Сыртта жүрген қазақтар өз Отанына оралса, ортамыз толса, басымыз көбейсе деген орынды сөз. Бұл тұтастыққа, елдікке апарары анық. Еліміздің тарихында былтыр бірінші рет қолымыз жетіп, тәуелсіз болғанымызды әлемге танытып, сыртта жүрген қандастарымызды кіндік жүрттына жинадық. Бұл қазақтар үшін ғасырда бір болар оқиға. Шүкір. Елу мың емес, жалпы сырттан келген қазақтардың саны былтыр жүз мыңнан асып құлады. Сіз

айтып отырған елу мың тек Монголиядан келгені, жиырма төрт мыңды Ресейден, жиырма жеті мыңды Орталық Азиядан келді. Он төрт мыңды мына Кавказдан, Беларусь, Украинаадан келді. Соңғысының қатарын біраз қызмет бабымен кеткендер де толықтырады. Ресей жағынан орыстар сыртқа көп көшіп жатыр де бар. Мұнның бәрі бекер сөз. Біз де есеп жүргіземіз.

Қазақстанның жерінде бұған дейін 350 мың әскер болған. Енді бізге 350 мың әскердің керегі жоқ. Бізге соның 70-80 мыңдай да жетеді. Сондықтан әскерде жүрген орыс, украин, беларусь т.б. ұлт өкілдерінің өз елдеріне барып, әскери қызметін сонда атқарамыз депрай білдіргендерін жібердік. Оларды ешкім қызып шыққан жоқ, өз еріктерімен кетті.

Көші-қонға қатысты мәселелердің бәрі де "Көші-қон туралы" Заңмен реттелуге тиіс.

Монголиядан келген туыстар бізді дұрыс түсінсін. Басты байлық – атажүртта басымыздың қосылуы. Келгендеге мал беріледі, үй салып алуына ә дегенде бір жарым миллион сом несие ақша беріледі, жергілікті өкімет басшылары егер қолдарынан келсе ұзақ мерзімдік қайтарым қаржысын да береді. Әрине алғаш қызын болады. Бұл орайда да, өзіміздің тұрғылықты халыққа сәл кеңдік мінез керек-ақ. Бауырына тартып аяғынан тұрып кеткенше, алыстан келген ағайындарға жағдай жасауға болады ғой енді... ал кейде керісінше басқа емес, өзіміз бөлініп, бөлшектеніп, ренжіп, "қайдан келді", "бәлленнен келген, түгеннен келген" деген сөз айтып, алалайтынымыз бар. Бұл жарамайды. Мысалы, Шығыс Қазақстанда жүргенде: бұлар бізге бейімделмеген, мал баққаннан басқаны білмейді деген сөзді естігенім бар. Монголияның тұрмысы мен біздің тұрмысты салыстыруға болмайды, тіпті қытайда тұратын қазақтармен Қазақстанның ауыл шаруашылығында қазақтардың жағдайын салыстыруға болмайды. Ұлттың жан жарасын жазу үшін уақыт, ынтымақ керек. Келген қазақтардың ұрпағы бізben қоян-қолтық араласу үшін де осы ескі фактор аса қажет. Бұл орайда, көмек көрсету, демеп жіберу алдымен өз халқымыздың міндеті.

Ресей кеденінде бірен-саран жүгендіздік кездескен де шығар. Ал жаппай келенсіздіктің болуы мүмкін емес. Біздің Ресей үкіметімен де, Алтай өлкесімен де келісіміміз бар. Ал малдарын бірге алып өту туралы келісімге келе бастадық. Аманшылық болса, Монгол өкіметінің шақыруы бар, жақында Монгол министрі мен елшісін қабылдадым. Оларға да айттым. Малды тартып алуға болмайды деп. Қазір малымен жіберіп жатыр. Бірақ ол жақтың малын айдал әкеліп, Семейдің, Шығыс Қазақстанның ет комбинаттарына өткізіп, иелері бірден ақысын алып жатыр. Немесе өткізген малының орнына басын түгендеп, шаруашылықтардан мал алуына да болады. Шығысқазақстанның осылай істеп жатқан көрінеді. "Жұмыла көтерген жүк женіл", келіп жатқан ағайындарға әкімшіліктер де, шаруашылық басшылары да, жаңа жаңа бой түзей бастаған жеке кәсіпкерлер де көніл аударулары қажет. Міне, қазір баяғы ауған соғысынан қашып, Иранды панаған қазақтарды ата

жүртқа өткізудің мәселе сін шешіп жатырмыз. Мен Ниязовқа хат жаздым. Әзір-жауабы кешеуілдеп тұр.

Әнеугүні әдейі Туркіменстанға барғанда Президентімен келіскеңмін. Ираннан соларды бері өткізу – басты мақсат. Қарақалпақстаннан, Өзбекстаннан келіп отырған ағайындар қаншама. Тек бір айтарым, бұл ағайындардың бәрі оңтүстікке қабыса береді. Оңтүстіктің жері де тарлау, құнары да аздау. Неге екенін қайдам, Арқаның кең-байтақ даласына қарай жылжығылары келмейді... Бұл мәселе бойынша қазір Еңбек министрлігі арнайы шұғылданып отыр.

#### **Н. Оразалин:**

– Осы көші-қоннан шығатын тағы бір сауал: сырттағы қазақтарға азаматтық беру туралы Заң қабылдадық қой. Мемлекеттер арасындағы келісім бойынша солардың азаматтығын бекіту жағы кешеуілдеп жатқандығы туралы көп хаттар аламыз. Сіз былтыр қазақтардың құрылтайында бірнеше азаматқа паспорт бердіңіз. Сол көрініс көп отандастардың көкірегіне сәуле үялатқан секілді еді...

#### **Н. Назарбаев:**

– Әрине, шетелдік бауырларымыз екі жаққа бірдей азамат болуға заң жүзінде құқылы. Бірақ бұл мәселенің екінші жағы бар. Ішімізде басқа ұлт өкілдерінің де бар екенін неге естен шығарамыз. Бұл мәселеде абай болу керек. Олар да екінші жүрттың азаматы болғылары келеді. Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымында да қос азаматтықты колдай бермейді. Бұл мәселе елдің ішіне іріткі салады деп есептейді. Айтальық, қылмыс жасаған адамды қай елдің заңымен соттау керек? Әскерге де кімнің заңымен шақыру керек. Сұрақ көп. Шешуі жоқ. Сондықтан, біріншіден, Қазақстанның азаматтығын аламын деген кісі бізге арыз жазуы тиіс. Екіншіден, екі мемлекеттің арасында ол жөнінде келісім-шарт болуы керек. Қазақстанның азаматтығын алайық деп отырған елдің саны жұз мың, екі жұз мың адамнан асып жатса, бірсөрі, он адамға бола мемлекетаралық шарт жасаймын деу құлқілі ғой. Ең бастысы, шетелде жүрген қазақтардың Отанымда көшемін деген өз ынталанысы болуы керек. Әрине, оларды түсінуге болады: үй-жайы, бала-шағасы бар дегендей, сол жақта ел болып, жұрт болып сіңісіп кетті... Келу-келмеу әркімнің өз билігінде. Дегенмен тарихи жағдай әзірге бізге қызмет етіп тұрғанда ойлау керек шығар...

#### **Н. Оразалин:**

– Әсіресе түркиялыш қазақтар жиі сұрайды.

#### **Н. Назарбаев:**

– Көп емес, бірен-сараң. Оны жеке келісіп те шешуге болады. Енді менің білетінім, Қытай Халық Республикасы болмаса, басқа елдердің ешқайсысы

да қазақтардың қайтуына қарсы емес. Өзбекстанның өзі кедергі жасап отырған жоқ.

### **Н. Оразалин:**

– Бізде ел басқару үлгісі әлі толық қалыптасып, бір ізге түсіп біте қоймағаны белгілі. Бұл көрініс өсіреле аудандар мен ауылды жерлерден байқалады. Конституцияда көрсетілген өкіметтің үш тармағын аудан деңгейінде сақтау өзін-өзі ақтап келе ме? Қалай ойлайсыз?

### **Н. Назарбаев:**

– Иә, Ата Заң – Конституция қабылданды. Ел басшысы ретінде, Конституцияны дүниеге әкелген Комиссияның жетекшісі ретінде, әрі-беріден соң Конституцияның авторы ретінде елдің барлығын Ата Заң талаптарын орындауға шақыру – міндетім. Соны, ең алдымен өзім орындауым керек. Азат елдің алғашқы Ата Заңы! Кемшілік жоқ дей алмаймыз, бар, бірақ оның бәрін болашақ түзетеді. Сол кемшіліктердің ең үлкені де осы өкімет құрылымына байланысты. 85-ші жылдан басталған демократияның "буымен" біраз жерге бардық қой. Қазақстан үшін де дәл осы үлгі керек пе, жоқ па, ол жағын ешкім түбегейлі ойламады. Енді міне, бір жарым жыл ішіндегі азды-көпті тәжірибелі екшеп қарасақ, біз көп нәрсөні дұрыс жасамаған сияқтымыз?

Мемлекет біреу, мақсат біреу. Ал басшылық неге үшеу болуға тиіс? Мемлекет біреу болған соң, оның басшысы да, өкіметі де біреу болуы керек емес пе?! Үш билік – өкіметтің үш тармағы. Бұл өсіреле, Қазақстан тәрізді жас елге аяғынан тұрып кету үшін керек. Тәртіп бар жерде бәрі болады. Мемлекет те, демократия да. Жалпы Қазақстанды мына тығырықтан күшті атқару өкіметі ғана алып шыға алады. Өткінішке орай, біз осыған жете алмай келеміз. Атқару өкіметінің "әлсіздігінен" өндірістің тізгінін жіберіп алдық. Кім ойна не келсе, соны істеуге өуес. Зауыттардың директорлары "әй" дейтін әже, "қой" дейтін қожа жоқ, зауытты өзінің жекеменшігіндей сезінеді. Республика байлығын талан-таражға салып, өнімін онды-солды қуалайтынды шығарды. Ауыл шаруашылығында да кейбір азаматтар бүкіл халықтың малын алдына салып айдал, өз жекеменшігіндей көретінді шығарды. Анығын айтқанда, мұның бәрі асыра сілтеу, астамшылық. Менің айттарым, атқару өкіметін нығайтпай, істің оңға басуы қыын. Атқару өкіметі мықты болған кезде мемлекет те мықты. Мен бұл арада ешқандай шексіз билік туралы айтып отырған жоқтын. Парламент атқарар қыруар міндетті де, сот өкіметі жүргізетін үшінші тармақтың билігін де атқару өкіметі орындаі алмайды. Оны орындаудың керегі де жоқ. Онда демократия емес, диктатура болады ғой. Қыын-қыстау жағдайлар алдымызда көп. Өтпелі кезеңнің қыл көпірі де әлі алда.

Бүгін Қауіпсіздік кеңесінде қылмыскерлермен күресу мәселесін қарадақ. Егер дәл осылай осы "бассызықпен" кete беретін болсақ, көп ұзатпай үкімет

қылмыскерлердің қолына өтіп кетуі мүмкін. Айтальық, жергілікті жерде өкілетті билік жеке, атқару билігі жеке, сот билігі жеке болды делік. Сонда бүкіл халық сайлаған Президенттің әкімін кім орындаиды? Бәсекеге түсken үш билік үш жаққа тартпасына кім кепіл? Әкімет билігінің үш тармағы деген дұрыс болар. Президент Конституцияға мұлтіксіз бағына отырып, биліктің үш тармағынан сәл де болса жоғары құқықта ие болуы керек. Сонда ғана елде тәртіп болады. Сонда ғана Конституция да, қабылданған басқа заңдар да жұмыс істейді.

Тарихтан асқан кеменгер жоқ. Қиналғанда адамзат баласы қашанды өз тарихының сабактарына жүгінеді. Ой жүгіртіп көрініздерші, біздің ел өзінің басып өткен жолында билерінің тегеуірінді үкіміне құлақ асар хандарға, сұltандарға, немесе Саяси Бюроны тыңдайтын бірінші хатшыларға бағынып келген ғой. Бірден сол қалыптасқан үлгіден бас тартып, халықтың үйрене қоюы екіталай, демократияның американдық, француздық үлгілеріне көшеміз деу "асыра сілтеу" емес пе?! Біздің қазіргі жасап жатқан істеріміз Францияда 1798 жылғы революциядан басталған. Америкада басталғалы 280 жыл болды. Ал біз бас аяғы бес жылдың ішінде "демократияшыл" бола қаламыз. Менде де қателік кетті, елде де қателік болды. Мойындау керек, біз осыған дейін көбінесе Ресейдің істегенін қайталап келдік. Шындал келгенде, Ресейдің, Украинаның, Польшаның жағдайын Қазақстанмен, қазақ халқының жағдайымен салыстыруға болмайды ғой. Бұл арада мен өсіресе үлттых ғылымиологияда жатқан айырмашылықтарды айыра бөліп айттар едім. Бұл – ойланатын мәселе.

Ойланыздаршы, ауылға депутаттардың керегі бар ма осы? Ауылдық Қенестің сессиясы түбебейлі бір нәрсе шешеді дегенге кім сенеді. Бұл құрылым ауылға алауыздық пен амбицияны өрістетуге ғана қызмет етуі мүмкін. Оның үстіне сол депутаттың ырың-жырыңсыз жинала қоюы да қыын. Менің пікірімше ауылды басқаратын халықтық жыын, не конференция болуға тиіс. Халықтық жыын өз әкімін сайлауы керек. Ол әкімді ауданың әкімі ұсынуы міндетті. Әкімшіліктің жаңында қызмет істейтін екі-үш адам болса жеткілікті. Шенге, шекленге таласуышылар да аз болады. Ал қазіргі жағдайда ауылдық Қенестің тәрағасы өз алдына бір би, колхоздың бастығы мен совхоздың директоры өз алдына бір би. Алғашқысы кейінгіні тыңдағысы келмейді, аудан әкімшілігіне бағынғысы келмейді. Ұзын сөздің қысқасы, бірін-бірі мойындағысы келмейтін, біріне-бірі құлақ асқысы келмейтін мұндай құрылым нарықтық байланыстардың кезінде ауылға, ауданға, ел-елге, жер-жерге қолбайлау болары анық. Облыстарда, аудандарда болған кездесулерде осы ойымның растығына талай көз жеткіздім. Соңғы бір кездесулерде Алматыдағы қалалық, аудандық Қенестің басшылары маған осы тұрғыдағы ойларын жасырмай, бүкпей ашық айтты. Олар өздерінің қол қусырып қарап отырғылары келмейтінін, шаршап-шалдығып жұмыс істегілері келетінін білдірді. Кейбіреулері өндіріске жіберініз десе, енді біреулері басқа жұмыс беріңіз дейді. Бәрі де білікті, белді

мамандар. Шамасы, өздерін үтті, айылты сезінетіндей. Бұл тұста да мән беретін, назар аударатын ел басқару үлгісінде ақаулық бар. Сол ақаулықтың орнын толтыру үшін басқа бір үлгі табу керек.

**Н. Оразалин:**

– Шымкентте Алғабас ауданында біз айтып отырған үлгі бар екен: ауданның әкімі де, төрағасы да бір адам көрінеді.

**Н. Назарбаев:**

– Дұрыс. Аудандағы билік бір қолда болғаны қолайлы. Мен бұл арада Кеңестерге қарсы шығайын деп отырған жоқпын. Жалпы Кеңес деген үғым сүйегімізге сіңіп кеткен нәрсе ғой. Әйтпесе, түптің түбінде нарықтық қатынастар ел басқарудың бұл үлгісін ығыстырып шығаруы мүмкін. Ондай жағдайда муниципалитет болуы керек шығар, мысалы, қалада, ауданда халық сайлаған депутаттар 25-30-дан аспауга тиіс. Ал облыстарда әрі кетсе 40-тың төнірегінде болғаны жөн. Олар негізінен ауданның, қаланың, облыстың бюджетін бекітеді. Ал әкім сол алқалы органның төрағасына емес, тікелей өзіне есеп беріп отыруы ләзім. Муниципалитет әкімге қатысты өз ойларын Президенттің алдына қойып отырады. Яғни әкім жұмысының барысынан объективті хабар береді. Егер әкіміміздің жұмысы қанағаттанғысыз болса, онда муниципалитеттегі дауыстың үштен екі бөлігін жинай отырып, олар әкімді қызметтен кетіру жөнінде мәселе көтеруге болады. Осының өзі әкімде шексіз биліктің жоқтығын байқатса керек. Сонда бұдан шығатын қорытынды – аудандағы басшылықтың пирамидасында әкім тұрады да, қалған тармақтары аудандық биліктің тұтастығына, бірізділігіне қызмет ететін болады.

Қазақстан үшін облыстарғы, аудандағы ең жоғарғы басшы әкім болғаны ыңғайлы. Біріншіден, әкім Кеңеске есеп беріп отыrsa, екіншіден, оны Президент тағайындаса тиімді. Жоғарғы Кеңес осы мәселені тез арада шешіп бергені жөн болар еді.

**Н. Оразалин:**

